

Ж. Махметов

# Дала комисары

Роман



Астана 2018

Ж. Махметов

# Дала комисары

Роман

ББК 84. Кав – 7-44  
С.80

Ж. Махметов  
С 80. Дала Комисары, роман. Астана 2018  
ISBN 9965-18-004-0

С.4703010100-5  
00(05)-02  
1ISBN 9965-18-004-0

ББК 84.КАЗ 7-44  
Ж. Махметов 2018

## I ТАРАУ

Ананың зарлы дауысы, шағын ауылдың ауласын алып, жиналған жұрт «дүр» сілкінді. Таң жаңа атып, жарық сәуле жер бетіне түсе бастады. Серкенің ойран салғаны, жалғыз бұл емес, тобылғы сапты өткір шыбыртқымен жоннан, Жарқынды ат бауырына алып, ұрып соғып әкеліп, үй маңына тастағанын анасы аңғармады.

Талықсыған Жарқыннан біраз қан кетіп, бойы бой аудай сау жері жоқ жаралы болып, тұра алмай жатып қалды. Көршісі бірден байқап қалып, ішінен «бұл иттің мезгілсіз ат үстінде бойбарлауын» бірден аңғарып, жағалай маңайды бақылап, ыңырысып жатқан Жарқынды көріп, ыршып түсті.

Бір сұмдықтың болғанын біліп, Жарқынды жалма-жан көтеріп алып, үйіне әкелді. Алаңдап отырған анасы Нұрбала қарсы жүріп, жалғызының боюдай аққан қанын көріп, есі шығып, дауыс қылумен құшақтай берді. Құдай төбеңнен ұрсын Серке!-деп қарғап, даладағы көкті жұлып «осы уақытқа жеткізбегір, көктей жұлын» деумен өзегін басқандай болды. Әпсәтте жиналған жұрт, жас баланың ауыр жарасын көріп жағасын ұстады. Енді мұнда қалуға болмайды, бала өз-өзіне келсе, кетуі керек!-десті.

Әлден соң есін жинаған Жарқын: Апа! Қарным ашты, «бір үзім нан» берші!-деді. Үйде нан да жоқ, сасқалақтаған анасы, қойдың сүтінен жасаған ірімшігін баласының аузына тоса берді. Көршісі үйінен «бір үзім нан» әкеліп, Жарқынның қолына ұстата берді. Қарны ашқан Жарқын, нанды көптен көрмеген «апыл-құпыл» асаумен, ірімшікті жеп, сүт ішіп әлденгендей болып, орнынан тұра берді.

Бұғындағы шалбарыда жыртық, балағының боршасы шыққан, көйлегіде дал-дал, қамшының ізі жыртығынан көрініп, қанталап кеткен, жалаң аяқ-жалаң бас, қозы бағып таңмен ерте тұрып-кеш жатып, соңында жүріп, күн өткізген, сондада «қозыны жамыратып жібердің деп» таяққа жығып, ат бауырына салып айдағаны есінен кетпеді. Көршілері мен жиналған жұрт «пұл жинап беріп» үйлеріне тарасты.

Жарқын анасын Алтынға тапсырып, ертемен кетуге бел буды. Таң жаңа атып, қараңғылық әлі тарқамаған, уақыт болатын. Анасын ойатып, бірге шай ішіп, барлы-жоқты киімін киіп, ауылдан шыққан бойы қара жолға, бет алды. Аспанды ала бұлт басқан, ай сәулесі көрінер емес. Маңайда тыныш, жол үстінде жүргіншіде көрінбейді. Жарқын жасынан ақылды, ауыл мектебін өте жақсыға бітірген, қолынан кітабы түспейтін, көп оқығысы келіп, ұзақ кешті өткізетін.

Жарқын ауылдан ұзай берді, жарық күн, жаңа ғана сәулесін шаша бергенде, шыдай алмаған ананың зарлы дауысы, жол шетіндегі үйлердің адамдары боюдай болып жылаған түрін көріп, аяушылық танытып жерден көтеріп, сүйемелдеумен тоқтау айтып «бар көмегін беруге уәде» етіп, үйіне әкеліп кіргізді. Осыдан бірер жыл бұрын, қыста малды қарамадың деп, күйеуін соққыға жығып, Серкенің қолынан өлген еді. Ол ешкімге аяушылық танытып көрген емес, бай Мырзахмет-Қараға қалай жағынарын білмей, аюандықпен ісін асырып, сенімді оң қолы болып, дәрежелі аттаққа мәз болып, бүкіл малында осының қарауына сеніп тапсырған!-десті.

Ол өте бай, бұл төңіректе Мырзахмет-Қараға ешкім жете алмады, сонау Сармойын қопасынан басталып, Қызбелдің қырат-дөңесіне дейін өрбіген мал, кең жайлымның бәрі соның меншігінде болды, патшаның заманында «мақтауын асырып-жаманын жасырып» жүрген майталманның өзі болатын, кедей сорлының бақытын үзіп, өмірін өшіргеннің бірі еді. Уақыт қана емдейтін ұзап барып айығатын, әзірше үзілмес шер Жарқынның бойынан кетер емес. Ауырған жері, жол үстінде, денесінің күшін ала берді.

Жас жігіт оған мойыған емес, тек анасының дағыдыры не болатынын, ойынан кетпес уайым болып қала берді, амалы болмады, әйтпесе бір күні әкесі құсап, өлім кешуі әптен еді. Бойына бар күш жігерін жинап алып, тез қадамдап, жол үстімен, екпіндеп келеді. Жарық сәулесін берген күнде, шығып жаз маусымын бастағандай, маңайды жылылыққа бөлеп, шалқыған дала төсіде кең аймаққа бөлене түскендей. Көк майса жол шетін алып жатқан, толқынды бидайық дала гүлімен жарыса өскен.

Алыстан мұнартқан «Көк биенің» таулы биігі елес беріп, көз тартып қояды. Буылдыр тартқан, көкалдыр жалпақ далада, ұзарып барып, таулы биікке жалғаса түскен, ұзарған сағымда сол толқынның буылдыр мүсінін жасап, алысты жақындатып қояды. Көгілдір аспан күмбезі, баю желдің толқынымен, жарық нұрын шашқандай дала келбетімен сұлулана түскен. Қырқабак асуларыда артта қалып, Жарқынның алдындағы сайраған жолыда ашылып, бәрі ұмытылғандай жетелеумен, көңілді қиғаға апарып тастағандай сезінді, алып ұшқан жүрегіде, ой арманына бір сәт оралғандай, елітіп қояды, сол толқын Жарқын үшін керек еді.

Жолшыбай ұшқан құстарда, әсем ауаның қош иісімен, сұлу табиғаттың келбетін көрсетіп, ерсіл-қарсыл ұшқандай кейіп танытып, қоштасқан болып қала берді, қанатын жайып анасына сәлем жеткізгендей, рай танытып «қош» айтысады. Түс ауа бергенде, сол мұнартқан «Көк бие» торабына кіре берді. Осы жерде «төрт түліктің» торабы атанған, жүргіншілерде қалаға ағылатын.

Жарқын осы жерді бұрын естіп, есіне ала түсті. Үсті басын шаң басқан, қалпын көрсетпеу үшін, таса жерге барып, бойын қалыпқа келтіріп, анасының берген тамағын жеп, аздап қоңданып алған соң, жанындағы үлкен үйге кіруге бет түзеді. Алаң толған көлік, ат арба мен өгіз жеккендерде осы жерге аялдаған. Жарқын іштей қуанып, жолым болғандай ілесіп біреуімен кетемін деп,- болжам жасады. Сол ойымен ішке кіре берді. Үй ішінде топтасқан оншақты адамдар, алдарында жерге төселген дастархан, астауға салынған етті, жаңа ғана ала бергенде, Жарқынды көріп, бірден тамаққа шақырды. Жарқынға дастархан шетінен орын беріп, ішінде үлкен қариясы бар, бірге ас ішіп әлденіп, тойып алды. Қария жөн сұрап, танысқан соң, қалаға бірге алып кетуге уәде етті.

Жарқын жолаушылар жүргенше, біраз ұйықтап, демін алды, ол елең-алаңда ертемен ауылынан шыққаннан бері тізе бүкпеген еді, Серкенің таяғынан бойында жаза алмай «ауыр күрсінүмен» білдірмеске тырысты «жігіттің басынан нелер өтпес» деген ұғыммен өз-өзін тежеумен бекіді. Алтынның Жарқын десе жаны жоқ, шешесін жалғыз тастамасқа «уайым – қайғымен» қан жұтып отырғанын, қиып кетпеді, сол үйде болды. Үйіне барып ақылдасып, бірге үйіне көшіріп алу, Алтынның ойынан шықпады. Сол бетімен үйіне келіп «жалғыз ананың аюшылығын» сөз етіп анасына жеткізді.

Анасы қарсы болмады Жарқын оралғанша осында болуға келісіп, көшіріп алды. Кетерінде Алтынға бар сырын айтып, өмірлік жары болатындығын сездірген еді. Жарқынның сұлу жүзіне ғашық болған, Алтынның берген уәдесі «мәңгілікке арнаған кестелі орамалы» адал өмірінің айнымас серті болып Жарқын жүрегінен орын алды.

Алтынның сұлу келбеті, қою қара шашы, аппақ бет ажары, үстіне киген қызыл көйлегі денесіне жарасып «сұлу бейнесін» жаңа ашқандай Жарқынды уайымдап аман-сау барғанын қалап, тебіреніп қояды. Бар арманы Жарқынға берген уәдесін орындауға бекініп «анасының күтімін» бұлжытпай жанын салумен болды. Ауыл шетінде, үлкен алаңға тартқан қой желісі, өрістен құлаған қой табынын желіге қосақтап, қойдың сүтін саууға, Алтынның күн сайынғы әдеті, үйіне сүтті ұрлап жасырып әкеліп, анасына ірімшік-ежгей мен айран ұйытып, күтумен жүрді.

Серке сезіп қалса қамшысын жүгіртіп, тас-талқан етуге дайын тұрды. Оның көзінің қарасы алыстан шалып, ақырып барлы дауысымен ауыл шетіне дейін естілетін. Шойын қара түсі, қабағынан қар жауып, баттиып отырған ат үстінен бір сәт түскен емес «қолындағы қаруымен» нұсқау беріп, маңайына еш жанды жолатпайтын.

Сармойын көлі. Қалың өскен қамыс, жиекті қоршап алыс шетке созылған. Көл жағасында тігілген, қоңыр кигіз үйлер кабаттасып шоғырланған. Туырлықтары әптан тозған, жамаумен құралып, кедей сорлының лашығы болып бекіген. Қыр дөңесте алты қанат ақ үйдің тізбегі жатыр. Онда жаз бойы Мырзахмет-Қараның өзі шабармандарымен сол аймаққа орналасқан, ішінде Серкенінде үйі бар!- деседі. Қызылды-жасыл киінген қыз-келіншектерде, сол ауылдың маңында, қонақ күтумен, ойын-сауық базарын жасаумен жүр.

#### Қоңыр үй. Шаруа басы.

Дамылсыз мал соңында, ішерге асыда жоқ, сорлы өмір кешкен, кедейдің үйі, от басы. Сары далада күн өткізген, оралуға дәрмені жоқ, сорлының күні құрсын. Жарқында осы ауылда өсті, әкесіне жәрдемші болып, барлық бейнетті өз мойына алып, мойымады. Тірескен бай шонжарлары, малын бақтырып, бүкіл мал қыстағында осыларға жүктеген, шөп шабу, қой қырку, өріске шығарып, жайлымды жерлерге айлап жіберуге, мақсат тұтты. Қарсы тұрса, ай өзгеріп, күн тұтылатынын білді. Бар пәледен қашып, «бір үзім нан» үшін өмірін пида етіп, күнкөрісін байыптап, ыстыққа күйіп, суыққа тоңып, от басын сақтауға тырысып бақты, алғаны көк тиынға тұрмады.

Барар жер, басар тауы болмаған соң, байдың қол шоқпарына бағынуға тура келді. Жел тұрса жыртықтан кеулеген, өткір жел күз бойы мазамызды алып, тоңумен түндер өткізген күндерді, ұмытпақ емес. Қалай ғана бұл өмірдің қаталдығы, елді-мекенді жайлап, аздыруға бет ұстады, жарық сәуле көрінбестей «мәңгілікке» кеткендей болды. Бірақ ең ауыр тиген бір соққы, есінен кетпестей қорлау салған, бір дерт: «Біз –бай ауылымыз, сен-күнге лайық кедейсің. Бұл аталы, ордалы ауыл!-дегені өңменіңнен өтіп кетті.

Сен оның малшысы мен құл аулынан шыққан, қоңсы-қолаңсың. Жолың жіңішке болып, жүрісің жалынышты болсын. Басыңды төмен салып жүр. Үнің шықпасын. Ол саған асқандық болады. Сен ие болатын теңдік емес!» дегендері. Соншалық әділетсіз, тоңмойын, қыңыр зорлықтың күшін сезіп, кедей тобы ыза болу мен тынды.

Ожар, кесек сөздер өңменінен өтіп, Серке сыяқтыларды түтіп жеуге, оңаша да болғанын қалап жүрді, ашуы басылып, шыдамы таусылғандай болды. Тағыда қара жол, Жарқын жолаушының ішінен, өзін көрсетіп, білімді кісі құсаған, үстінеде тәуір киімдері бар, сөз әлпеті, өзі оқыған кітаптың ішіндегі басты «геройы» сыяқты, адамды ұқсатып, қасына барып танысқысы келіп, сөз тастады: Ағай айып болмаса, қай жаққа жүргелі тұрсыз!-деді.

Кішіпейілдік танытып: Мен Алматыға барамын, бір шаруамен келіп қалып едім, жолымыз түссе осы көліктің біреуіне іліксек екен!-деді қолын беріп. Жарқын жасынан өткір, әрбір адамның тілін тауып, әңгімеге ұйытып әкететін.

Сол қалпы: Менің атым Жарқын байдың қол астында қозы бағып, оқуға бет алғаным еді!-деді. Әлгі кісі, бірден назарын Жарқынға аударып: Менің атым Жанат, мұғаліммін, гимназияда сабақ беремін!-деді. Жолымыз бір екен, оқуға түсуге менде сол Алматыға бет алып келемін!-деді Жанатқа жақындай түсіп, қуанғандай көңілі жаңа ашылып, жақынырақ танысып алуға, бойын бұра бастады.

Ауыл мектебін бітіріп, оқуға ынтасы бар екенін, сездіріп әңгіме барысында айтып үлгірді. Жанатқа бірден ұнаған жас жігіттің зор болашағы бар екенін аңғарып, Алматыға жеткеннен соң, бар көмегін беруге сөз берді. Жарқын өзінің басынан өткен, ауыр соққыларды сөз етіп, әкесін сол зұлымның өлтіргенін жеткізді. Естіген Жанат: Ел ішіндегі сұрапыл заманның орын алып, халыққа зорлық-зомбылық көрсетіп отырған, зұлымдардың ісі емес пе?!-деді.

## ІІ ТАРАУ

Әлден соң қария отырған, көлік қозғалысы бет түзей бастады, арбаға отырыңдар деген қария сөзі, бірден екеумізді мінгізіп алып қара жол бағытымен, тор қасқа желіп бақты. Қамшы салғызар емес, жеңіл қарындаш арбаны алып ұшып, шаң боратып артқа тастап отырды. Табан тірескен жол беті, қатып қалған тақыршақ құсап, доңғалақтың сатыры, дүркіреген күннің келбетін жасап, зырғумен отырды.

Сағымданған дала жазығы алыс жоталармен ұштасып, қыр-дөңестерді алыстан елестетіп қояды. Бидайық басқан бұл өңірдің жайлымы мол, қалың шөп бетін жел толқытып, көк дарияның құпиясын ашқандай, сұлу табиғаттың бейнесін жасап келеді. Жарқын да өзіне сенімді ағасын тапқан, қуанышы арба үстінде бойын билеген жүрек соғысы, көңілді түрге енгелі ажарыда жақсарып, ойлы қабағы ашыла түскен. Шағын ауылдар жол бойында қалып, жүргіншілер біршама тізбектеліп жүріп келеді.

Мұнартқан қалың ағаштарда, алыстан көз тартып, көгілдір аспан күмбезімен жалғасқандай көк жалақ бейнесімен сағымданып барып, асау толқынды өзеннің арнасын жасап, қатты желдің соғысымен ұшар басы, құлап барып қайтадан орнына түскендей болады. Бұлда бір табиғаттың тосыны еді. Жауын болмағалы біраз болды. Жерде жарылып, көлдегі суда тартыла



бастаған. Бірақ жайлым әзірше өңін бермей, сол қалпын сақтап қала берді. Құлазыған дала өңірі, енді жауын жаумаса, өзгеріп сары түзге айналуы әпден. Қалаға қатынаста азайған. Малмен күн көріп отырған қалың қазақ, нанға зәру болып отырсада, сырттан келетін бидайды тосумен отыруға бейімделген, бірақ келетін үмітте үзіліп «бір үзім нанға» зәру екендігін есіне алған Жарқын заманның құлдырап кетіп бара жатқанын, өзінің оқыған кітабындағы, басты тұлғалардың заман тартысынан ажал құшқанын есіне алды.

Олар шын Большевиктер, ержүрек қазақ даласына, бостандық іздеген аяулы жандар болатын, сол үшін патша зорлығына қарсы тұрып, аюандық істерін бетіне басты, тірі қалғандарын байлап –матап Сибирьге жер аударды. Жарқын бойын кең салып, арба үстінде талай ойға шомумен, туып өскен жерін есіне ала берді, ұмытылмас шер болып, әкесінің өлімі, жалғыз шешесінің ауыр жағыдайы, ойламасқа қоймады.....

Сондағы шақтары жетелеумен болды. Оңаша ауыл, кішігірім ел адамдары. Жапа үйлер, сыртының балшығы құлап, жерге шөккен әйнектері, есіктің көсігі маңдайына тиіп, әрең дегенде үйден шығып, дала жұмысымен, мал соңында кете бардың.... Көк шығысымен қоңыр кигіз үйлерін қамдап, жайлымнан орын тебуді, асыққан кедей көшіп барып, жамау лашығын пана етіп, шаңырағын көтеріп, көл бойына қондыратын.

Жайлауға шығып, бойынан ауыр жүк түскендей, дала өмірі сыйға толы болды. Бұл күнде, көк шығып, жым-жырт құлазыған далада, ұмыт қалған бір өмір-бір шоғыр ғана тірліктей. Өмір-барлықтың азғантай белгісіндей. Айнала қыбыр етпес, мәңгі үн қатпас иен дала. Ол үнсіз даланың ертегісіндей болып, шыны емес, бұлдыр мұнар ертегісіндей болып, ашық ыстық күнде, бұлаң-бұлаң етіп, буалдыр ойнап тұратын, көк сағымы бар. Қазірде Жарқын ойына алған ауылы, жазық дала төсінде, сол көк сағымда, алыстан көздің нұрын алып, елестейді.

Сар даланы, «меңіреу, есіз жапан түз, құла түз» дегізбей, тірлікке, ғажайып заттарға толтырады. Жұмбақ жан иелеріне толы деп танытқандай. Жоқтан жұбаныш, алданыш тудырады. Біресе, кейбір кара шоғыр, жерден үзіліп, жұмырланып, көк аспанда бар тіршілік еткендей. Мал ма, әлде қараған шенгел ма? Аса бір көп шашыранды шоғырлар, сол алыс көк тұманды көк жиек ішінде, ерсілі-қарсы ұйтқи жүреді. Бұлаң салып, қараушыны өзіне тартып, «мұнды-мұңдалып» өзіне шақырғандай. Дамылсыз қоймастан қайталап шақырумен болды. «Үміт-сағым қуған қиялдай деген осы-ау! Дәл соның көзге көрінген, ойнымалы, айнымалы кескіні-ау!»-дейді Жарқын.

Елсіз жапанда жалғыз қалған жанның, сол жалғыздығымен қалған жанның, анасының уайымымен топшылайды. Бірақ бұл жолы, осынау жалған дүние ішінде, елсіз дала арасында, жалғыз ауыл қалған –өзінің кішкене ауылы, сүйген қызы Алтынды ойлайды, оның әрбір сөзі құлағында жатталып, есіне алып, сағынып қояды. Жол бойына ұзарып өскен, сар селеу соққан жел астында, тынымсыз қозғалады.

Күміс толқын бетіндей болып, кейде жылтырай түсіп, сәл сыбырлап қана, болымсыз жыбыр қағады. Көзге ілінер-ілінбес жиі толқын. Жана жібек жүзіндей, үнемі тынымсыз құбылған, сар даланың жүзі жатыр. Көктемде жасыл желек, көк шашақ атқан ойпатта, көк жасылға бойалған қыратта, әсем көрністің бейнесін жасап, байыптайды. Сеңіп қалған өңірді жаңартып, әліде тірлік-өмір барлығын тұтатып, өшпестігін бір шама бейнелеумен дәлелдейді. Алыстан қоңыр тартқан үйлері, күйбеңдеген адамдар өз тіршілігін жолаң етіп, жүдеушілік пен жетімсіреп күн кешуі байқалады.

Азып-тозып, күң болған өмірдің қашанғы құлдығы болғаны, аюлы адамдарды есіне алып көз алдына бір сәт елестетіп, топшылап қояды. Иен дүние, тұл дүние сырына бой ұрасың, шынайы жалғыздықты қатты ойлатады. Ол жалғыздықты Жарқын осы орыннан аса бір терең, өткір түрде таныды. Жүрегін шанышқандай, қатты сезінді. Ондағы ауылын, барлық жандарын тағы да аяп, асығып кетті.

Арба үстінде Жарқын бір талай ыстық сезімдерін қорытады. «Осындай иен, елсіз сахараны», мекен еткен қазақ халқының көрнегі жүдеу ғой! Үлкен есіз дүние ішінде, анадай аз ауыл, шарасыз жалғаз-жалғыз ауыл болып отырғаны мынау. Қазіргі байдың жайлаған жерінің бәрі осы, көшпелі болып жайлым қуалаған, ел аз, иесіздік мол. Іргелі мекен, өнерлі шаһар жоқ. Кең дастарханға шашып тастаған бір-екі уыс бауырсақтай шашылған панасыз ел!-деп сөзін түйіндеді. Тағыда бақа тірес, жанжалдың ортасында жүрген, Жарқын кешкілік үйіне қайтып келе бергенде, көрші кигіз үйден шу шығып, арпалыс үстінде болған Сүндет қолына жұмыр шоқпар алып ұмтылған беті, ат үстіндегі зор денелі Серкенің қақ жаурыннан беріп жерге құлатып түсірді.

Сүндет қарулы жігіт, екі иғына екі кісі мінгендей, асау тайыншалардың басын бұрап тастап, жалғыз өзі соя беретін. Қойдың сүтін көріп қалған анасының соңынан қуа түсіп: Шық бермен, атаңелет сүтті қайтар тезірек, әйтпесе ұлпа-отаныңмен құртамын!-деп Серке шаңыраққа арқанды іліп, кигіз үйді құлатуға, атының құйрығына байлап тарта бергенде, Сүндеттің осында тұратынын байқамай қалды. Есер соқтың үстіне мініп алып, тамағынан қылқындырып, жерге сылық еткізді. Айғайды естіген шабарман көмекшілері

келіп ара түсіп, жерден Серкені көтеріп, сүйемелдеп алып жөнелді. Ызаға булыққан сол жердегі Сүндеттің көршілері, түгедей дүрлігіп, түн бойына ұйықтамады «қалың қол» келіп қалса аюшылық жасамайтынын, біліп бақты. Жарқын барлығын жинап алып, қолдарына қару алып дайын тұруды ескертті. Қаншама кедей сорлыларды жапа шектіріп, өліммен аяқталғанын сөз етіп, аяанбасқа бекінді. Қашанғы жырттық –жамауда отырамыз, жонға барып жайылған отардағы қойлардың жүнін қырқып, Сүндет пен топ құрып, әкеліп әйелдерге кигіз бастырып, жанартқанымыз дұрыс, әйтпесе от басымыз тоңып-жаурап береке болмайды!-деді Жарқын.

Бәріде шуласып қолдай түсті. Өте дұрыс шешім!-деді Сүндет орнынан атып тұрып. Ертеңіне қырықтықты дайындап, үш-төртке бөлініп, қырқуға кірісіп кетті. Бірден бес-алты қапшықты жинап алып, екі-үш үйге жетерлік кигіз басуға жиналғандар күн сайын дайын етіп отырды.

Сол жердегі лашықтары өзгеріп әсем үйдің, түрін байыптады, көңілдері өсіп, жылы орынға орнықты. Серке содан бері, ауылға жоламай, алыстан бұйрық жасап, бірлі-жарым адамдарға оңашада тізесін батырып, аюандығын тастамады. «Бір үзім нан» кедей сорлының аузына жетпеді, аспандағы ай құсап, алынбас қамал болып, қала берді. Қой сауып, жалғыз сиырдың сүтін ішіп, өлмес күнін кешкен қара халық, байдың малын бағуды тоқтатпады. Кешкілік кез, жершақ басында, құрт қайнатып, сүт пісіріп, ірімшік жасаумен жүрген әйелдердің қарасы толастамаған. Жарқын екі-үш жолдасын ертіп алып, Сүндет пен Ғайшаны оңаша тастап кетті.

Сол кеште, түстей таза тұнық кеште ән салып, келе жатып жарық ай алдынан тұрып, біріне-бірінің үнін ғана қоспай, жас жарастық нұрын да, балқытып қосқан шақта, Ғайша үнсіз, тілсіз ашық жалынмен, кеп Сүндетті құшақтады. Өмірі көп жанға жауап, жалын атпаған, Ғайша бұл сәтте Сүндеттің мойнына, өзінің әжімсіз ақ саусақ, ақ білегін арттыда, соншалық ыстық ернімен, өзгеше жабыса сүйді. Сол кеште жарық айлы, сыр бөлісіп, аяңмен ақырын басып, жылжи берді.

Екі жастың жақындасуынан, жалынды денесі құрғамады, елти түсті. Өмірдің қиындық өткелі бөгеп, тағыдыр салмағының астын да, қатар келе жатқан екеуі, біріне-бірі ашыла алмай, іштерін толық тани алмай үздігеді... Екеуінде де күрсінуге соққан ыстық толқын, жан толқыны бар. Жігіт қуатын алған, тынысын буған, бар сүлдерін әкеткен осы құдырет, салмағы әннен ғана көмегін алғандай. Екеуі де өздерінен бұрын, өткен құмар, құштар жандардың әндерін соншалық, жібек талдай жіңішке сырға жеткізіп, ерекше дауыспен айтады. Кешке лебіздері, қосылумен қатар, жақындай түсіп,

иықтары түйісіп келеді. Маңайға келген, әлі толып жетпеген, жана айдың жарығына, екеуінің ақ сұр, ақ қызыл сұлу жүздері жарқырайды. Ғайшаның құлағындағы сырғасы да, күмістей ай сәулесімен қоса жарқырап, шағылсады. Ғайша бойындағы көйлегі асыл матадан тігіліп, құндыз бөркі де басына жарасып, ерекше болып мүсінді келбетімен бейне тартқан.

Алып ұшқан жас жүрегі, дамылсыз аландаумен Сүндет бойындағы сүйіспеншілікті байқап, қалып қызулы денесін білдірмеске тырысып бақты. Сүндет көңілді жігіт, жан сөзімен көп ұйытып, қыздың асыл денесін өзіне тартып, жақындай берді. Асау толқынды қыз мінезінде, жақын сырдың сұлулық бейнесін көрсетіп, алып-ұшып қояды. Ғайшада балғын жас, Алтын мен бірге оқып, ауыл мектебін бітірген. Сүндеттің ойлы сөзіне құлақ асып, бар арман сырын айтуға бекініп, жігіт көңілін ала берді.

Қою тартқан қара қасы, мөлдір көзінің сұлу бет бейнесімен, жарық сәуленің сығалап бұлт арасынан көрініп қалғанда, ажарын ашқан үлбіреген беті, еріксіз Сүндетті өзіне тарта берді. Жігіт жүзінде тамаша, ажарлы келбеті, ат жақты ақшыл бет бейнесі, ұстамды денесімен, шыныққан бойыда, бірден қыз назарын өзіне қаратты. Келе жатып аялдаған қыздың денесін мол құшағына алып, аққудай аппақ тамағынан сүйіп, мауқын басып қояды. Қызда кетер болмады, мойнына қайта-қайта оралып, жұмсақ ернін жігіт жүзіне ұмсына берді.

Жарқын Сүндетті жақсы көріп, қыз арасындағы жақындықты сезетін. Алтынға да айтып, мақтауын асырып Сүндеттің бойындағы адамгершілігін сөз етіп, жеткізген. Алтынның құрбысы адал жар болуға лайық деп, тұжырым жасаған Жарқынның қостаған сөзі Сүндеттің ойынан шығып жүрді. Жарқын бөлме ішінде отырып, жүйіткіген паровоздың, тау бөктерін басып, кең жазық дала төсіне құлаш ұрып, ойына алған сол бір сәттерді, есіне түсіреді.

Ойламасқа болмас, жары Алтынның сол шағын өз ауылында қалғанын, әлде бір ой мазалап, тыныштығын алып қояды, нағыз сүйіспеншілік Сүндет пен Ғайша арасындағы «ғашықтықты» айтып баян еткендей күрсінеді, біз неге Алтын екуміз сондай болмағанына қатты күйінеді, бірақ уақыттың тарлығы, кездесуге келтірмеді. Жұпар иісі аңқыған сар дала өңірі алыстан көз тартып, табиғат әсемдігімен кең алқаптың жүзіне әсін-әсін назар салумен, терезеден қарап біраз отырды. Алыстан жарыса түскен өзен алқабыда, қоюлы көмкерген орманды ағашыман, алысты барлап қояды. Жалпақ өзен, жарқыраған күмістей болып, елес береді, көк аймақтың күмбезімен тілдескендей дала бейнесі күрт өзгеріп, сағымды алқаптың желдің бағытынан

тыныс алғандай сезініп қояды. Таулы бөктерде, асыл мұрадай, тас мүсіні алып жатқан тік жардың қабағынан білесің. Үйдей тас, өңірдің жаңа бөлшегі құсап тұтасып жатыр. Орманды ағашта дала кемесімен жарысып, аспан күмбезінен нәр алғандай, биік өскен бұлтпен жарысып аспан әлемін көгілдір алқапқа бояғандай нәр тартады. Жарқын осының бәрін ой өзегінен өткізіп, Алтынын еске алып, сұлу жүзіне қараумен, бәрінде соған ұқсатады. Кім ойлаған жалғыз жетім бала, оқу іздеп Алматыға жол тартқан. Арманы да өз бақытын тауып, жалған дүниенің есігінде, тебкіде жүрмеуге, батылдық танытып, оқып білім алуға ұмтылғаны да сол еді.

Сол арманы жетелеп жол жүруге бет бұрды. Аласапыран заман тәлкегі, кедей жұртты, тас түйіндей етіп, тұғырыққа тіреді. Кетер жері құтылар күші сарқылып амалы таусылып, дұшпан қолында болып «бір үзім нан» үшін өз өмірін сарып еткен қара қазақ, байдың жалшысы болып күн өткізіп, жауыр-жапанды арқалап, тағыдырын өшірумен тынды. Алар еңбегі еш болды, сарқылмас күн мұнартып, ұзаққа байлап күн етті, табылмас күнде жоғалып, сәулесін күткен халықта налып қажыды, дала тұманы басып, оजारлар нанша иледі, есі кетіп, құр кеудесінде жаны қалды.

### ІІІ ТАРАУ

Масайраған Серкенің күні онынан туып, асыл дүниенің әлемін билеген патшаның жарлығымен өмір сүрді, суайт өңірдің қажымас қайрат өзегінің өкіліне айналды. Жарқын бір сәт ойын тежеумен, біраз жүріп Алматыға келіп кірді. Алатау асқар шың басында, ақ қар сұлу бейнесін жерге түсіріп, құлап аққан бұлақ сарқырамасы, жиекте толған қалың ағаш орманды алқап пен гүлге оранған келбетін беріп, қаланы әсемдеп, сұлу табиғаты ешбір әлемде кездестіре алмайтындай құлпыра түскен.

Жарқын бұрын көрмеген, бәріне де аң-таң, қараумен қайран қалғандай сезініп қояды, бұлда көшпенді қазақ жерінің бір бөлігі деп ұғынды. Жарқын өз бойындағы киімге, ұялып жамау шалбары мен ескі көйлегі, аяғындағы башмағы, анасының ескі машының қойыншысын жұлып тастап, аяғына басын сұға салған, қалпымен Жаннаттың соңына еріп, Тастақ жақтаға бір бөлмелі үйіне келіп кірді. Қарсы алған жұбайы мен кішкентай сәбиі, күлімсіреп төрді нұсқады. Мен де батылдық танытып, жамау киіммен төрге шыға бердім. Тамақ ішіп жайласқан соң Жанат: Бұл қала, ертең гимназияға барасың, бұл қалпың мен ұят, менің мынау шалбарым мен көйлегімді ки, аяғыңа жеңіл батіңкесін шешіп, кигізді. Танымастай өзгеріп шыға келдім, менде қаланың қазағы құсап, Жаннаттың соңынан еріп гимназияға жол тарттық. Екі қабат үй, қызыл кірпіштен өрнектеліп жасалған, кең залымен

бірден көп есікті бөлмелерімен, әсем ғимраттың іші, назарымды бірден өзіне аударып, Жанаттың арқасын да бақытым ашылғанын сезіндім. Мені көп ұзатпай оқуға қабылдап, жатаханадан орын беріп, инженерлік бөлімге түстің деп, хабарын жеткізді. Қуанышымда шек болмады, тек көзге көрінген Жанатты құшақтап, қуанғаннан көзіме жас алып «алғысымды» айтып үлгірдім.. Бұл менің тұңғыш рет, өмірге қадам басып, жолым ашылғаны еді. Жанатты сендіріп, мен жақсы оқитын боламын, сенің маған жасаған жақсылығыңды, оқумен қайтарамын!-деп сендірдім.

Жарқын орналасып алған соң, өзіне сенімді жігіттер мен танысып «оқу залында» бірге сабаққа дайындалып, жақсы оқи бастады. Кешкілік кітапханада жиі болып, орыс жазушылары: Чернышевскийдің, Лермонтовтың, Лев Толстойдың, Салтыков-Щедриннің кітаптарын оқып «революция-большевиктік жолын» іздеді, орысша тез үйреніп «ораторлық» сөз байламы қалыптаса бастады.

Жиындарда сөз сөйлеп, қалың жұртты өзіне қаратты. Гимназия жиналысында да, Жарқын бірінші сөз алып, өзінің ойын жеткізе білді, жолдастарының алдын да беделі өсіп, жастар ұйымының хатшысы етіп сайлады. Жарқын жасырын партия ұйымын іздеді, ешкімге айтпауға уәде етіп, қаланың ең шетіндегі, екі қабат үйдің подвалына орналасқан, бөлмені тапты. Кешкілік ізін білдірмей, шыққан беті, қараңғы түсісімен, үйдің жанына барып, келген топты күтті. Сол топқа ілесіп, ішке кірді. Шағын екі-үш бөлме, кең залында орта жас шамасы стол басында, жиналған қағаздарды оқып, залдағы адамдарға қарап қояды. Менде қысылып қалай бастарымды білмей, алаңдап отырмын. Әлден соң бөтен адам екенімді біліп қалып: Сіз кімсің?, қайдан келдің?, қандай оймен келдің?-деп сұрақтың астына ала бастады.

Мен саспадым, атып тұрып, өзімді таныстырдымда: Большевиктік партияның мүшесі болғым келеді, Ауыр жапа шегіп отырған Сармойын-Торғай өңіріндегі кедей халықтты, сол азаптан құтқарғым келеді, менің өзімде сол байдың қол шоқпарларынан таяқ жеп, өлім қалымнан әрең дегенде, қашып құтылып, Алматыға келіп, гимназияға оқуға түстім, жастар ұйымын басқарамын!-деді. Орысшаға жетік сөйлеген сөзінен бірден аңғарып, төрдегі партия жетекшісі: Біз сені қабылдаймыз, бірақ осындағы завод пен фабрика адамдарымен астұртын жұмыс жүргізіп, қарулы көтеріліске дайындау керек, олардың қолдарында қарулы мылтығы болу шарт, әйтпесе патша солдаттары қырып салуы әптен, сондықтан осыған төзіп, партияның тапсырмасын орындауға, қалтқысыз орындауға «Ант» бересің, содан кейін

іскерлігіңе қарай, партия мүшесіне аламыз!-деді Машеров өзін таныстырып. Оның әрбір сөзі Жарқынға бірден ұнады, кедей баласы күткен жарық сәуле - қазақ жері, өзі өскен «азапты аймақ» түгелдей бақытты өмірге қолы жетіп, дархан даланы аңсаған бүкіл халық «қуанары» сөзсіз, олар өмір бойы іздеді, теңдікті іздеді, сол теңдік алыс емес, Машеровтың айтқанының- бәрі дұрыс «күн туып жарық сәулесін, қазақ жеріне шашқалы тұр!» деп сендірді, жиналғандар орындарынан тұрып, партиялық өлеңмен тарқасты. Жарқынның аңсаған арманы да осы еді, білімді азамат болып, тау мен тасты қақ жарып, шығатындай талбы, өмір жолына құлаш ұрды.

Машеров шақырып алып маңызды істі тапсыруға, хабар етті. Жарқынның лаулаған бойындағы күш қуаты, қандай іс болса да дайын тұрды. Орысшаға шешендік танытып, өзі оқыған кітаптардан мысал келтіріп, сөз сөйлеп, отырған партия мүшелерінің назарын өзіне аударып, өмір үшін арпалыстың «жаңа кезеңі» деген тақырыпта баяндама жасап, күрестің айқын жолдарының «шартты-картасын» жария етті. Машеров бірден қолдап: Барлығында осындай берік бағыт ұстап, «революциялық айқын жолдың бағытын нұсқап» бүкіл халықты соңымыздан ертетін, халық үкіметі-кедей шаруаның үкіметі екендігін жеткізе білу-негізгі мақсатымызда сол, соны орындау қасықтай қанымыз қалғанша, күресе білу патшалық езуден бір жола құтылу, мәңгілік құтылу, бүгінгі партия талабыда осы болатын «айнымас серт», болып жүректеріңде сақталатын болсын!-деді партия жетекшісі, революция басшысы.

Жарқынның алғашқы партия тапсырмасы, қаланың халық көп топтасқан заводында жасырын жұмысшыларын жинап, сөз сөйлеп «революциялық» қарулы төңкеріске дайындық жасауды жеткізіп, барлығына да мылтықты тез арада емденуге, құр алақан қанды қырғынның жемтігі болмауын ескертуге бағыт ұстап, кешке жасырын үлкен бөлме ішіне, ескерусіз подвалға жинады. Жас жігіт, жалын құшқан Жарқын бірден сөз алып: Менің келген міндетім, партияның тапсырмасын орындауға, бұлжытпай орындауға, сіздерді жинағаным «қарулы төңкеріске дайын ету еді» бүкіл Россия, Қазақстан жерінде «халық үкіметі, кедей-шаруаның үкіметі орнамақ, большевиктердің көсемі Ленин бастаған, партия тобы Лениннің Филяндия жерінен келуін күтуде, жарық сәуле, бақытты күн алыс емес, сіздерге бір айтатыным барлығыңның қолдарыңда мылтық болатын болсын, қару «революцияны қорғайтын» болуы керек!-деді Жарқын өзінің ораторлық сөзімен қарапайым жұмыскерлерге жеткізді.

Қол соққан халық, екі-үш күнде дайын етуге сөз берді. Көңілдерінде бақыт құсы орнағандай, завод жұмысшылары, Жарқынды қошеметпен шығарып салды. Завод жұмысшылары жатпады, күндіз-түні, кешкілік қалып, мылтықты көптеп істеп, басқа ұйымдарға таратты, бәріде «партиялық секретте» болды. Машеров Жарқынды шақырып алып, кезекті партия жиналысына дайындалып келуді, партияға алынатындығын сөз етті.

Партия жиналысы айтылған күні жиналып, Жарқынды партия қатарына қабылдады, оған маңызды шешуші жұмыстарды тапсырды. Барлығында уақытын да орындап, партия сеніміне кірді. Машеровпен бірге жүріп, жасырын жиындар өткізіп, бүкіл халықты «қарулы төңкеріс» күні шығуға шақырып, бір ауыздан қолдайтындығын сездірді «қасықтай қаны қалғанша» күресіп патша шонжарларын құртуға бекінді.

Жарқын айнымас мақсат талабын, күн сайын өсіріп, нағыз большевик болып көрінді, оның айтқан сөздері, жиында сөйлеген сөздері, партиялық ісімен бекіді. Қалың жұрт алдында «шешендік» танытып, барлығының назарын өзіне аударып, күйзелген ауыл қазағын сөз етіп, аянышты қалін жекізіп сөйледі: Байдың қол шоқпарлары, ұрып –соғып малын бақтырып «күн» етіп, ішерге тамағы жоқ «бір үзім нан» бермей зорлық-зомбылықтың күйін кешуде, төзе алмағандары, қайтыс болып өмірмен мәңгілікке қоштасқанын көзіміз көрді!-деп Жарқын өз сөзінде, әсіресе Сармойын өңірінде, кең жалпақ даланың Торғай жерімен жалғасқан, патша байларының қалың ордасы, сол аймақты мекендеген!-деумен аяқтады.

Қатысқан Машеров: Жарқынның болашағы бар «қазақтың революциянері» деп атады. Жарқын сабағын жақсы оқып, оқу озаты атанды, жолдастарын да ұмытпады, бар көмегін аямады. Кешкілік кез, кітапхана залы. Жарқын кезекті партия жиналысына дайындалып, революциянер Чернышевскийдің іс тәжірибесімен, онда сөйлеген жалынды сөздерін ойына тоқып, білмейтін көп жұмыстың қыр-сырымен танысып, сол ойларын баян етіп, өзінің партиялық жұмысымен байланыстырып сөйлеуге дайын тұрды.

Машеровта Жарқынды қолдап, жиналыс сайын сөз беріп, тамаша жалында ойларын тыңдауды қалайтын, тыңдап қана қоймай партиялық тапсырмаларды жүктеп, орындалуын талап ететін. Жарқынның алғырлығын білген қалың жұрт, барлық партияның күн тәртібін Жарқынсыз өткізбеуге қалып ұстады. Машеровтың жауапты хатшысы болды. Күн сайын кітапхана залында, кезекті партия жиналысына дайындық жасап, ойлы істерге көз жүгіртіп, орыс революциясының тәжірибесімен алмасып, баян етуді жөн көрді. Машеров партия мүшелерін тез жинап алып: Паша құлады,



жақтастарымен ұсталып Сибирьге жер аударды, Ленин совет үкімітін жария етті, бүкіл завод, фабрика, техника, жер, семена, мал кедей шаруаның қолына өтті!-деді. Бәріде қуанды Ура! Ура! Ура! лап, шапкісін жоғары атып, партиялық ұран тастап, бүкіл халықты «Революцияға шақырды» патша губернаторын орнынан тайдырып, бостандыққа ие болды. Жарқынның елінен еш хабар болмады, бірақ уайым үстінде болды, жары мен туған шешесін ойлаумен, болып жатқан жағыдайдан елі бей хабар еді. Алтын ат арба тауып алып, көрші ауылдағы, Жарқынның нағашыларына, анасын апарып, орналастыруға, ертемен жолға шықты. Жақын болғанмен, ат арбаға едәуір жер, Алтынның үйінде біраз болған соң, туыстарымен хабарласып, Жарқыны келгенше, сонда болуға, ыңғай танытты. Бірақ Алтын Жарқынды жоқтатқан жоқ, ас-үстіне түсіп, туған анасындай күтумен болды.

Нұрбалада Алтынды жақсы көріп, туған қызындай жақсы көріп, өзінің келіншек болып түскендегі алтын сақинасын, Алтынның қолына салды: «Бұл мәңгілік менің құлынымның жан жолдасы» сондықтан Алтын келініме берген, ескерткішім еді!-деді Нұрбола Алтынның бетінен сүйіп, қолына тақты. Туыстары қарсы алып, Жарқын оқуын бітіріп келгенше, осында болуын қалады. Алтын шаруаға өте пысық, атты өзі жегіп, талай жиындарға салт мініп алып бара беретін. Даңғыл жол, сай бойымен жарыса біткен талды бұта ағаштары, жазық дала мен жалғасын тапқан. Сағым ораған кең алқаптың, бидайық шөбі, желдің соғысымен жиі толқынды басынан өткізіп, алысты болжайды. Бораған шаң да арба соғысынан бұрқырап барып басылғандай болады. Аттың дүбірі толассыз, дөңес бойымен, жүріп келеді.

Бұрынғы көгал шөптерде, сарғая түскен, айналада сұрғылт тартқан, бейнесін беріп, сарғылт күзенге ұласқан. Сылдырама бұлақта, дыбысын жасырып, ескерусіз қалған, жыраға айналған. Күздің бұл кереметі, солыған жапырақты, қызыл-сары түске бояп, жас келіннің көйлегіндей, әсемдеп барып, сұлулық денесін, жібектей созып, алыстан мұнартады. Сол түске де көз салып, Алтын әлде бір ойға кеткендей, табиғат әлеміне көз жүгіртіп қояды. Құбағайлы шөлайт басқан жер ма дерсің, алыс жотаның, шыңырау түбінде естілер емес.

Жөн сұраған жолаушы да, білгісі келіп, бұл төңіректі байқаған. Қыста көзі қыраулы, аңның мекені еткен, бөрте дөңестің ұзаққа созылған қалың жотасы да, ордалы ұяның барын білген. Байдың малы сол жотаға жоламай, қыңырау тартқан қалпымен, жазық даланың ұйысқан шөбін жеп, жемтік болғысы келмеген. Осының бәрін сараптап, Алтын ауыл ішіне, атын бұрып кіре берді. Алыстан бірден көз салып, Ғайшаның үйінің маңында толған

аттыларды байқап қалып, атының басын жалт бұрды. Денесін қорқыныш бийлеген қалпымен, құрбысы Ғайшаның дағыдыры қыл үстінде тұрғанын бірден сезді.... Арбадан қалай түскенінде білмей, бойы дірілдеп, бір сұмдқтың болғанын бірден аңғарды. Ғайша! Ғайша! деуге шамасы келмей, сыбырлап сөйлеп, қорқыныштан дауысы да шықпай қалды. Жүгіріп үй іші түгел, Алтынды сүйемелдеп, ішке кіргізіп, бөлмеге апарып жатқызды. Анасы шошып: Алтын саған не болды? Біреу ұрып әкеп тастады ма? Айтшы?-деп өтініп сұрай берді.

Әлден соң есін жинаған Алтын: Анасына, сен далаға шығып Ғайшаның үйіне қарашы, қаптаған атты адамдар, қосақтаған табын жылқы, үйді қоршаған қарақшылар, ерсіл-қарсыл жүрістері дамыл табалар емес!- деді. Анасы далаға жүгіре шығып, Ғайшаның үйіне көз салып қараса, маңайы толған аттылар, шуласқан адамдардың дауысы, бүкіл ауылға естіліп, дүрліктіріп әкетіп бара жатқандай, құбылысты бірден аңғарды.

Түсі бұзылып анасы недеп айтарын білмей, сасқалақтап сөзін жоғалтып алып: Енді қайттық!- Ғайшадан мәңгілік айырлып, қаламыз-ау, деумен қайталай берді. Ғайшаның ауызға ілігіп, жақсы қыз екенін қалаған құдалар сау етіп, келгені бүгін-ақ еді. Шағын ауылға көшкен ел құсап, қосақтаулы табын жылқысын да ала келіпті. Базарлы бастаған, Сыр бойындағы, Жәрменке деген, алпыстың қыратына шығып қатын іздеп, бар малымен төсек жаңартуға бекінген, екі әйелдің күйеуі шалдығына қарамай, жас иісті арман еткен, күпше сақалды, солпаң ерін, тыртық иемденген мандайында мені бар, шашы түсіп, қасқа басқа айналған кескінсіз адамның өзі еді, бірақ малының көптігі, ірке басып бой бермеген.

Базарлы сөз бастап, бұрын-соңды танып қойғандай әріден орап, қыз әкесі Жоламан біраз үнсіз отырып, тыңдаумен болды. Жоламан Байдың сол жердегі Мырзахмет-Қараның жылқысын бағып, қалың суық аяздарда, өзінің қайраттылығымен аман қалып, талай соқпақтарды басынан өткізгеннің бірі болатын. Көп сөзге жоқ, тоқ етерін бірақ айтып, дұшпанын алысқа жібермей тоқтататын.

Базарлы төр бөлмеге еркіндеп шешініп алып, жалаң шапанымен, ерніне насыбайын атып алып: Ұзақ сөздің нұсқасы, атамыз қазақ ежелден қызға құда тісіп, бауыр басқан ел емеспе едік, бүгінде сол елдің тіршілік қылған айтулы азаматы сіздерге күйеу болып, қалың малымен бет түзеп, қызыңыздың қолын сұрағалы келдік, әзірше бір үйір жылқымен «құда жолын» салып келдік!- деді. Жұрт құсап, құр қол келуге дәтіміз бармады!- десті қасындағылар қостап. Аталы сөз ар-намыстың иесі, қызым әлі жас жаңа

ғана ауыл мектебін бітірген еді, ондай ой, біздің түсімізгеде кірген емес, қиалдап сөйлеп, қытымыр мінезінді көрсететін болсандар, ешкімдіде аямаймын, ақылды сөйлеп, адалдық қалыппен отырғандарың дұрыс!-деді Жоламан. Базарлы сөзін байыптап: Мен қаншама жерлерге барып, өзіндей ел азаматтарымен ортақ тіл тауып, қыз беру бәтуасына көндіріп, екі жақты шаңырақтың келісімін жасап, қуанышқа ортақтасқанның бірі мен едім, бар ойымда созылған әңгіменің түйінін шешіп, талай жолға шығарып салған сыйлы құданың, өзі деп, атандым!-деді байыппен, далаға көз салып. Далада ат тұяғының жүрісі, дамылсыз үйге естіліп, жендеттер қоршап алғанға ұқсайды, қыбыр етпес ешбір жан үйге кіре алмады. Көрші біткен, тек ауласыннан қарап, екі күн бойы бас сұқпады.

Базарлының бұйрығын күтті. Айтыс әліде өріс алып, қыз әкесін көндіруге әрекет жасаумен, арам пиғылдың ісіне басты, майдалап сөйлеп «Қыз дауына» көшті. Қашанғы қызынды күйеуге бермей, үйінде сақтап отырасың дегенге басты. Көрші бөлмеде жылаған дауыста естіліп, көзіне жас алып, егілген әйелі Сақыш: Кім көрген мұндай сұмдықты, қызымды малға сатып, зорлық пен шал қойына қатынғып салып, көзіміздің тірісінде, ондай болғанша біздің өлгеніміз дұрыс!-деп құдаларға ауыз салды. Жоламан не істерін білмей састы. Сақыш тез киініп шықтыда, бүкіл көршілерін шақырып, оншақты еркек әйелдерімен келіп, құдалар отырған жерге жайғасты.

Тағыда сөз бастаған Базарлы: Сіздердің келгендерің дұрыс болды, әділдік сын айтып, шаруа басы қызға құда түсіп, аралас осындай ел болуға, елдің сіздер сыяқты көршісі болғаны қандай жақсы, ақылдасып шешер ойда, «қыз алысып, қыз берісер», біздің жаққада барып, ата-жұрт дәстірін жалғайтын енді мына сендер!-деді Базарлы сыпайлық көрсетіп. Жоқ! Біз олай істей алмаймыз, сендер сыяқты «қалың малымыз» жоқ, әрине бай болғансоң «еріккеннің есегін мініп» ел аралап жүргендерің «ақылсыз ақымақтың» ісі емеспе? Сендердіде сол елдің азаматы, деп айтады-ау, кенедей жабысып, болмайтын іске қолқа салу кімге керек, айтындаршы өздерің!-деді Жақсыбай қарт, Базарлыға қарап жаратпайтын қалпын танытып, ала көзімен бір шолып өтті.

Өңменінен қадалған оқтай болып, Базарлы айтарға сөз дәлелін таба алмай, қызара бөртіп, маңдайынан шыпшыған терді сүртіп, отырып қалды. Жоламан да бірден риза болып, Жақсыбайдың сөзі, бірден көңілін көтеіп, қостағанын білді, ол енді жалғыз емесігін сезді. Барымта жасап, орынсыз сөз саясы Базарлы жағынан естіле қоймады, тек ой үстінде, сол бетімен жалғыз өзі орнынан тұрып далаға бет түзеді. Біраздан кейін оралған Базарлы, қандай

ой барын, арамдықтың сарынын жасағысы келдіма, түбегейлі сөздің сырына бармай, катулы жүзін көрсетіп, қабағы қақ айрылғандай түрі қашып кеткен қалыппен отыра кетті. Түсі суық тәрізді. Жақсыбай қарт : Сөз бастап өзің айт, екі тізгін бір шылбыр өзіңнің қолында, келген шаруаң мен кетер тізгінің, қоламсаға еріксіз қол салғызбай, шешімін мынау отырған, қосшыларыңмен ойласып шешкендерің дұрыс, қапасыз қалған ел шекпесін, панасы жоқ деп жұрт көз жасын төкпесін, билік айтып ұйысқан жердің мазасын алмай «ойыс» басып оппыға жығылма деген сөз сарабын ойыңа сақтағаның дұрыс!- деді. Базарлының көңілі қобалжу, қысылу болғандықтан, оның түсі, далаға шығып келгеннен бері, сұр тартып, бетінің әжімі жыбырлап, тишымай отырды.

Әлден соң, тізесімен шоқиып отырып, басына тақиясын киіп: Маңайда тұрған бір үйір жылқыны, албарға кіргізіп алғандарың орынды болар еді, әкелген малды қайтып әкету, ырымға жаман, иек қағып ұлықсат еткендерің орынды емес пе? Судыңда сұрауы бар деген, ішінде ең бір қасиетті жылқы «күрең айғыр» соны әдейі мінсіндеп, келерде ұйғарып едік, сол жылқыны барып өз қолыңа табыстауға «рұхсат» ет!- деді Базарлы, далаға шығуға бет алып, тағыда орныннан тұрып есікке қарай жылжи түсті. Жоламан сен барма, әуелі мен өзім сынап көргенім дұрыс!- деді Жақсыбай орнынан қоса тұрып, базарлының соңынан ілесті. -Базарлы шалыға кіргізіп, топтаған жылқының қасына келіп: -Көрсетіңдер, күрең айғырды!- деді. Өне тұр!- деп шеткерек тұрған күренді нұсқады.

#### IV ТАРАУ

Айтса айтқандай екен, батпандай аяқ алысы, жүйріктің нағыз тұқымы, бойы салмақтанып, қалың жауырыны қоса біткен, денелі келген ұшқыр мал екенін бірден сынаған Жақсыбайдың көңілінен шықты. Жылқылары сайдауыттай ешкім сөггер емес, кең албар ішіне қамалған жылқы, ыстық күннің сәулесімен бой таласа алмай, булығып барып, бір-біріне жанаса түсіп, мойнын төмен салып, ыстығын басқандай болады. Осыны бірден байқаған, Базарлы өзен жағасына апарып, көлеңке жерге иіруді тапсырды. Бірге үйге кіріп тағыда сөз айтысын бастап, «қыз дауын» жалғастыра түсті. Екі жағыда шаршауды білмеді, келісімге келе алмады, сөздері тұйықталып, ашыған іркіттің сабасындай ұйыспады.

Жылқының таңдау осы болды, соны өзің мініп ұста, бар шаруанды істеуге дайын деп, ықылас білдірді, табыс етуге Жоламанға бетін бұрып, күмістен өрнек жасалған жүгенін ұсынды. Жоламан қолына ұстады да, жанына қоя салды. Үй іші қапа болғандай, ыстық алып, үстеріндегі киімдерін

шешіп, алдарына қойды. Базарлы орнынан қозғала беріп: Жақсыбай мырза! Сен қалай қарайсың, қыздың өзін шақырып, бір ауыз сөз сұрасақ болама? Жоламан Жақсыбайдың жүзіне қарады да, ынғай бергендей, сезініп барып, айтуға шығып кетті. Ғайша өте пысық, ақылды сөзін ешкімге жібере қоймас!-деп, анасы тұжырымдады. Сол-ақ екен төр бөлменің есігін ашып, ішке кіре берді. Ғайша өте көрікті, сұлу айтулы қыз болатын. Үстіне көк көйлегімен желеткесін киіп, өрулі шашын артына түсіріп, аппақ кескінімен, жарқырап шыға келді. Бәріде аң-таң мұндай сұлу қыз деп ешкім ойламаған.

Бәріде сөз айтуға бөгеліп, естері кеткендей болып асып-састы. Базарлы сөз бастап, насыбайын ерніне салып алды да: Ғайша шырақ! Біздің келуімізді байқаған шығарсың, мынау оң жағымдағы күйеу, төсек жаңартып, осы елмен құда боламын деп, болмаған соң сапар шегіп, қалың малымыздың бастамасын тарту етіп, сенің өз қолыңды сұрауға келген бетіміз, бүгін үшінші күнге аяқ бастық, сондықтан өзінді көріп, келісіміңді күткен едік, бір шешімін өзің айт!-деді.

Базарлы-аға! Менің өз теңім бар, малға сатылатын мен емес, оқып білім алғым келеді, екі-үшкінен бері, әкемді қинап, оның не жазығы бар, анау отырған күйеу сымаққа, осыншама жерден ат терлетіп келгенше, неге өз қызыңызды бермедің, әкелген бір үйір жылқы өзіңнің байлығың болып, қалар еді, жақын жерден төсек жаңарту тіптен оңай, әзірге жаңа үкіметтің қолына түспей тұрғанда, жолдарыңды тап, әйтпесе кеш болып, өкініп жүретін боласыңдар!-деп есікті тырыс жауып шешесімен бірге шығып кетті. Екі жақ қайтадан сөз түйістірер сәті туды. Қызбалық күшіне мендеген Базарлы, ойсыз қылықтың бетін ашуға дайын тұрды. Өзі тағыда «қыз жасауына» малдың біразын айдатып әкеліп, шағын ауыл Сарымойынға шұбатты, ойында не мақсаты бар, Базарлы өзі билеп төселіп қалған «алаяқтың» өзі болатын.

Осылай біраз жерді сайран етіп, бір бергенді-екі бердім деп, төпшілеп ырқына көндіруді әдет қылған. «Алтынды көрсе-жолдан таяды, айналып келіп қолыңа қонады» дегенді ұстап ойынан шығармады, іс-қимылының бәрін, соған бағыттап, басын айналдырып алуды құп еткен. Жылқының саудайттарын көрсетіп, ауыл адамдарын қызықтырып, естерін алды, шіркін осыдан бір-бір ат мінсеңдер, шаруаларың дөңгеленіп, алға басатындарың, қасиетті малдың жолы болатынын ескертті. Аңқау халық сол сөзіне табынып, табынның маңайынан шықпай біраз тұрып, әңгіме басын, қайта қоздырып, Базарлының сөзіне құлақ түрді. Оның жылпос, байлықтың жолын мәз етіп, дуалы сөзіне сеніп қалғандар болды. Бірақ Жақсыбай сөз саласын екшелеп, әбден қызуы басылғанша, үндемей отырып, сарылғанша бір ауыз

тіл қатпады. Әр сөзіне байыппен қараған, қасындағы қосшылары Базарлы дұрыс айтады!-деумен, қостап отырды. Қыздың айтқан ауыр сөзін, месе тұтпай заман тәлкегінен еш хабарының жоқтығын, айтып жұртты дуалап, бетін басқа жаққа бұруды жөн көріп, қаншама әкеліп беріп тастағанын, мақтан етіп, күйеудің байлығын, қыз жолына шашуды қалады. Бала-шаға көп болса, сол байлық емес пе?-деумен болды, олда құдайдың бергені «әке ұрпағының жалғасы» мал бүгін барда ертең жоқ, адам өмірдің айнасы болып «мәңгілікке» ұрпақ шашып, ел бірлігін сақтайтын болады. Сол бірлік бүгін керек, мынау отырған екі жаққа керек, ұрпақ жалғастырар азаматтар керек, әйтпесе қазақ баласы қалай туып, қайдан туып, өскенін білмесе кең дүниенің өзгеріп, ата дәстүрін жалғайтын кім болады, соны білу сендерге шарт.

Қыз жолы жіңішке болған мен, ол ертең біреудің адамы, келер ұрпақтың анасы, күйеу өзін ұстап сыпайлық танытып, көп сөйлемей, адал ниеттің адамы, тұқымы жаман болмаған, айтулы азаматтар дүниеге келген, соның бірі осы, қызға жеке отау дайындап, ешбір заттың жоқтығын тартпайтын етіп, киім-кешек, сырғалы белбеуге дейін, алтындатып алты канат ақ отаудың ішін үлде-бүлдеге орағанның өзі, араб кілемдерін тұстарына ұстап, қыз киетін киімдерді асыл құндыз жағалы киімдер мен отау қабырғасын толтырды, бұлда болса, қызға деген шынайы сүйіспеншілігі болмақ!-деді Базарлы орамалымен терін сүртіп, біраз уаждың сөзін сарқып, айтқандай болды, естіген құлақ онша мән бермеді. Жақсыбай айтылған сөзге дән бермей, керегенің жыртық жамауындай, айтылған сөз, айтылған жерде қалғанын сөз етіп, бәтуа жоқтығын, бетіне басуға ыңғай тартты, Жоламанда әкелген малды ұнатпай, албарын тез босатудың қалпын ұстады.

Базарлы суық қабақ танытып, бергенін айтып: «құда жолы», «қыз жасауы» бәрін бердік-біз өзіміздің қалауымызды жасадық, айланы асырар бізде жоқ, адал ниеттің өзі болдық, алып қашар- зорлық қылар біз емес, екі жақтың келісімі шешіп-пішер мына өздерің «ара қатынасы-екі елдің бұзылмаса екен» десендер «қыз қолын беріп, мына күйеуге ұстатындар», бар шаруаның тетігі шешілді, - деп қуанар едік!-деді Базарлы. Сол келісімді біз енді қыздың өз аузынан сұрап біліп, басын бір сұғар деп, қолымды келіп алар деп, үміттеніп отырмын!-деді күйеу.

Арқа түскен пәлесін жасырмайды деген, ол өз сүйгенін тастап қалай келсін. Қамыққан қыз, уайым басқан келбетіде өзгеріп, мөлдір көзінің айналасы жылаудан ісіп, бойаудай болған көз жасы бетін жуып, қайғылы мұңмен үйінен шыға алмады. Сыртағылар қоршап, Алтында келе алмай қамықты, құрбысын қимай, бір жаманға кетсе өмірі өш болып, сүйгеніне

косыла алмай, қайранда қалатынын сезді. «Денемді шал сипаған, құрт жесіндеп, жартастан қыз құлапты терең суға» деп айтумен өмірден өткен Сара қыздың, қалдырған әнін есіне алып, қамықты араша тұрар ешкімде жоқ, шағын ауыл, бала-шаға... Базарлы осыны сезіп өз өкпендігін жүргізіп отырғаны да сондықтан. Зұлымдықты ойлап, дамылсыз жылқыларын сылтау етіп, сыртқа шығып, қызды зорлықпен алып қашуға жоспар құрып, кешкілік дайын тұруға бұйрық етті, табынды қалдырмауды тапсырды. Аңқау елге-арамза молда деген, сұрқит жолын іздеп, қызды шал қойнына апарып салып, бар байлығын күйеудің өзі алуға, Базарлы әрекет жасаудың жолын іздеді.

Күйеуде: қойныма Ғайшаны апарып салсаңдар болды, осы табынды жолыңа байладым!-деді. Базарлының да күткені осы еді, күйеудің айтқан жасырын сөзі, делебесін қоздырып, алынбаған байлыққа масаттанып, көпшіліктің сөзін құлағына да ілмеді, қарулы жігіттерді маңайына топтастырып, үй маңында ұстады, қыздың қашып кетпеуін қадағалап, тұруды қатаң тапсырды. Олар ешкімді үй маңына жолатпай, қамшысын үйіріп, сарт-сұрт еткізіп, қорқытумен болды.

Күн қарайып, күн ұясына бата бастады. Аласұрған Базарлы, адамдары мен далаға шығып, байлаулы аттарының жанына бара түсіп, аңдысқан қарақшыларға иек қақты. Екі-үшеуі, тобымен кіріп, шал –кемпірді бөлек бөлмеге қамап тастап, қыз бөлмесіне кіріп, Ғайшаның қолын артына қайрып, текеметке орап дыбысын шығармай, есік алдындағы күрең айғырдың, үстіне көлденең салып, қарулы қол үйді тастап, жондағы қара жолға түсіп алып, ауылына бет түзеді.

Базарлы бастаған топ, өзен жағасында тығылып, көзге көрінбей «істің мәнін байқап» білгеннен соң, қыз соңынан ере түсті. Көз көрінбес, қараңғы тек жол бағытын бағыдарлап, қызды алып қашып келе жатқан аттылар жүрісі, өте шапшаң. Бұлар сонау Батбақара бағытындағы Тасты ауылы, қыраттарды басып, жазық даланың сайраған қара жолы, сол ауылға барып тіреледі. Күйеуде көңілді жолы болғандай, Базарлыны мақтап, кереметтігін айтып, қасындағыларға жеткізді.

Бұлардың артынан айдаған табында, кісінеген жылқының тобыры қалатын емес, үйренген жеріне өздері бастап, шауып отырды. Дауысқып жылаған анасының зарын естіген жұрт жиналып, Ғайшаның қолды болғанын естіп «дүр» сілкінді. Жақсыбайда кейістік танытып: Бұл атаңағалаттардың бұлай болатынын, сөзінен байқаған едім, кетеміз деген соң бізде, үй жағына тарқасқан едік, әйтпесе артын күту керек еді!-деп қынжылып барып отыра кетті. Сол кезде қалың жұрт арасына, Алтын мен Сүндет келіп кірді.

Ғайша жоқ! Ғайша жоқ! Базарлы бастаған қалың топ, байлап-матап атқа өңгеріп алып қашты!-десті. Алтын құрбысынан айрылып, қалғанын біліп «бақырып» жылып қоя берді: енді қайттық Ғайшаны кім құтқарады, «бірдеңе ойластырыңдар» деп сауал тастады. Естіген жұрт арасынан ешкім шыға қоймады, олар қарулы қол, бәрімізді де ұрып-соғып, жарақат етуге дайын тұрған көкжал емес пе? Ауылда қарсы тұрар адам бар ма, жоқ болған соң басынып істегені ғой!-деп тұжырымдады.

Жылаумен таркаскан жұрт, алаңдау мен болды, тағы да келуі мүмкін «дәндеген қасқыр» құсап, шағын қорғансыз ауыл екенін біліп, қыздарынан қорқып үйінен шығармады. Кеш оралған Алтын үйіне келіп болған істі баян етті, қатты уайымдап көзіне жас алып, қайғырумен жатып қалды. Алтын ертемен тұрып, анасымен ақылдасып, Алматыға кетуге бел буды, оқуға түсіп Жарқынмен бірге болуды қалады. Анасы да қарсы болмады, жалғыз қызынан Ғайша сыяқты айырлып қалам ба, деп қорықты. Алтын тағыда ат арба сұрап алып, Сүндет пен келісіп, темір жол станциясына жеткізіп салуды өтінді. Сүндет таң бозара Алтынды ат арбаға отырғызып, ауылдан шыға беріс қара жолмен, ызғып отырды.

Айнала өскен қалың бидайық, салқын жел толқынымен қозғалып қояды. Бұрқыраған шаңда, дала желімен басылғандай болып, сағым тартқан көк жиек алыстан мұнартып, жаңа ғана жарық сәулесін шашқан аспанда, көгілдір қалпын сақтап, даланың таза ауасын жібергендей, көңіліңді оятып қояды. Алыстан көрінген, жалаң ағаштар, әр жерде сирек тартып, майсалы желмен бірге қозғалады. Жазық дала төсінің қойнауы толған дала гүлі, әсемдеп барып сан түрлі түске бояған. Сұлу табиғаттың келбетін байқаған Алтын көзін алмай, арба үстінде ұзақ қараумен отыра берді.

Бір сәт есіне алып Ғайша құрбысының шалға кетіп өмірі өш болғанын, азаппен күн кешетінін ойлаумен болды. Егер ол болғанда бірге Алматыға оқуға баратын едік деп, қояды. Амал барма, құдайдың жазбағаны, жолымыз болмағаны!-деп қынжылады. Қара жол, өзен жағасы мен жол тартып келеді. Асау толқын, кең арнасын, қамысты жиектен көрсетіп қояды.

Желде күшейіп дамыл таппай өзен бетін, шалып өтіп, толқынын биікке шығарып, жар жағасын соғумен әлек. Құмырсқадай тырысқан шорағай үйректе, су толқынымен бірге қозғалып, жағадағы қамыстан қоректік жеп, сүңгіп қояды. Қаптаған үйректің мекені деп қаласың. Аласа біткен талда жиек қуалап, өзен сағасын алысқа шұбалтқандай, ұзаққа созылған. Сыбызғы қобыздың үні ма дерсің, қамыстың сылдыры да, жел бағытымен қоса қозғалады. Мөлдір тартқан бұлақта көрінбейді, әйтпесе су алып, шөлімізді



басқан болар едік. Көз салып едік, ештеңеде байқалмады. Тек ауылдан алып шыққан тамағымызды жеп, көңілімізді орнықтырдық. Жарқынға пісіріп біраз ет алып шыққанмын, ол аулдың тамағын сағынып жүргенін білемін, келген бетте қалай хабарласып, тауып аларымды білмеймін, бірақ соңғы хатын да үйінің адресін жазыпты. Барғансоң көлік жалдап, тауып алармын деп, ой қорытты.

Сен пысық едің ғой, жасыңнан ат құлағында ойнайтын едің, барғансоң, қайтсеңде іздеп тауып алып, менің сәлемімді жеткіз!-деді Сүндет. Алтын жол қысқарсын деп, сағыныш өлеңін айтып, толқып отырды, кейде көзіне жас алып Ғайшаны ойлап, қапыда кеткенін айтып, мойыды.

Шыжып тұрған ыстықта, Алтынның түрі ақшыл тартып, әлде бір нәрсеге елендеумен жұқара түседі. Не болғанын да? Қалай табан астын да? Алып кетуі, бойына аяныш сезім туғызып, екі көзінен жас іркіліп барып, тас түйіндей болып, көз алдында тұрып қалды. Шарасынан шығып көздері үлкен тартып, мойыншақтай болып, денесіне тамшылай берді. Көңілі босап, Алтында үн шықпай отырып, қобалжыған жүзінің бір қызарып, бір көкшіл қан ойнап шығып, талықсығандай сұп-сұр болып кетеді.

Дауысы да қарлығып, не бір сұмдықтың шарасындай, уайым билеген бойы, қайта-қайта ұйумен арба үстінде, бүктеліп отыра берді. Жапан түз, жол үсті, ат жүрісі алып ұшып, екпіндеп жүріп келеді. Боз тартқан дала өңіріде сағымданып, көзінді алып, алыс мекендерді бұлдырлатып, жасауратып, Ғайшаның сол бір сәттерін есіне түсіріп, ымдасып сөйлескендей елес қылдады. Басқа жер, басқа мекен, бөтен адамдар, аюлы қызды, жазықсыз қызды ортаға алып, жеке бөлмеде шалдың сұқ қолына ілігіп, қыз абыройын кетірді ма? -депте ойға алады.

Қара сұр-қан ішер аюандардың бұл ісі, жат бауырға жатпайтын зұлымдық ісі, қалыптасқан кәрі-құртандардың, уақытша біткен байлығына масаттанып, ел жағалап, тәуір қыздарға құда түсіп, өзінің «түр – бейнесіне» қарамай, кәріліктің «шандыры» шыққан қылығын жасырып, шошандап көрініп, шоқиып қалғанын білмейді. Опасыз қылығын жасап, алып қашқаны, жібектей сұлу құрбысының, қалай шал қойына жатқанын, күшпен алып, денесін бой-бой еткендей, құбылысын, қиалмен ойлап кетіп, жоқ олай емес Ғайша жаны шыққанша берілмеуге тиіс, оның қайраты, бітіп отырған құртаңға әптан жетеді!-деп сөзін түйіндеді. Ғайша бейнесі бойынан кетпеді, өткен самал желдей, қайта есіліп ойына орала берді.

Амал құрыды, қайран қылар күш кетті, соңынан барар ешкім болмады, қалың қолсыз, жалғыздықты өлтіріп тастауына бар, бекінген қулар, бұл бір емес талайдың, көз жасын арқалап, арманда кеткен қыздар қаншама, шалдың «тоқалы» болып күн кешіп, күндікпен өксімен «жылайды». Темір жол станциясына да келіп қалдық, үлкен салынған ғимрат, маңайы толған адам, Алтын таңырқап, бірінші көруі, шағын ауылдан шықпаған, алып ұшқан жүрегі батылы бармай арбадан әрең түсіп, ішке кіруге Сүндет екеуі беттей берді. Жапырлаған жұрттан сұрап, қасының кезегінде тұрып Алматыға әрең деген де билет алды, бір сағаттан кейін жүретіндігін хабар етті.

## V ТАРАУ

Сүндет атын шалдырып, тасаға байлап, Алтынды вагонға мінгізуге, ауыр жүктерін арқалап, келетін жағын күтті. Әлден соң иректелген соңында вагоны бар, қара бура құсап, парып бұрқыратып, ысқырумен тоқтағанын көрген Алтын шошып: «бұл не пәле?» мен ешқайда бармаймын, барсаң өзің бар!-деп денесі дірілдеп, кекештеніп сөйлей алмай, орнында қозғалмастан тұрып қалды. Сүндет асығып: Тез Алтын қорықпа, қалып қойасың, қазір ішке кіргеннен соң қорқынышың басылады!-деп қолынан ұстап жетектеп, жүгімен вагонның ішіне кіргізіп жайғастырды, қасындағы көрші кемпір-шалға тапсырып, Сүндет сәттілік жол тілеп, қала берді.

Бірнеше күн жол жүріп, Алматыға да келді. Жарқынды табу керек, тұрған көшесін сұрап, көлік жалдаумен үйіне жетті. Екі қабат кірпіштен салынған бірнеше терезесі бар, ұзын үй. Әлден соң ойланбастан есігін тарсылдатып, тұрып қалды, ішінен егіде әйел шығып: Жарқын бұл үйде қазір тұрмайды, басқа жерден «орталықтағы үкімет үйінен» екі-үш бөлмелі пәтер алдым, ауылдан сүйген жарым мен анамды алғызамын!-деп айтқан еді, Алтынды бірден үйіне кіргізіп, жайғастырды.

Жарқынға қазір телефон соғамын, осына келеді!-деді. Алтынның көңілі жібіп, сағынышын жеткізуге асығып, жүрек соғысы дамылсыз терезеден қайта-қайта қараумен болды. Телефоннан естіген бойы, Алтынның қалай келгеніне таңырқап, сенер-сенбесін білмей, берші өзіне!-деді жұлып алғандай. Ало! Ало! Алтын сенбісің жаным, қорықпай қалай келдің? Сені әйдік сағындым! Қазір жетемін!-деді. Менде сағындым, бар өмірімді саған беруге келдім, сенің қасыңда «мәңгілік» болуға келдім!-деді Алтын қуана түсіп. Жолдан шаршап келдің, мен шай жасап қойдым, жуынып алған соң Жарқын келгенше шай ішейік!-деп үй иесі күтумен болды.

Алтын: қазір Жарқын келгеннен соң, ішшек қалай қарайсыз, ауылдан әкелген піскен еттен, Жарқын екеуің жеңіздер!-деп әкеліп столдың үстіне қойды. Астында машинасы бар, шоферімен келіп, есік алдына тоқтай берді, ішінен қара былғары коженка киген, басында, қара былғары қалпақ, сұлу тартқан жүзімен жүгіре басып ішке кірді, алдынан қарсы шыққан Алтынды бірден құшақтап сүйіп, көтеріп алып, төрге беттеді.

Жұптары жазылмай біраз құшақтасып, Жарқын қайта-қайта сүйумен баурына тартып, бойынан жібермей, құшақтасумен Алтыннан қолын алмай «жаным» деген сөздерді қайталаумен, Жарқын қойнынан шығармады, Алтын да сүйген жарын қос қолымен мойнына оралып, «Арманым!», «Ақылым!», «Асылым!», «Өмірім!» деумен сұлу бет ажарын Жарқынның әдемі келбетімен беттесе түсті, біразға дейін, жеке бөлмеде, көп жылдан бергі сағынышын басқандай болды.

Үй иесі шайға шақырып, құшақтасқан бойы қатар отырып, Алтын өзінің үйден пісіріп әкелген бағылан етін алдына қойып, Жарқынның үйдің тамағын сағынғанын біліп: «енді ылғида өзім осындай ет пісіріп» күтетін боламын!-деді. Расында! өте дәмді, шіркін ауылдың тамағын-ай, кеткелі жеп отырғаным!-деді Жарқын жарының сұлу жүзінен сүйіп. Шай ішіп болған соң, бар жүгін алып, сырттағы машинаға отырғызып, үйіне бет алды.

Алтынға бірден әсем Алатау, қарлы шыңы, етекте өскен қалың ағаштар мен көк майса құлпыра түскен, жасыл гүлге оранған, сан түрлі ғимраттар, еріксіз назарыңды аударып, сарқырама тау суының былағы, көз бейнесін өзіне ала берді, бұл алғашқы көрнісі болатын. Орталық көше, бес қабатты үй маңына барып тоқтады. Жарқын бастап, мені қасына ертіп үй ішіне кіре берді. Үй іші кең бөлмелерімен сәнді жасалған. Жарқын менің қолымнан ұстап, бөлмелерді аралатып: Біз енді «Мәңгілік осында бірге тұрамыз, анамда біз бен бірге болады!-деді. Алтын шешіне салып, бүкіл бөлмелердің еденін жуып, жүктерін әсемдеп жинап, тамаша етті. Алтын екеуіне тамақтыда дайындап, жарының жұмыста жүдемеуін қалап, бірінші күннен бастап, күте бастады.

Әлден соң күн батып кеш қарайған соң, Жарқынды тамақ ішуге стол басына шақырды. Жарқын ол кезде қызыметінен жаңа келіп, шешіне бастаған еді. Қолын жуып дайындалып, Алтын шақырған бөлмеге кіре берді, сағынышы басылмаған Жарқын, бірден құшақтап, жұмсақ ернінен сүйіп, стол басынадағы орындыққа отыра кетті. Алтын бірден жайнатып, тамаша істеген тамақтарын Жарқынның алдына тоса берді. Жарқында: Мынау шіркін ауылдың тамағындай-ғой!-деп көңілі өсе түсті. Алтында: Әрқашанда,

осылай ішетін боласың!-деді. Қуаттанып алған соң, Алтынды құшақтап өзіне тартты. Сен тұратыршы! Мен столды жинап алайын, асықпашы уақыт бар ғой әлі!-деп күлумен құшағынан шығып, столды жинап, қазірде Жарқынның бауырына барып, кіре берді. Жарқын көтеріп алып, Алтынды жұмсақ төсекке жатқызып, шешінген қалпымен құшағын жайып, ауызынан сүйіп, денесіне құлай берді.

Сағынышы басылмаған Жарқынның денесі күйіп-жанып, Алтынын бауырына басып, ашылмаған жан сырын, енді ғана ашқандай, қос жүректің соғысы, інжу маржан тапқандай, жылжып барып, Жарқын денесі, ақ сүттей бойалған Алтынның асыл денесіне жабысып, бойын алып кіре берді. Бұл тұңғыш рет, екі ғашықтың бір-біріне жасаған сиы еді, қос қанаттың бойын алып, жымдаса түскен, жалынды от болып, қала берді.

Жарқынның денесі қызу алып, жұмсақ төсектің үстінде, шалқыған қос дөңестің арасынан, балқыған дененің жалынды қызуы, ләзат шоғының сөнбес кереметі бойларын билеп, алып жөнелді, ашық аспан, алма бағында жүргендей серуен салтанатымен, қолдарына бақыт құсы «мәңгілікке» қонғандай болды. Жібектей созылған Алтынның асыл денесі Жарқынның бауырынан шықпай, сағыныш жүрегі айдың көлдегі қос аққудың кездесуіндей, бірін-бірі тәттілік сезімге бөлеп, балқыған бойымен жұптары ашылмай, сүйісумен төсегінде жата берді.

Алтын келген бетінде Ғайша құрбысының, шал Жәрменкенің алып кашқанын айтып, Жарқынға жеткізді. Елдегі дүрбелең таусылмастай, қайғы – қасырет болып, қала берді. Ескінің уәжі аяқтан тартып, Ғайшаның сұлу бейнесі шал қойнына түсіп құрбан болғаны, жиектей жеген қара құрттың, қыз бойынан кетпей, асыл өмірін тас-талқан етіп «қыз бақыты оралмастай» сүйгеніне жеткізбеді, тар заманның зынданынан шыға алмай, қалың қолдың қаһарына түйшықты.

Алтын жасынан қол өнерді сүйетін, кішкентай бала кезінен бастап, әжесінің қасында болып, оюлап жасаған, төсек көрпелерді көріп өсті. Бертін келе көйлек тігіп өзіне лайықты етіп, құрбысы Ғайшамен бөлісетін Сол өнері бойында бар, Жарқынға сездіріп, «қол өнер» курсына түсуді қалады. Жарқын жақында ашылған, оқу корпусын тауып алып, Алтынды сонда апарып таныстырып, оқуға қабылдады, оқу мерзімі бір жылға созылды. Алтын оқуға өте алғыр, киім модаларын тез үйреніп, мүсіндей ғып тіккен киімдерін бірден сатып алып, бірге оқитын құрбыларының алдында, үлкен беделге ие болды.

Оқуын бітірісімен алғашында шағын, мастерской ашып, кейін үлкен сырт киім тігетін «Фабрикаға» айналды, Алтын директор болып қызымет істей бастады. Жарқын «революциялық комитетің» толық мүшесі, қаланың барлық жеріне барып жиналыс өтізіп, жаңа үкіметтің, өкілдігін тағайындады. Машеров ол кезде, Орталық партия комитетіне ауысқан. Жарқынды алыс жол күтіп тұрды, шешуші кезең басталып, езілген кедей жұршылығына теңдік беріп, әсіресе шеткі аймақтағы ауыл қазақтарын топтастырып, жаңа заманның қол жетпес, бақытты күннің туғанын жария етіп, бүкіл теңдікті қолына беру белгіленді. Жарқынды Орталық партия комитетіне шақырып әкетті.

Машеровтың қабылдауында болды. Машеров бірден орнынан тұрып, Жарқынды қарсы алып: Сені жолдас Садуақасов, Орталық комитеттің шешімі бойынша, сонау алыста жатқан Торғай өңіріне баруға, «бай-шонжарлардың бірін қалдырмай-конфескелеу» саған тапсырылады, оларды НКВД-нің арнаулы милиция жасақтарымен, Сибирьге жер аударылады, малын түгелдей кедей-шаруаларға таратып беріледі, осы «маңызды тапсырма» саған жүктеледі, қолыңа «Мандат» беріп, сені ішкі жаулардан сақтайтын болады, қолдарына «автомат» беріліп, милиция жасақтары барлық жұмысты, тек қана сенің басшылығыңмен атқарады. Сондықтан облыс орталығы Қостанайға жетуіңді, арнаулы көлікпен оншақты адам дайындалып, сенің келуіңді күтуде!-деп Машеров қолын алып «Мандатты» табыс етіп «ең маңызды іске» сәттілік тілеп, қоштасты.

Үйге кеш оралды. Алтын бірден қарсы алып, дайын асқа шақырды. Орталық комитеттің тапсырмасымен, ертең Қостанайға жүремін!-деді Жарқын. Алтынды құшақтап, бетінен сүйіп, стол басына отыра берді. Алтын қызымет істегелі, өзіне жарасымды етіп, костюм юбкасымен, әсемдеп өзі тіккен, киімін көрсетіп, Жарқынның көңілін ала берді. Әлден соң басқа бөлмеден, қара костюм шалбарымен ақ көйлегі, көк галстугімен әкеліп: Мынау арнайы саған арнап тіккен, алғашқы қолымнан шыққан өз өнерімнің бастамасы, қабыл ал!- деп Жарқынға ұсынды. Қалай тамаша тігілген, сен менің көп жыл арман еткен, жұбайым Алтыным! Асылым! Жаным!-деп Жарқын Алтынның аппақ ернінен сүйіп, құшағын айырмай ұзақ сүйумен біраз тұрды.

Кешкі уақыт, Жарқын жолға дайындалып жатты, бірақ Алтынын қасынан шығармай, жастық жалын тартқан жүрек соғысы, шыдатпай жарын көтеріп алып, төсекке жатқыза берді, бойы қызуға толы, тағыда құшақтап, лаулаған жалын, денесін алып Алтынның бойына жетектей берді, бауырлары

жабысып, асыл денелері қабыса түскенін елемеді. Сол жатқаннан мол жатты, Алтын ертемен ойанып, Жарқынды алыс жолға дайындап, кейін Жарқынның анасы Нұрбаланы, қолына әкеліп, бағу үшін Қостанайға баратынын жеткізді. Жарқын қуанып: Сен өте ақылды қызсың, мен жоқта қаншама қиын болса да, анама бар көмегіңді аямай, қасында болып күтіп бақтың, сені сондай жақсы көріп, алтын сақинасында сенің қолыңа салыпты, саған айтар «алғысым» өте шексіз!-деп барып Алтынды құшақтап алып, төсекке жатқызып армансыз сүйумен, бірге аттанып кетті. Қостанайға бет алды, туған жері, өскен елі. Бірақ өмір бойы байлар билеген, Серке сыяқты есерлер басқарып, қалың жұртты жауыр еткен, солардың көзін құрту, енді келді, жұлымның ошағы құлап, қазаны қирады, өлімге айдалып, ізіде қалмады...

Алтын да бірге Жарқынмен, ауылын сағынды, ата-анасын сағынды, әсемденіп киінген бойы, жарының қасында болып, кең шалқыған жалпақ даланың, бейнесіне көз салып, келеді. Табиғаты сұлу тартқан Алатаудан алыстай берді, бұдыр тартқан дөңесте, сағым қуалаған, жасыл көделер, тау шеңберінің етегін басып, адысты меңзейді. Жалпақ өзенде, кең арнасымен жол бойына шығып, асыл мұрадай, тынық суының мөлдір тартқан, келбеті, күн сәулесімен жарқырап, күмістей болып көзінді алады. Қалың өскен бұтада жазық даланың, осы бір бетіне ұялаған құс базары дерсің, арнасына түсіп, қалықтап келіп, су бетінде рахат тапқандай, қаңқылдаумен тынады. Біраз жүргенсоң, кең аймақтың, шалқыған даласына кіре бердік.

Бұл туған жердің дала бейнесі бірден назарыңды тартып, сағыныш сезімге оранғандай, қарай бергің келді. Алтында ыстық тартқан, туған жер сағынышын баса алмады, көз тігіп, сұлу табиғатын, тағыда көріп, ыстық лебі бетіне басылғандай, асау толқынды, қалың бидайықтың, соққан желдің бағытымен, өркештеніп барып, діріл қағады. Жағалай өскен, орманды қалың ағаштар, буылдыр тартқан көк сағыз құсап, ұйыса біткен, дөңгелектенген бейнесін жасап, көк аспанның күмбезімен, жалғаса түскен. Өзен жағасында, баяғы өзі көрген, ауылдағы сыяқты кигіз үйлер, мал жайлымға, лайықталып қоныс тепкен. Маңайында адамдар, қыз-келіншектер, жершақ маңайынан шықпай, ас пісіріп, от маздатып, түтінін шығарып, сар самаурын қайнатып, қыбырлаған кедей үйінің, сол екенін, бірден аңғарасың.

Асыға күткен ел шеті, Қостанайғада келіп жеттік. Арнаулы жасақпен, Жарқын екеумізді қарсы алып, бірден Обком партиясының үйіне келіп бас тіредік. Бірден «маңызды жұмысқа» арнаулы, ат пен көлікті бастап, он шақты милиция тобы, Тоғай өңіріне бет алдық. Жолай бірден Сармойын аймағындағы, байлардың жолын кесу белгіленді. Дүрліккен ел, қалың жұрт,

кедей шаруа, барлығыда Сармойын ауылына жиналып Жарқын Садуақасовты күтті. Жиналғандардың ішінде, Алтынның анасымен Жарқының шешесі Нұрбалада келіпті. Сүндет пен Ғайшада сонда. Түс мезгілі ауа бергенде, желіген ат жүрісі, сатырлаған тұяқтары, от шашқандай бұрқыратып, шаңын аспанға шығарып, артына тастап, екпіндетіп ауыл ішіне кіре берді. Жиналған халықта есеп болмады, тайлы –таяғымен бәріде осында «жана үкіметтің орнағанын естіген жұртта» ес болмады, жағалай жүгіріп, аттыларды қарсы алып, бірден қоршап алды.

Ақбоз ат үстінде, Жарқын бірінші келіп, қасында Алтын, жерге түсіп, қалың жұрттың алдына қарай жылжи түсті. Жарқынның үстінде қара былғары курткасы, былғары қалпақ, байына асынған папка- сумкасы бар, аяғында былғары етік, Алтында көк костюм юбкасымен жарқырап шыға келген екі жасты, бүкіл жұрт құшақтап, алып жөнелді, кейбіреуі қуанып жатса, кейбіреуі дауыс қылып жылап жатты. Танымастай өзгерген Жарқын мен Алтынды құшақтаған аналары, беттерінен сүйіп, сағынышын басты, қалың жұрттың қуанышында шек бомады.

Алтын Ғайшаны көріп, құшақтап біраз жыласты, қос құрбы жұптарын жазбай біраз Ғайшаның көрген қорлығын, естіп мұнайғандай болды. Жарқын жиналған халықтың алдына шығып: Мен осы ауылдың баласы болғанмен, Орталық партияның комитетінің, Революция комитетінің мүшесі болғандықтан, арнайы Торғай өңіріндегі Сармойын, Батпақара жеріндегі «Бай-шонжарлардың бірін қалдырмай – конфескелеу» оларды жақтастарымен қосып Сибирге жер аудару, маған тапсырылды қолыма «Мандат» беріп, бүкіл малын кедей-шаруаға таратып беру белгіленді, олар өмір бойы «бір үзім нан» үшін жанын барген адамдар, солардың жалшысы болып, малын бақса, әйелдері күң болып, малын сауып бүкіл шаруасын істеді.

Сармойыннан Қызбелдің бауырайына дейін жайлаған бай Марзахмет-Қараның бүкіл малының бірін қалдырмай және көп жылдан бері шабарманы болып келген, ұрлықпен байыған Серкенінде малын алып жауаптаймыз, Ғайшаның өміріне балта шауып, зорлық пен алып қашып, Базарлы деген, шағын елді басынып, Жәрменкі деген шалға «тоқалдыққа» беріп, бүкіл малын өзі алып байыған, НКВД-нің адамдары, бүгін кешке дейін, түгелдей осыларды ұстап, осында әкеледі, осы жерден Сибирге айдалады, Серке, Базарлы, Жәрменкіні «жалаң аяқ-жалаң бас» ат бауырына алып, айдауға бұйрық бердім!-деді Жарқын Садуақасов жолдас.

Советтің осы өңірдегі өкілетігі, өздерінің балаларың қарапайым Сүндетті тағайындаймын!-деп қасына алып, Сүндетті көпшілікке таныстырды. Қалың жұрт ду қол соғып, қуанды. Сармойын аймағы түелдей, патшаның шабармандарынан тазарды!-деді аймаққа келген «революция» комитетінің өкілі. Машеров Жарқын Садуақасовты «дала камисары» деп атады. Алтын мен анасын, арнаулы көлікпен Алматыға шығарып салды. Дала комисары Торғай аймағына жүріп кетті. Бір аймақтың өзінде, қаншама бас кесерлер, ойран салып, қара халықты нанша илеп, үстемдік жасап, жап жас қыздарын тоқалдыққа тартып алып, шал қойнына салып, ойран еткендердің жолы бір жола кесілді.

Қаншама жылаған Ғайша өмірі, қиыла жаздап, әуірім дегенде қашып құтылып, аман қалды. Ауылдан алып кеткен, атылар тобы Батпақара бойындағы Тасқұдық ауылындағы Жәрменкенің үйіне апарып түсірді. Жеке отауы, күрең тартқан биік үй болатын. Әрең дем алып, кигіз текметке ораған, Ғайшаны екеулеп көтеріп үйге кіргізді. Талықсыған қалпы, екі бүктеліп есін жинай алмай жерде біраз жатты. Беті ісіп жылаған өңі солғын тартып, ақшыл жүзі қуарып, бұрынғы кейпі кетіп, жалбыраған шашы, бойына түсіп, тұра алмады. Денесіде ауырып, аттың шабысын көтере алмай, ауыр азаптың құршауында қалды. Әлдегілер зат құсап әкеліп тастады да, есікті тарс жауып шығып кетті.

Әлден соң ыңырсып барып есін жинаған Ғайша, бұл сұмдықтың басына түскенін сезіп, ауырған денесін әреңдеп басып, орнынан тұрды. Қатулы пысықтығы кетіп, жуасып қалған, бір жағынан жылауда бойынан кетпей, қапалы өмірге тап болғанын, уайыммен басты. Айаушылық жоқ! Ғайша үлкен терезе алдына барып, жағалай көз салып, ауыл шетіндегі қалың бұта ағаштарын, терең өзен жағасындағы, биік өскен қамысты құрақты, байқады. Үй маңында ешкімнің сыбысы естілмеді. Үйге кірген адамда жоқ. Кеш қарауытып, қалың бұлт басқан, аспан әлемі тұтаса біткен. Ғайша олардың келмей тұрғанын да, терезені сындырып, қашуды ойлады.

Үстіне киген көйлегінің етегін жырттып алып, оң қолына байлады да, қатты бар күшімен, терезені беріп жіберді, шынысы қирап күл талқан болып, жерге сау етті. Етек жеңін жинап, жіңішке денесімен қираған жерден қысыла шығып, қараңғы түнді бетке ұстап, жүгіре басып, өзі көрген қалың талға жетіп, ішіне кіре берді. Қараңғы түнде табуда қиын, қалың тал іші, орманды ағаш құсап, біраз жерге созылған. Денесін салқын тартса да, құтылғанына көңілі жайланып қояды. Біраздан соң, шет жақтағы ек-үш үйлердің терезесінде, май шамның жарығы байқалады.



Қоңыр тартқан жапа үйлердің, бейнесін көріп кедей-шаруаның тұрғанын байыптады, өзінің осы үйлері сыяқты, туып өскен ауылының ыстық келбетін есіне түсірді. Неде болса, осы үйлерге барып, паналауға ыңғай тартып, ағаш арасымен жылжи отырып, тұсына барды. Бірақ денесін әптан қорқыныш билеген, баруға қорқып, таң сарыны күтумен болды. Ерте тұрған үй маңындағы, егіде әйелді көріп, сиырын сауып, өріске қарай тал түбінен өте берді. Тоңазыған бойына қарамай: Апа! Апа! -деп жақындай түсті. Әлгі әйелде, апа деген сөзімді бірден естіп, жақындай берді. Көзіме жас алып, жылаған түрімді көріп, боюдай болған жыртық үсті- басымды бірден байқап, менің құшағымды қабыл алып, өзіде құшақтап Жаным-ау! Сізге не болды!-деді егіде әйел шошығандай болып.

Ғайша: біреу көріп қалар апа!-деп талдың қалың жеріне қарай ығыса берді, болған уақиғаны жайып салып, баян етумен көп жылады. Жылама енді, біздің үйде боласың, еліңнен хабар болғанша, көзге көрінбей, ешкімге сездірмей, ол аюаннан қорқуға болады!-деді әйел өзінің атын таныстырып Жамал боламын!-деп түйді. Жалма жан тоңған денесіне шапанын кигізіп, басына жаулық байлап, қолына таяқ ұстатып, сиыр айдаған көршісі құсатып, Ғайшаны алып үйіне кірді.

Шай қойып, тамақтандырып өзінің қызы құсатып күтумен болды. Жолдасы баласымен байдың малын бағып, алыс жайлауға кеткелі біраз болғанға ұқсайды. Сүндет Ғайшадан еш хабар болмаған соң: жоғалған жылқы малын іздеп жүрген адаммын!-деп таныстырып көрші ауылдан екенін жеткізді. Жұпыны киінген, үстінде малшының қабдал шапаны, ескерусіз көзге түспей, Ғайшаны сұрастырып, кедей малшылар тұрып жатқан аймақты шолып, кеш болысымен жатпады. Жамал алыстан байқап: кері құнан мінген сары жігіт, жылқы іздеп, кешкілік осы маңды торумен жүр!-деп Ғайшаға жеткізді. Кері құнан соның аты, мені іздеп келген сүйген жарым Сүндет қой!-деп бірден тыпыршып, Жамалды жұмсады.

Көшенің ар жақ басында жүргенін, көзі шалып қалып, жүгіре басып, қасына жақындап: Қалқам қай баласың? Мен жылқы жоғалтқан көрші ауылдан едім, осындағы үйлерде тұратын кедей-малшылардан сұрауға келіп едім!-деді. Жамал жақындай түсіп: Сенің атың Сүндет па? Оны қайдан білесің? –Я, атым Сүндет!-деді. Ендеше үйге жүр Ғайша сені күтіп отыр!-деді. Апатай сіз қандай жақсы адам едіңіз, Ғайша менің сүйген жарым!-деп соңынан ере түсті. Ол кез кешкілік уақыт болатын, құн ұясына батып, қызыл сәулесіде тараған. Маңайда тыныш, жұрттың аяғы басылған, өрістегі малын айдап әкеліп, сауып үлгірген, жәйбарақат шайға отырған кез болатын.....

Атын жетектеп, албарға кіре бергенде Ғайша жүгіріп шығып, Сүндетті құшақтай алды, көзіне жас алған бойында жылаумен мойнына асылып, жылаған бетін тоса берді, Сүндет көтеріп алып құшақтап, дамылсыз бетінен сүйіп Жаным!-деп бауырына жылжыта түсті. Екі «ғашықтың» бір-бірімен құшақтасып сүйіскенін көрген Жамал, таңырқаумен қасында тұрып қалыпты. Әлден соң, үйге кіргізіп шай беріп, сағыныш сезімдерін басқандай болып, таң сәріде жолға шығуға уәделесті. Екеуі бірінен-бірі айрылмай, ұйықтамады елең – алаңда жолға шығып, ел бағытына жүріп кетті.

Кең жазық дала төсі, шалқыған шалқар теңіздің сабасындай, алыс бөктерді алып жатқан, көк шалғын жұпар иісі бұрқырап, бойынды алып, дененді шымырлатып алып күш бергендей, самал желдің баю соққан елесіндей, толқытып қояды. Көк күмбезде ашыла түсіп, жылы шырай тартып, жымыңдаған жұлдызда сұйылып басылғандай. Қойнау толған дала гүлі жол бойымен жарыса түсіп, көзінді алады, қайран қалыпта сағынған Сүндет, сұлу жүзіне қарап Ғайшаны құшақтап ат үстінде сүйіп қояды.

Алыстан мұнартқан ауылдың дөңесіде, бұлдырап көрініп, асау жүрек соғысы тез баруға жол ашқандай, жігерлендіріп, қайраттың ұстамын жасағандай тың береді. Ғайша ертоқым үстінде, Сүндет құшағын айырмай отырып, желіген аттың жүрісіне ілескен, құстардың қанаты да, талмай, өзен бойына, жағаға мекен еткендей, алып ұшып барып, су жақ беткейіне барып, жағадағы калың талға, қонақтай берді, ағаш басына ұя салған, балапанын қорғаштап, жарыса түскені, содан екен. Тамылжыған жаздың тамаша күніде, күн сәулесін еркін шашып, Ғайша бойындағы қорқынышта сұйылып, әсем дауысы мен ән шырқап, әдемі даланың, кең алқабына жел толқынымен тарай бастады, Ғайшаның көптен бері айтқан әні болатын.

Сүндет сүйініп, жарының әсем даусына, балқығандай бойын билеген, ыстық сезімі, құшақтаған сайын, өршумен болды. Жаным! Ғашығым!-деп салған әнінде, сүйген жарына арнап, қапыда шал қойнына түсе жаздап, «өмірімді бадау етіп кеткенімше», қасықтай қаным қалғанша, жарым үшін күресіп, жарық сәуленің елесіне ілесе бердім, сол бақытымды жаңа ғана тапқандай болдым!-деп көзіне жас алып біраз жырлады. Өзі өскен, ауылы асыр салып, Алтынмен бірге жүріп, ойнаған жері, жүгірген көше бойы, бәріде әлі есінде.

Сүндет атын тоқтатып, өзі түстіде, Ғайшаны көтеріп алып, жерге түсірді, бетінен сүйіп: Сен мынау таса жерде тұратыр, мен үйге барып хабарлап келейін, енді өмірлік бірге боламыз «сені еш жергеде, үйіңеде жібермеймін» ата-анаңды шақыртып алдырамыз, «осылай қапаланып», сенен

айырлып қала жаздадым!-деді Сүндет ат тізгінін Ғайшаға ұстатып. Айтқаны сол-ақ екен, қыздар толып кетті, бірі құшақтап, бірі жылап, бірі бетінен сүйіп, қолдарында ақ шымылдық бетіне ұстап, Ғайшаны үйге әкеліп кіргізе берді.

Сүндеттің анасы дауыс қылып, құшақтап бетінен сүйді, көпшілік қарсы алып, шашу шашылды, қыздар жетектеп шымылдық ішіне барып бірге отырды. Күмбірлеген домбыра, асқақ ән шырқалып, той-думаны басталып кетті. Ғайшаның аман –сау келгенін естіген жұрт «дүркіреп» қуаныштары қойнына симай, Сүндеттің үйіне ағылумен болды, Ғайшаның жүзін бір көруге асықты «сағынышын» баса алмады, оның әнінде сағынды. Ғайшаның ата-анасына хабар жіберіп алғызды, анасы Бағыла Ғайшасын көріп, талып қалды «бұндай бақытқа қол жеткеніне» қуанып, қайғымен күндер өткізгенін есіне алып, қызын құшақтап біраз жылады. Арты қайрлы болды, Ғайша аман-сау оралды, Ғайша тек қана сенің балаң емес, осы ауыл адамдарының баласы!-десті қаптаған қалың жұрт.

## VI ТАРАУ

Ән айту, шырқаған ауыл жастары, бірінен соң бірі, көңілді кешті, ойын-сауықпен жалғастырып, домбыра күйлеріде тартылып, толқып шыққан асқақ ән бүкіл ауылға естіліп, ауа толқынымен жан-жаққа тарап жатты. Ауыл жастарының арман еткен «тұңғыш үйлену тойы» еді, бұрын сонды болған емес, тек байлардың балалары ғана өткізетін. Сүндет ер жүрек, батыл жігіт, ешкімнен қорықпады. Бағылан сойылып, ас берілді. Түн ауа бәріде тарады, үйлеріне кетіп Сүндет пен Ғайша оңаша үйде қалды. Сүйген жарына деген, шынайы махаббаты асқындай түсті.

Ғайшаға сағынышы басылмады, бойын билеген қызуы ерік бермей, Сүндет Ғайшаны көтеріп алып, төсағашқа салып, астында жұмсақ мамық пен қос жастықтар қатар қойылды. Құшағын ашқан қыздың бойына жылжып, сұлу жүзін өзіне қаратып, әдемі ернінен сүйе берді. Ыстық денелері беттесіп, жалын шашқан бойлары ерік бермей, жабыса түсті, қайраты мол жас жігіттің денесі, қызу тартқан жарының ақшыл денесінен өтіп, балқыған бейнесімен лаулаған оттай, болып нұрын шашқан, асыл денесі, жігіттің баурына қарай жылжи берді. Жалын атқан дене қызуымен, жата берді, сүйіскен қалпымен, сұлу жүзін, өзінің ажарымен беттестіріп, аққудың мойнындай аппақ тамағынанда сүйіп, жүрек соғысы Ғайшаның жұпар иісімен тынды.

Бұлда қыздың жібектей созылған асыл денесінің сұлу келбетімен қоса біткен «Қыз жібектей» асылы еді. Сармойын көлі, жалпақ аймаққа созылған,

Солтүстіктің теңіз дариясындай, жарқыраған суы мол, алты арыстың аймағын алып жатқан «дария көлі»-деп аталып кеткен. Бұл аймақ түгелдей, осы өңірдегі ең ірі байдың, ата қонысы. Қыста малын қыстатып, жазда кең жайлау еткен киелі жер, алты қанат ақ отауды тіктіріп, қасына өзінің екі-үш үйі қатар тігіліп, бәйбіше әйелдерімен, тоқалы тұрған!-деседі.

Қалғаны өзінің жақтастары, көп ауылды отаулар қатар түзеген. Жарқынның бұйрығымен бәріде ұсталып, керуен тартқан жол беткейіне қарай, ат бауырына алынып, қоршаған милиция отряды, қалаға бет түзеді, жалаң аяқ-жалаң бас, тақыр жолмен айдалып, Сармойын ауылынан шыға берді, қарап тұрған қалың жұрт, Сибирь жеріне көш тартқанын аңғарды. Мырзахмет –Қараның үстіне кигені, ескі күпі, осыншама малдың қызығын көре алмағанына, басын шайқап, НКВД-қызыметкерлері, таң қалды, «осындай адамда» болады екен-деп тұжырымдады, керуен көші алысқа ұзай берді..... «Дала комиссары» халықтың көп шоғырланған, жайлым қуалап қоныс аударған бай-қаралардың, тобырына барып түйісті.

Жазық даланың, шалқар белесіндей орын тепкен, кең өңірдің өзен бойын қуалай ақ отаулы «ақ ордалы» байдың үйлері, жеке дара болып, шалқыған өзен суының, жағасындағы сая-жай тұсынан орын тепкен. Бұл олардың дем алатын, қымыз ішіп, жас бағыланның етін жеп «тоқалдарымен» жатып, ойын-сауық құратын жайлауы!-десті қарапайым халық. «Дала комиссары» бәрін сұрап білгеннен соң, отау жанына барып, қасындағы көмекшісін жіберіп, далаға шығуын хабар етті. –Бұл кімдер өзі, мені шақыратын? Ақ патшаның уез басшылары да, болыста мені біледі, далаға шық, деп айтқан емес, өздері келіп сәлем беріп, бар шаруасын отау ішінде, тындыратын!-деді Сары-бай мырза.

–Жоқ! Біз олай ете алмаймыз! Тез тұтқындап далаға шығарындар!-деп бұйрық етті «Дала комиссары». Жалма жан екеуі, отау ішіндегі Сары-байдың қолына кісен салып, сүйретіп далаға алып шықты. Халықта көп жиналып қалған, отау маңында сықасып тұр..... Жарқын: Мен «Революциялық комитеттің өкілімін» сондықтан Торғай жеріндегі «байларды конфескелеп» Сибирьге жіберуге бұйрық алдым, бар малды кедейлерге таратып беру маған жүктелді!-деді. Жиналған жұрт, бүкіл аймақтан келіп «жаңа үкіметтің орнағанын «Дала комиссарының» аузынан естіп, қуанысқан халықта шек болмады. Халық өзі ұсынған, қолынан іс келетін әділ азаматтың атын атап таныстырды, бұрын Сары-байдың малшысы болған жас жігіт Бөдес болатын. Жарқын Садуақасов сол жердегі, советтің басшысына Бөдесті тағайындады. Сары-бай жақтастарымен, сол кеште Сибирьге айдалды. «Дала комиссары»

Торғайды байлардан тазартып, кедейлерге «бостандық» жария етті. Жаңа совет үкіметі, барлық жерде орнай бастағанын жеткізді... Сөзге шешен «Дала комисары» ауылдық жерлердің бірін қалдырмай аралап, халық алдында сөз сөйлеп «халықтық» мемлекет екенін сендірді. Бір айға созылған «дүркін – тартыс» аяқталып, кең аймақтың жаңа өмірге қадам басып, шыға бастағаны жарық күннің сәулесі, жер бетіне енді ғана түсіп, бойлары жылынып, теңдік орнағанын сезінді, «ол келешек жастардың» басына «мәңгілік» бақыт орнағанын!- айтып жеткізі.

«Дала комисары» Алматыға оралды. Орталық партия комитетіне, істелген «маңызды тапсрманың» орындалғанын баян етті. –Жарқын мен Алтын ауылда өздерімен бірге өскен Сүндет пен Ғайшаны, Нұркеш пен Қамбарды, Балқия мен Тобылды, Батия мен Төкенге хабар жіберіп Алматыға оқуға шақырды. –Сүндет бастап, достары келіп, қуанысып Алматы вокзалынан қарсы алды.

Жарқын Орталық комитеттегі Машеровтың көмегімен, жаңадан ашылған оқу орнына қабылданды, Сүндет пен Қамбар инженерлікке түссе, Тобыл мен Төкен мал мамандығын қалады, Ғайша мен Нұркеш дәрігерлікте болса, Батия мен Балқия мұғалімдікке түсті, бәріне жатахана беріліп, орналасты. –Жарқын: Ертең сендер, ауылға барып, маман болып, жаңа ұйымдасқан колхозды басқаратын боласындар, ал қыздар ауыл адамдарын емдейтін дәрігер болады, ал мұғалім қыздар, ауыл балаларын оқытып қоймай «жаппай-сауатсыздықты жою» бүгінгі күннің партия талабы!-деді Жарқын, оқуын жаңа ғана, бітіріп қолдарына «диплом» алған достарын Алтын екеуі құттықтап, Алматы вокзалына шығарып, салып «сәттілік» жол тіледі.

Алтынның аяғы ауыр болатын, бірақ жұмысынан қалмай, үй шаруасында орындап жүрді. Жаңа «бес жылдық» басталып, үкімет «ауыр индустрияның» бес жылдық жоспарын бекітіп, бүкіл халықтық іс!-деп жария етті. Колхоздар ұйымдасып, МТС-тар құрыла бастады. Қала мен далада қайнаған жұмыс, өріс алып «Совет үкіметі» қалыптаса бастады. «Үлкен державаға» айналу мақсат тұтты, ол ауыл шаруашылығы дамыған, астық байлығын арттырып, мал басын өсіріп, ет молшылығын жасау, қалада «завод пен фабриканы» салу «ауыр индустрия» қарқын ала бастады.

Сол заводтың алғашқы техникасы «ХТЗ», «ШТЗ» тракторларымен бірге «Сталинец-6» комбайыны, жаңа құрылған МТС-қа келіп түсе бастады. Колхоздың егіс даласында істейтін болып бекіді... Жарқын техника инженері, МТС-тің директорлығына жіберді. Қарамағына көптеген колхоздар кіріп,

бүкіл егін шаруашылығы мен мал азығын дайындау жоспары тұрды. Жарқын партия қызыметінде ысылған, бірден бүкіл колхоздың басшыларын жинап, үлкен жиналыс өткізді. Жаңа құрылған МТС-тің, кеңсе үйінің, кең залына жинады. Іші әсемделген сыпайы, қонақтар үшін орындықтар қойылған, кең залдың басында жалғыз стол, бірнеше орындықтар қасынан көрінеді.

Әлден уақытта, үстінде кара коженка, қалпағымен жараса түсіп, ішіне киген гителі, сыпайы жүзімен келіп, амандасып орындыққа отыра берді, колхоз басшыларын бірінші көру еді. Жарқын бірден сөз алып, сөзшен тілімен: «Партия мен үкіметтің» талабы, жаңадан құрылған МТС-ті басқаруға жіберіп, сіздермен қойан-қолтық жұмыс істеу керек болған соң, бірінші бес жылдықтың, алға қойып отырған талабы, егін көлемін көбейтіп, мал басын өсіру, астық пен еттің планын орындау, басты міндет, сол үшін қаншама техника келіп түсуде, ертең олар сендердің «егіс даласында» еңбек ететін болады.

Сондықтан түсіп жатқан техниканы, басқарып жүргізетін адамдар керек, сол себепті МТС-тің жанынан «механизаторлық курстар» ашылады, сол курсқа өздеріңнің жастарыңды тарту керектігі, әптен дұрыс болар еді. Осы айтылған тапсырмамен әрбір колхозда жиын өткіземін, барлық жастарды техниканы білуге тартып, болашақ өмір, солардың қолында екенін түсіндіру керек!-деді Жарқын сөзін аяқтап. Сөйлеушілер бұл бастаманы бірден қолдап «енді өгіз арбаның» күні біткені!-десті. Жарқынның алдында қаншама асулар тұрды, олар «Бірлік», «Красный октябрь», «Сталин», «Калинин», «Аврора», «Достық», «Искра», «Қызыл -ту», «Алматы» колхоздары «Дала камисары» Жарқын Садуақасовтың келуін күтті.

Жеңіл машина ішінде, алғаш рет жолға қарай, ызғумен бет алған бағыты «Бірлік» колхозы еді. Жалпақ кара жол, шұбатыла созылған, кең алқапты жазық даланың бидайық басқан, көк жоталы асулардан өтіп, өркешті дөңестерді басып, шалқыған күмісті сырғалы өзен бойынан өте берді. Жел тұрып асау толқынды, буырқанған өзен суы жағаны соғып, біз көрген дала өңірін басып, алысқа ұзарған. Жағалай өскен алып ағаштарда, көк күмбезімен тілдескендей, олда желдің күштілігімен, ырғалып барып, алыпты қадам жасайды. Кері қайтқан су толқыны, жағаны құлатып, тік жар еткен. Қаншама өзен беті тербелседе, қонақтаған қаз бен үректерде үйреніп алып толқын суды жыр етпейді, қайтадан ұшып келіп қалқумен өзенің сағасын пана еткендей, жиілей түскен.

Өзен құсқа бай екенін, келе жатып аңғардық, атып алар мылтықта жоқ. Өзеннің арғы беті, әліде көк майса, қаптаған мал өрісі, табын толған жылқыларда байқалады. Қыр қабағы, көп үйлердің ақшыл тартып, мұнартқан келбеті, сағым ескен жел бағыты, мөлдір тартқан бейнесін көрсетіп, қояды. Бұндада жағалай өскен ауылдың сәнін беріп, қалың ағаштың шоғырыда, бірнешеу үйлермен жарыса біткен.

–Аңқыған сары даланың, жұпар иісінде, жол бойына баю соққан желдің ұшқынымен дала гүлінің көрнісі, әсерлі де, бойыңды ұйытып, ләзат алғандай жүре бергің келеді. Олда күмістей шашылған дала нұрымен беттескендей, жаныңа нәр қалдырып, денеңе күш бергендей асыл жұбымен сырласа түседі. – Жарқында сол ой үстінде, табиғатпен сырласқандай ой түйіп, арман асуының сол бір белестерін, есіне алып Алтынын ойлап қояды.

–Шіркін дала өңірі қандай дерсің, көңіліңді алып, керемет күш бітіргендей, соққан жүректің дархан лебімен өткен азапты ұмытып, жаңа өмірдің алтын белесіне өткендей болып, денеңді ала берді. Кейде ойға түсіп, Серкенің жұлымдық ісі, өзінің басына түсіп, өмірлік оралмайтын «зындан шыңырауына» кеткендей болды, бұлда сол азаптың қайтқаны болды!-деп түйіндеді. Жаңа өмір, ауылының басына орнады, арман еткен болашақ «мәңгілік» жастардың еншісіне тиді, өзі өскен Сармойын өңірі жаңарып шыға келді...Жарқын «Бірлік» колхозына келіп бас сұқты.

Ауыл жұрты жиналып, жаңа келген басшыны қарсы алып жатты. Орталық көше. Ерекше орын тепкен, ақ үй колхоздың кеңсесі. Халық түгелдей жиналған, жақын ауылдар мен мал қонысындағы, жайлаудан келген беті, бүкіл қауым осында. Ел тағыдыры, жер тағыдыры шешілетін кезең туды, техника өмірге келді. Сұрапыл жыддар, қиындықпен күн көрген халық, барлығын артқа тастап, жаңа өмір көшіне ілескендей, ыңғай тартып, көңілді жүздерімен әңгімеге басты. -Кездесіп бас қосқаны, жаңа ғана, «болыс» билігінде мұндай жүздесу болған емес, әмірліктер «бай үйінен ішіп-жеп» тарасатын, қараңғы кедей қоңыр үйінде отырып, мұнаймен күн өткізетін, оларды адамдеп санап, қатарға қоспайтын.

Кеңсе алды, жиналған халық Жарқынның сөзін күтті. Өлден соң колхоз басшысы жиналысты ашып «Дала камисарына» сөз берді. Маңдайы жарқырап, сұлу келбетін, көпшілікке беріп: Біз бәріміз бір қауымдастық елміз, біздің бағытымызда, істелетін жұмысымызда, егін мен малды өркендетер жоспарымызда бір, олай болса, ең бірінші халыққа керегі «нан», сол нанды мол ету «сіздер мен бізге» байланысты, сондықтан аянбай еңбек етсек қана қол жеткізуге болады. Бір кезде «патша заманында» қара кедей-

шаруа, байдың малын бағып «Бір үзім-нан» үшін жылдар бойы еңбек етседе, қолы жетпей, аштықтан әлсіреп барып, өмірден өтті, соны басынан кешірген халықтың, біразы осы алаңда отыр. Егістің көлемін ұлғайтып, жер жыртып дайындау керек, оған жетерлік техниканы жабамын, «барлығын топтастыру» әдісімен жүргізіп, алған соң, басқа ауылғада осындай әдісті жүзеге асыратын боламыз.

Бізге осы мәселелерді шешу үшін, ең бірінші, кезек күттірмейтін, қауырт жұмыс, маңызды жұмыс, ауыл жастарын түгелдей «трактор» роліне отырғызу, олар біздің болашағымыз, келер өмірді жалғайтын солар болмақ. Біз МТС-тің өзінен «трактор-комбайн» курсы аштық, олар бірнеше «паток» пен оқып, жазда көктем егісіне дайын тұрады. Жаңа сөз арасында, мынау іргедегі жалпақ өзен, бүкіл байлық, өздерінің қол астында, балықта, қаз-үйректе осында, құс базары болып орныққан.

Неге осы байлықты пайдаланбасқа, араларыңда іскер балық аулауға шебер адамды шығарып дайын етіндер, мен керекті «ау мен қайықты» жеткіземін, бірақ тұрақты, әрі сенімді адамды бекіту керек. Құсқада оқ-дәріні жеткіземін. Тағы айтар бір мәселе, ол үкімет малын ит-құстан сақтау, «дала қасқырынан сақтау» керектігі айтпасада түсінікті, мал басын жоғалтсақ, үкіметке берер етіміз бен сүтімізден айрыламыз деген-сөз.

-Мен бүкіл колхоздарды аралап «бүркітпен» айналысатын ата кәсібі бар адамдарды тауып алып, бригада құрамын, олар бүкіл колхоздың малын қорғайтын болады!-деді Жарқын Садуақасов. Естіген халық ду қол соғып, «Біз тракторист боламыз! Комбайнер-мехенизатор боламыз!» деген жастардың шуылдаған дауысы көшені алып кетті. Бәріде кезекпен жазыла бастады. Көпшіліктің арасынан «мен бүркітшімін» дегендер үзіліс кезінде, Жарқынға келіп жолыға бастады, балықшыларда табылды.

-Жиын артынан жастарды алып қалып, олармен әңгіме өткізіп оқуларына «барлық жағыдай» жасалатындығын, сендірді бүркітшілер мен балықшылардың бригадасын құруды тапсырды, «бүркітшілерді» өзінің маңында ұстайтындығын, ескертті. МТС «Бірлік» колхозына іргелес, үлкен ауылдың аймағына орнады. Жаңа үйлер мен техника паркін салу, бірінші кезекте тұрды. Жарқын құрлыс бригадаларын құрып, оп айдатып саман бастыра бастады, жергілікті жердің құрлыс материалдарын, пайдалануға бұйрық беріп, көше тізбегіе үйлерді салып, қаптатып жіберді, «техника паркінің» іргесі қаланып, келген техникалар жаңа орынға қойыла бастады. Жарқын колхоздарды аралап, келер жылғы егіннің жоспарын бекітіп, астық молшылығын жасау жолында болды.



Оқуға ағылған жастарды, қабылдап арнаулы жатаханаға орналастырып, көктем егісіне, техниканы меңгерген жастар отрядын дайын етіп, колхоздың дала жұмысына жібере бастады, Жарқынның бұл алғашқы қадамы еді. Аралап өткен колхоз жері, өзен мен көл суына бай, аймақ аталып, қосымша кәсіпті ұйымдастыруды, колхоз басшыларына тапсырды, орындамайтын болса, партиялық жолмен сұралатынын ескертті, қатаң тәртіп, ел тағыдырын шешуші кезеңінде тұрды.

Алғашқы «пятилеткада», совет үкіметінің, қаулаған еңбек адамдарының арасынан «Стахановский двежение» бастаған алып күштілер шыға бастады, ұйымдасқан колхоздар «миллионер» аталып, озат шаруашылыққа қадам басып, жыл аяғында мол табысқа кенелді. Жарқын өзі арман еткен колхоздарының, сондай болуын қалады. Бірақ көп қиындық, жылдар бойы бөгей берді. Жарқынның ауылдағы жолдасы, Сүндет пен Ғайшаның үйлену тойын бәрі құптағандай, жиналған жастың арасынан өзі шығып, Сүндет домбырасын қолына алып, қоңыр дауысымен шырқай түсті. Бәріде көз тігіп Сүндетке қарап қалған. Бір шабыт көргендей болып, айтқан әніне таңырқасып, отыра түсті. –Әлде бірденелерді ойына алғандай, Байзақ жастықтан бірден басын алып, Сүндеттің түріне қарап қалыпты.

–Мен бибак қасымдағы Сұлушашқа елітіп отырып, аңғармағанымды қарашы!-деп үй ішін ду күлдірді. О не дегенің Сұлушаш бәрбір сенікі!-деді. Сүндет домбырасын ұсынып. Жоқ! Мен емес айтатын Сұлушаштың өзі!-деді. Сыпайы сырды салмақтап, домбыраны өзінің әуеніне келтіріп, құлағын бұрап Сұлушаш асқақ үнімен әнді шырқап, ала жөнелді. Ән тыңдаған жұрт, сырттағылар кезекпен басын сұғып «бұл қандай сұлудың әні!»- десті, көңілге жағып сала берді, қалың жұрт отауға топырлап кіріп, сығысып отыра кетті.

Сонымен жалт қараған, Байзақтың қарасы тамағының астынан ақшыл тартқан, бейне бір аққудың келбетіндей, көрініп қалып, қызықты елес етті. Көпшіліктің байқап қалған күлкісі, Сұлушашты «селік» еткізіп, Байзаққа қарап қапты. Ажарлы сұлу көздерін, қырына алып төңкере қарады. Өзінің қара көздері, қиғаш қасы, тамаша рай берген әсем жүзінде, көз тартарлық. Байзақ сол әдемілігіне сүйсіне түсіп, қасына жақындаумен болды. Сұлушаш қысылып қалмасын деп, Сүндет домбырасымен қостап іле жөнелді, қосылып бірге шырқады. Тамаша тартымды назы бар жандай болып, азғана қабақ шытып, әнімен байаулай берді. Аппақ сұлу тістері көріне түсіп, қайта аузына жасырынды, тамағының бүлкілі ән мен еріп, бойын алды.

Әлден соң, домбыра үндесіне, Ғайша келіп орала кетті, Сүндеттің оң жағына отырып, көпшіліктің сұрауын жеткізген Ғайша ән айтуды өзі бастап, Сүндетке домбырамен жетектеуді, ыңғай етіп, шырқай түсті. Қандай тамаша ән, асыл дауыс «сұлу келіннің» салған әнін тыңдауға жиналған жұртта шек болмады, симағансоң тұрып тыңдауға көшті, бұл бір ғаламат кештің белгісі еді. Ғайша әндіде біледі, айтса тілі оралымды, шырқаса үні балдай, секілденеді. –Сұлушашта, Байзаққа жақындай түсіп ыстық денесінің лебін, сездіргендей денесін Байзаққа беріп жақындай берді, Байзақта қолын созып, жиінішке белінен ұстап қояды.

Бетінде қызыл қан ойнағандай, асыл денесі бойын ала берді, жағалай қоршаған жастардың әсем күлкісі, Байзақтың әзіл сөзіне ауыз жабар емес. Отау ішінде, сықылық-сылтың да, маз қошеметпен қатар қаулап, әзіл мен жарастық күлкі көбейе берді. Қатар отырған Балқия мен Батияда, Қамбар мен Нұркеште бірге күлісті. Той-думанды дулатып отырған солардың өздері. Қамбар мен Нұркеш тез табысып кетті, өленді қосылып айтып, тамаша назды дауыстарымен біраз шырқады. Сұлу жігіт, сарғылт тартқан дөңгелек жүзді, бейнесін қыздың әсем келбетіне беріп, шырқаған әнімен бірге қосыла түсіп, бастарын түйістіріп қояды.

Нұркеште әнді айтқанын жақсы көріп: Біз әлі болғанымыз жоқ!-деп қысылып қояды, бірақ еркін шырқап, қос дауыс жұрт назарын бірден өздеріне тартып «Сүйгенім» әнімен жалғай түсті. Бұл әнді Нұркештің өзі шығарып, көпшілікке таратқан еді. Жұрт көңілін балқытқан сол ән еді. – Алғаш рет өзеннің су жағасында, инағаш ұстап, қос шелекпен суға барғанда, жағада отырып шырқаған, Нұркештің өзі болатын. Сағынышпен «ғашық» болған жігітін кездестіре алмай налығанда, айтатын еді. Міне бүгін сол жігіті қасында Қамбарға батыл жақындап, жібектей созылған денесін түйістіре беріп, сыпайлықпен білдірмей, ән айтумен бойын серілтті. Басына киген үкілі тақия, күміс сырғалы, ең сәнді киіміде бойына әдемі жарасып, жүзі бір қызарып, ақшыл тарттыда, ашыла түскендей болып отырды.

Нұркеш туған айдай, нәзік қылдай, бірақ көңілінде бір сыр бары білінеді. Айтуға дәті бармады, оңашада ақтарсам ба? деп, те ойлады. Сырға толы жүзінде байқатпады. Аппақ бет ажары, қою шашы бұрымына түскен, мөлдір көзі, сұлулана біткен, бет әлпетінің, төменгі жағында, қара нүкте меңі бар, кемеліне келіп отырсада, жігіт қызығатындай «сұлуды» қайдан табасың? Нұркештің бойында, күміс келбеті нұр шашып, сырлы аспанға, ұзақ сапарға серікке шақырғандай, алып-ұшып апарады. Бойыңды берші, сүйген жарыңа,

сырың бар көңілдің ішінде, түйіліп қалған жүрегің сол сырыңа бер жолыңды, ол махаббат бесігі бірге тербелетін, сүйгенісің сен оның.

Қамбардың да айтылмаған, ой арманыда бір тұтас, бұл алғашқы кездесуі, бұрын сырттай «ғашық» болғанын айтуға да, көре алмағанын арман еткен. Сол арманы жетелеумен, көзін бір сәт алмай қараумен отырып, Нұркештің жүзінде болды, әлі айтып тіс жармады. Сағыныш оты басылмай, жалын атқан жүрегі, асау толқыған өзеннің сағасындай, отырумен налыды. Әпсәтте, шетте отырған ақ жаулықты сары кемпір: -Айналайын Нұркешжан, өркенің өссін! Құдай көңіліңді өсіріп сүйгеніңе қосыл!

Осы салған әніңді естіп, қандай қиындықты, айтылмаған сырыңды естіп, әніңе қуанып қалдық, халыққа арнаған мұңыңды естіп, көзімізге жас алып, қайран өмірдің азабын тартқан, ауыл адамдарын сөз еттің, бұл ешқашан ұмытылмас асыл жыр!-деді әжей айтып болып орнына отырды. Байзақ пен Қамбар, жылқы бағамыз деп, көрші Сарықопаға көшкен, бірақ Сүндеттің достары, тойына әдейі келіп, бас қосқан еді. Жаздың бірі болатын. Байзақ жылқы соңында жүріп, үлкен бір дауға қалды. Оның басы, жайлаудағы, қараңғы түннің нәзік жүдеу мұң басқан аспан астында, бойларын шер тартқан, жырдан басталып созылды.

Еселеген қонысқа бет түзеген кез. Жайлымға шыққан жылқыны екі жаққа бөліп айдап, қуғындап әкетіп жоқ қылды, естіген жұрт дүрлігіп «аласапранға» басты. Жай күндері сақтықты ойлаған Байзақ, табынды айдап әкеліп, ауыл шетіндегі көл жағасына торыған еді. Көлден су ішіп, Қызбел бағытына жайылған. Байзақ түн баласына ат үстінде, жылқыны қарап, көзден таса қылмайтын. Алысқа ұзаған соң, Байзақ жылқыны қозғамай, табында ұстауды жөн көрді, ауылдан алыстап кеткен болатын. Қараңғы түн тұнарып, тұман басқандай айнала бұлдыр тартып, алыс пен жақынды көре алмады. Бір мезгілде, аттылар тобы қаптап кетіп, кісінеген жылқының жартсын айдап үлгірген. Әлден соң жағалай жым-жырт, дөнес асып жоқ болды.

Байзақтың астында күрең айғыры, қатқан қара сойылы, жанарына байлап, үстінде жеңіл шекпені, ерсіл-қарсыл шабумен дамыл таппады. Байзақ жылқы соңынан күн кешкелі, біраз болды. Ұйқы, күлкісіз біраз шаршады, бір жағынан үйір жылқыдан айрылды. Көз алдында, ағып бара жатқан жұлдыздай, оның жарық жұлдызы көріндіде, енді міне өшкендей болып, ағып барады. Айтпай немене? Осыдан біраз бұрын, Сұлушаш өзінің қызығын, ыстық жалынын ашқандай болып, сөніп барады.

Қимадым ба? Қызбелден өтей-күйеу келмек! –Распа! шындыққа сенермін ба? Байламы оны әкетеді, деген қауесет ел құлағынан кетпеді. Бойымды алған дерт, зарлаумен қалған адамдай Сұлушашымды, менен әкетіп, шал қойына, қалай ғана жатып, әйел болмақ? Айтар адам, істер шара болмағаны өкінішті, ойласаң өзегіңді алып, аласұрған заманға «лағнат» айтар сөз қалды. Жастың осыдан басқа айтары жоқ. Қанша тілесемде «тілеуім» орындалмай, аяқсыз қалды. Тек Сұлуашымның сенімі, көңілімді тежей берді, кейде бойыма қуаныш ұялатып бақты. Менде сенсіз өмір жоқ, сені қиып кетпеймін «адал досым сүйгенім» -деп түйіндеді Байзақ. Сұлу тартқан ұзын өрім, қолаң қара шашын Байзақ өз мойнына іліп тастап, қыпша белден бұралта құшып тұрып, айрылмайтын күн болса, еркіндеп сүйіп, баурыма қысып тартар ем, сол бақытты күн келер болса...Екі жас бір-біріне сыр ашып, ешкімге сездірмей іштей тынып, мал соңында болды.

## V I I Т А Р А У

Күн ұясына қызара бата бергенде, кісінеген, айғырдың астымдағы, ерекше бір жұлқынысын, сездімде жүгенін басынан сыпырып алып, кісінеген жаққа жібере түстім, әлден соң топ жылқыны айдап, келе жатқан күреңнің шабысына қайран қалып, жүгіре алдына қарай бара бердім. Бақсам өзіміздің жоғалған жылқыны, қасқа айғыр алдына салып, қуып әкеліп үйіріне қоса түсті. –Үлкендердің айтқаны есіме түсіп: Қасиетті мал өз үйірін табады!- дегені ойыма орала берді.

- Қуанғанан табынға сенімді адамымды тастадымда, шауып отырып Сұлушаштың үйіне жетіп аялдадым. Сұлушаштың жіңішке дауысы, құлағыма бірден естіліп, назды үнімен «қайда менің сол жарым» деумен әнге қосып, жырлайды кейде бәсеңдеп барып, көзіне жас алғандай, ыңырсыған дыбысы, үйде оңаша өз мұңын өлеңмен айтып, ұққандай. Самал желдің ұшқыны, баюлап соғып, бойымды ала берді. Жақындай түсіп, терезе алдынан, әсем дауысының, қимастық махаббаты байқалады. Тағыда тұрып үндемей сыбыс бермедім, әнді тыңдағым келіп, сұлу жүзін сағынғандай, өзімді- өзім тежеумен болдым. Оның күрсінген, ой арманы, мұнды өлеңімен қоса шығып, көп үзіліп барып, қайта бастайды.

–Шіркін дүние-ай! Қалмадың-ау соңымнан, қайда барып, қандай болам? Сабыр тұтар сар мешкей, қалың малды беріп тастап, енді алмақтың күнін айтып, тобыр дайндап жатқанын, біліп уайымның басына түскенін, зарлы дауысымен жеткізуді құп көріп, күні бойы сарылып айтқан әні еді. Жағалай тыныш, адам жүрісі байқалмайды. Қоңыр күздің, салқындай түскені сезіледі. Дала төсінде қалықтаған осы ән Сұлушаш үшін, керек болды. Ол

өзінің қамығып айтқан, ақырғы қыз жыры. Қолына алған кестелі орамалы, сүйгеніне бере алмағанына қамығып, бетіне басып, мұңын шақты. Толассыз өмірі, өшкендей болып, елестей берді, ойыда сағым қуалағандай бойына тұрақтамай, асыл денесі ертең шал қойнына түсетіндігін біліп, қамығумен біраз жылады, көп жылады.....

- Терезе алдында Байзақта тыңдап отырып, қоса қамықты, шыдамыда таусылды. –Өзіне күш жігерін жинап алып, алып қашуды ойластыра бастады. Ұсталып қалмасқа ой жүгіртті. Сұлушаштан айрылса енді оған өмір керек еместігін ұғынды....Атын әкеліп ернеуге байладыда, ішке кіре берді, дауыстап: Сұлушаш! Сұлушаш! бері келдеп, қолын жая берді, Жаным! Сенбедің!-деп қарсы жүгіріп, құшағына жақындай түсті. Байзақ қарулы қолымен, бірден көтеріп алып, далаға шыға берді, байлаулы аттың үстіне мінгізіп, қоса отырды, бағыты Сарықопа ауылына бет түзеді.

Ызғытып отырып, қараңғы іңірді бетке ұстап, қара жол үстімен, келіпте жетті. Әлі ешкім жатпаған, қара күңгірт, май шамның жарығы, адамның жүзін көлеңкелей берді. Біреудің келіп кіргенін байқап қалған анасы Күлайым: Бұл кімсіңдер?-деп ентелей басып, алдарынан шыға берді. Байзақ бірден: Апа! Саған келін әкелдім! Сұлушашты әкелдім!-деді. Күлайымның бұрыннан естуі бар: Жоғары шық құлыным!-деп бетінен сүйіп, Байзақтың бөлмесіне апарды. Көршілеріне хабар беріп, қазірде біраз адам жиналып қалды. Шашу шашылып, атлас шымылдық құрып, қыздармен бірге Сұлушашта шымылдық ішінде болды.

Асылып-шашылатын жағыдайы жоқ, жалғыз сиырға қараған, өте кедей тұратын. Көршілері көптеп, тойын көтеріп кетті. Естісімен досы Сүндет пен Ғайшада бар көмеген аямады, мал атап малдандырды. Жұрт тарап, ойын-сауық, басылған соң Байзақ сүйген жарын, көп жылдан бері айталмаған сырын, іштей тынып сырттай «қатты ұнатқанын» жасырып келді, тек жуырда ғана ашылып, біріне-бірі сездіргенін білді. Сұлушашта көп жылдар бойы сағынды, арнаған орамалында бере алмай, қамыққан күндеріде болды. Ақыры екеуі бір-бірімен табысты. Жиналған бойындағы сағыныш сезімі, Байзақты бірден жетелеп, шымылдық ішіне кіргізді.

-Үзіліп барып, созылған асыл денсін, Байзақтың бойына беріп, баурына жылжи түсті. Тамаша келбетін, бет түзін, Байзақтың сұлу бетіне жақындатып, жұмсақ ернін, жігіттің аузына ұсына берді. Лаулаған от жалындай жігіт қызуы, шыдатпай қос қолымен құшақтай беріп, қысумен өзінің денесіне жақындатып, бауырына еркіндеп кіргізді. - Алып ұшқан дене толқыны, аппақ денесінің арасынан өтіп, балқыған бойын алалмай, ләзат

сезімге бой-алып, күмістей жарқыраған әсем денелері, күн шуағындай болып «нұрға» толып кетті..... Ол кезде Қамбар жылқы соңында болатын. Тағыда қапаланып қалмас үшін күндіз -түні табынның соңыннан қалмады.

–Ұшы-құйры жоқ жарқыраған қамысты көл Сармойын қорығы, құс пен балықтың мекен еткен жері, алты арыс Сүгірдің жайлаған жері, көршілес өтей, таз, татан, құлқай, тағышы «ағайынды ел сыяқты» бір тұтас алып жатқан, осы аймақтың дархан даласында, суы мол, шабындығы көп, мал жайлымы тұтас біткен, бай өлкенің сұлу табиғаты, жасыл желең ағаштар мен сарқырап аққан былағы, көз тояр емес, атадан қалған!-деседі. Нұркештің үйде отырып, іс тіккен, шебер қолы, қық-келіншектер үшін, жаралғандай мүсінді көйлекті өлшеп -пішіп жәресімді етуі, бәрінеде ұнайтын. Әсіресе үкілі тақия мен камшат бөрікті өзіне тігіп, жарасымды қамзеліне түрлі оюлар салып, ал-қызыл жолақтармен, алтын түске бойап, әсемдеген.

Құрбысы Ғайша берген ақ жібектен өзіне көйлек тігіп, Қамбарға ұзатылғанда киетін киімім!-деп ойластырып бәрін құраған. Самал жел, ауа толқыны бәсеңдемей, соғып тұрды. Қамбардың үй іші дайындық үстінде болды «келін» келеді деген сөз, ауыл жұртына кең тарады. Барлы жоқты, кигіз үй тігіліп, кілем ұсталып, текмет төселді, отау ішіне желбіршек салған атлас шымылдығы ұсталып ілінді, төсек көрпелер арнайы келген қонақтарға деп төселді. Бір қараған адамға, тамаша етіп, сәнді қылып жасауға тырысты. Қамбардың астында қасқа айғыры, түс ауа төте жолмен, желіп отырып, топ болып кетіп бара жатқан аттыларды көзі шалды.

Жүрістері суық, кілең саудайыттай, қонжия қонып ат үстінде, оларда бет алып, Сарықопаға бой түзегенге ұқсайды. Аңға шапқан бүркіт құсап, бүріп алып, қан етуге дайын тұрғандай, бойларында бір-бір сойыл, ауыр шоқпарды жандарына байлап алған. Жүрістері тым асығыс «қыздың ұзатылуын тез тоқтату керектігін» сөз еткендей, өз ара жасырын бір күбірге, келгендей болды. Кәрі құртан біреуі бас болып, алға түсе берді. Шауып отырып, белді басып алысқа ұзай берді, малға шапқан қасқыр құсап, қырып-жоюды қалап, сөз басын «шатумен» басқаларыда, соңынан салды.

- Менде ойыма секем алып, үйге тез жетіп, Нұркешке суық хабарды жеткізуге асықтым. Олардың ойлағаны не? дайын отырған қызды жол үстінде ұстап алып, қасындағыларды ұрып-соғып, қызды алып қашу ойларында болды. Соған асықты, қайдан келе жатқанында айтып сөз қылмады. Апан түйе құсап, аласұрған жендеттер, оңай олжамен жол тауып күн көрген алаяқтар тобы, қатыгез өлімнің басында тұрды. Қалың қол, шара болмады «андысқан жау-алып қоя ма?»деген түйін қадала батып, бойды ала

берді. Қамбар бірден үйге сокпай, Сүндетке тартты, Нұркештің шығатын уәдесін жеткізу еді, қалың қолдың келгенін айтып, бір амалын тауып, қызды құтты орынға қондыру болды, сол байлам асықтырды. –

Қамбар атының мықтылығынан, тез барып орнынан басты. Түрі кетіп қалған, сөйлеуге де, шамасы жоқ: тезірек қарсы тұрмасақ Нұркеш солардың «мәңгілік» құрбаны болмақ!-деді. Сүндет: Сен саспа, менде қару бар «мылтық» бар, оларды аяғынан атып қолға түсіреміз, қазір соңыма үш-төрт адамды жинап алып, Нұркештің үйіне бірден барып, оларды ұстаймыз!-деді иығына мылтығын асынып. Қамбар қуанып кетті: Көрсетерміз көкесін!-деді. Әпсәтте бәрі жиналып, атқа қонды.

Сүндет бастап, көк жорғасымен алға шыға берді. Айтқандай екен, көшенің шет жағынан жылаған дауыс, у-шу болған Нұркештің үйінің маңайы, аттылар тобы, ұрып-соғып, сойқанды салып, қызды әкетуге әрекет жасап жатқан, кезінде бірден үстінен түсіп, Сүндет мылтығын алып, жоғары атып гүрс еткенде, шошыған қулар жалма-жан, бет-бетіне тырпағай қашып ала жөнелді. Сүндет: Тез ұстандар бәрін!-деп айғайға басты. Қамбар айғырымен қуып жетіп, құрықпен басынан беріп, шалқасынан аттан түсіріп құлатты, екіншісін соңынан қуа түсті, жетіп алып жанарлап барып, мойнына құрықты салып жіберіп, талдырып құлатты.

Қолдарын артына байлап, ат бауырына алып, ұрумен үй маңындағы алаңға жинады, ел асырып көзін құртты. Мылтықтан зәресі қалмаған адамдарда қорқып, тығылып қалыпты «мылтық дауысын» бірінші естуі еді. Нұркеште қорқып, састы мылтық бұларда екен деп ойлап қалып, «өмірімнің енді біткен жері»- осы деп зәресі қалмады. Сүндетке, мұнда қауыпты қорғанып жүріндер!- деп, Жарқын мылтықты әдейі берген еді. Заман болса мынау, дұшпан аяқ астынан, Ғайшаны қолды еткені есінде бар «жаман айтпай – жақсы жоқ» -деген болатын.

Сүндет көзінің қарашығындай сақтап, өзінің достарын сүйген жарымен қорғауды, әр қашан есінен шығармай, қиын қыстауда қасында болуға сөз берген, олар өзімен Жарқын, Қамбар, Байзақ, Нұркеш, Сұлушаш, Ғайша, Алтын, Балқия, Батия бәріде бірге оқып, бірге жүріп, бірге өскен, дос-құрбылары еді. –Нұркеш қуанып, ақ жібек көйлегімен далаға жүгіре шықты, үйге кіруге беттей берген, Сүндет пен Қамбар жүздерінде күлкі ойнап, қарсы келіп түйісіп қалды. Қамбар қарулы жігіт, бірден Нұркешті көтеріп алып үйге кірді, асықпай киінуге ыңғай етті.

Нүркеш өзінің тіккен, камшат бөркін басына киіп, мәнерлі камзелі бойына жарасып, ажарын ашып шыға келгенде «бұл сұлуды қайдан көрдім» деген Қамбар қарқылдап күліп, жарының денесін өзіне тартып сүйумен болды. Ғайша әдемі киініп, есікті ашып үйге кіре берді: Көлік дайын тұр, жүрелік!-деп келген бетте Сүндетке жақындап, асығыстық білдірді.

– Қамбарда соны қалады. Нүркеш жарқын жүзімен көңілді бейнесін, Қамбарға беріп, қолтығынан ұстап, сыртқа шыға берді. Үй алдында жегілген ат арба, әсемделіп қызыл матамен байланған жетектері, көгілдір тартқан доғасы, жұмсақ қып салған төсегі, қарындаш жеңіл арбаның үстіне төселген, кара сырмен сырланған, қоңыраулы ат үстіндегі әбзелі жарқырай түскен, пожы ұстаған жас жігіт, ишарат білдіріп, бізді күтіп қолымыздан ұстап, сүйемелдеп арбаға отырғыза бастады. ...

Бізге тағыда, қос аттылар ілесті. Қамбар мен Нүркештің тойына көп жиналды, Сармойын көлінің маңындағы, көп ауылдар Сарыөткелден бастап, Қараменді, Жарман, Науырзым бас қарағайына дейін осында болды. Тойда отау іші лық толған қонақтар мен ауыл жастары, Ғайша бастаған әншілер Балқия мен Батияның шырқаған әндері, жұрт есінде қала берді, талайлардың көңілін босатып «өткен өмірдің» азабын естеріне алып, өлеңге қосып жырлады. –Жарқын ол кезде, колхоздармен жиын өткізіп болған соң, «бүркітшілер-қауымын» жинап, жер-жерлерден алғызды, –үкімет малын сақтауды керек етті.

Жыл сайын жапа шеккен халық, жиында сөз сөйлеп, табынға дейін жоғалтып, ұялы қасқыр тобы, адамғада дейін шауып, мерт қылған. Осы жайларды көлденең тартып «мал басының өсуіне» үлкен кедергі жасап, жекенінде күн көріп отырған сүтінен айырды. Бек бастаған, бүркітшілер тобы құрылды. Әуелі аты шулы «Қызыл ту» колхозынан бастағанын жөн көрді, Жарқын өзі бастап, Бекті таныстырып, колхоз басшысына аттылар тобын көмекке жіберуін тапсырды, арнайы қоныс «будкасын»жасатып бергізді. Колхоздың тың даласы, шалқыған өзен бойымен жалғасып, таулы дөңеске барып тіреледі. -Сол дөңесте, қалың тал бауыр бойына сықасқан кең шатқалдың аумағын алып жатты.

–Осы жерден өрбіген қасқыр, сай-жырамен өтіп, мал қонысымен жайлымды басып, тобырымен өрістегі малға шауып, қорадағы отардың төбесінен түсіп, жайратып отырған. Бек бұрын аңшылықты кәсіп еткен, тәжрибесі бар, атадан қалған «мұра» деп алып бүркітін, күтумен баптап, аңға шығып отырған, кездескен қасқырдыда соғып алып, олжа еткен. Жарқынның астындағы қара жорға, аңшыларды бастап, төбеге жылжи түсті.



Қасында Бек, Әсіп, Жұмат, Әлкен, Жұмаштармен бірге, топ аттылардың алдында колхоз басшысы Сейден көрінеді. - Бек алып денелі, ұзын бойлы, ат жақты орта жасқа келіп қалған, тепсе темір үзетіндей күші бар, салмақтап сөйлеп, Жарқынға бірден ұнаған, азаматтың өзі болды. Сондықтан сеніп тапсыру, ең маңызды жұмыстың, бет-пердесін ашып, дала «зұлымының» жолын кесу болды. Бек өзі мінген топай көкпен, шатқал бойына түсіп, барлық жерді бағыдарлап шықтыда, қайтып оралды. Топтың алдына шығып, қалың талды, сүзіп шығуды тапсырып, сақ болуын ескертті, қолдарындағы қаруды «қолдану әдістерін» көрсетіп, екі топқа бөліп, шатқалдың екі жағын бірдей қамтуды тапсырды.

-Ат тұяғының дүбірі, қойнау бойын ала түсті. Ол кезде қос ішінде, бүркітшілер, қоян етінен жем сауын беріп, бола берді. Бекте өз құсын астауға турап алдына қойып, тойдыра бастады. Күтімі жақсы шабуға ыңғай тартатынын түсінген бүркітшілер бойын баптап, қанатарын сүртіп тарап, тұяқтарын ұқыптап, қондарын түсірмеуге тырысып бақты. Бек бұларды өзі бақылап, әлсіз болса жарақат алып, қалмауын ескертіп, әрбір ұшқан құсының соңынан іле шауып, атының дайын болғанын, есіне салып өтті.

Бектің құсы арнайы тұғырда отырып үйренген, ол өте үлкен алып құс, қарасының өзі, дөңгелек біткен көк жарқыл айнаның шеңберіндей, сәулесін шашып, маңайды шолып, алысқа көз тіккендей, елең етеді, тұтас біткен денесіде, қос қанатының қомақты бейнесі, тау қошқарының денесіндей, ожырая түскен, алып күштің сұқсифан, өткір тұмсығы, батпандай аяғының, бөренедей кеспелтең келген, ұзын тұяғыда, тау текенің мүйізіндей үшкір, иіле тартқаны байқалады. Бектің әкесі, Бахрау кезінде Памир тауында мекендеген Үнділерден сатып алып, бір жылқының құнын берген көрінеді, содан бері, «көздің қарашығындай» сақтап, күтіп-асыраумен күн өткізген.

Ең биік шың төбесінде ұя салып, тау текесінің етін жеп күн көретінін айтқан. Ұшқыр қанаты да, дауыл соққан перінің жүрісіндей, аласапран дүбірдің найзағай соққан, бұлтты аспанның, құядан қозғап, соғып жіберетіні, қос текенің сайысындай, түйіскен мүйізінен от шығып, айқастың соңынан бірін –бірі құрбан етуге, дайын тұрады, бүркітте соның өзі.– Нұркеш жұқалаң, кең мандайлы, ажарлы жүзі, сұлу бейнесінің көркін көрсетіп, көпшіліктің назарын ала берді. Бір отау тарлық болғаннан соң, тағыда екі кигіз үймен толықты, жастар сыртан көп жиналды, әнші мен күйші тарландарда осында. Естіген құлақта жазық жоқ, жастардың іздегеніде сол еді, «бас қосылмай- іс қосылмайды» деген тұжырыммен Жарманнан Тобыл мен Төкенде осында келіп бас сұқты.

–Өнершіл жастар жиналған!-десті халық, Тобыл мен Төкенді бұрын білетіндер. Тобыл ат үстінде тұра қалып, қолында домбыраны аспанға сермей түсіп, ән шырқап «екі жасқа-бақыт тілеп» тойды бастап ала жөнелді. Шалқыған ән, қалың жұртқа естіліп, тамаша дауысымен, қыздарды бірден өзіне қаратты. –Отаудың есігінен сығалап, тамаша жігіттің ат үстінде шырқап тұрғанын бірінші көріп, қызықты.

Оның сұлу тартқан әдемі келбеті, келісімді денесі мен ақшыл жүзі ажарын айқыра ашып, жұрттың сипатына бөлене бастады. Сүндет пен Ғайшада, бірден назарын аударып, Тобыл мен Төкенді отауға кіргізіп төрден орын берді. – Қолына домбыраны ұстаған Төкен кезек күттірмей, олда шырқап «Танысу» әнімен бастап, құйғылжыта салған домбыраның дауысымен отау ішіндегі, таныс емес қыздарға арнап, іліп түсті, іркілместен бой алып, танысу үшін әдейі келгенін айтып жеткізді. Балқия мен Батияда қатар отырған, оларда ән десе жанып түсетіннің өздері.

Сұлу тартқан бейнесін жігіттің жүзіне көрсетіп, екеуіде келген әнші жігіттерге қараумен болды, көздерін айырмады, ұнаған қалыппен отыра берді. Тобыл өзін өлеңмен таныстырып, Төкенді жан-жолдасым бірге өскен, бір ауылдан екенін, айтып өтті. Біраздан соң ән кезегі Балқияға тиді. Баю ескен бір леп бар, өңі қызарып, күлімсіреген қалпы жайдарлы жүзін аша түскен. Әдемі салмақпен мөлдір көзі, төңкеріле қарап, сүйкімді нәзік бейнесі құлпыра түсті.

–Ән додасын ешқашан жіберген емес. Күткеніде сол еді. –Асыл мұра, жан сыры, сол өлеңнің айтуында болды. –Тамылжыған асқақ дауысы, бірден ұйытып, алып жөнелді, тыңдаған Тобылда «бұл керемет ән ғой» деп, сол бойында аузын ашып, Балқияға қарап қапты.

–Ойламаған қыздың өнеріне, естері кетіп екеуіде, іштерінен «мәссаған» деумен тына берді, бұрын естімеген дауыс, бойларын балқытып, асау жүрек соғысы, ұнатып қалғандай, қасына барып отырды. – Артынан қайырмасына қосылған Батияның «әсем» дауысы, құлпыртып ала жөнелді, қос сұлудың бұл әні, көпшіліктің жүрегін тербеп, бақыт құсына қарай жол тартқан «аққу құсы ма?» деп қаласың. Батияның аппақ беті, қара қасының қиыла біткен, сұлу ажарының бейнесін, жарық сәуледен анықтап көріп, қарасаң болды, өзінді ұйытып жібереді. Төкеннің тыпыршыған қимылы, толқыған өзеннің, буырқанған сабасындай, жол тартып, қасына отыруға бет түзеді. Қызда: кел отыр!- дегендей ыңғай тартып, күлімсірей берді.

Төкенде жігіттің төресі, кемітер жері жоқ. Батияда соны аңғарып, жақсы дауысын естісімен, көңілі сонда болды. Ғайша тойды, бір сәт тоқтатпай, кезекті қонақ жігіттерге беріп, тыңдауға көшті, өзінің әнін Сүндетпен қосылып, айтуын соңына қалдырды. Қатар қонған үйлерге, жастар легі лық толды, тамаша ән кеші, бұрын мұндай болмаған, жастар енді екі жаққа бөлініп: «қыз бен жігіттің» айтысы!- деп, Ғайша жария етті. Күмбірлеген домбыра үнін жалғастырып, жастар жиналып «бірге қосыла тартып», күй атасын көпшілікке жайып салды.

–Қосылған қобыз үніде, зарлы дауысымен домбыраға қосылып, «қазақтың тамаша күйлері» бойыңды ала берді, ала берді, ауа толқынымен алысқа ұласып, аспан әлемін шарлай берді... Кезек екі елдің «қыз бен жігіт» айтысы Балқия мен Тобылға түсті. Ендігі кезек Батия мен Төкен тұрды. Тобыл домбыраны жүйітке тартып, әннің басын орай берді, жеңіліп қалмау амалына көшті. –Шырқалған әнін, өзінің бойдақтығын айтып, жұртты күлдіріп тастады. Сен бойдақ болсаң қайтейін, үйленерсің «қайтып келген біреуге» деп тоқтатып мазақ етті. Жұрт «қарқылдап күліп» әзуа еткенін аңғарып, арманда кетпесіне сене түсті. Қыз артынан: бойдақ болып немене? Қыз аулауға келіп пең, атыңды айтып өлең мен, таныстым деп болып пең!- деді Балқия. –Оңашада айтар менің бір сөзім, құлақ салып тыңдасаңшы бір өзің!-деп сөзін аяқтап, Тобыл сыртқа шығып кетті. Қызда: бұл болмас, шықсам шығайын, қонақтың көңілі қалып жүрер!-деп Балқия есіктен шыға беріп, тасадағы тұрған жігітке жақындай түсті.

Қараңғы түн, қою басқан бұлтта, айды жасырып, шар тарапқа сәулесін жібермей, тежеп ұстап қалыпты, ұстамы да салмақты тұтаса көшкен бұлтан көрінер емес, ашық жолаңда жоқ. Даланың осы бір сәті, жасыл аймақтың, көгал тартқан, дала белесіне жетелегендей, екі «ғашықтың» сырларыда ақтарылатын, кезеңге биім етті, бұлда бір құбылыстың айнасы еді. Тобыл арман еткен, сүйген адамын табу үшін келген-ді, сырттан атын естіп, Балқияның жүзін көру, бірінші рет, ауыл жақын болғанмен, аралас шақтың жолы түспеді. Сырттай болжам жасап, осы менің сүйгенім, болашақ жан серігім, деп болжаммен байытты. Балқияда қыр астынан бір хабарын күтумен тосты, бірақ ойлағандай болмады, заман тағыдыры бөгеумен тынды. Балқияның елінде, Тобылдың жақын жеңгесі, Балқияға сөз салып, сырттай таныс еткен болатын. Тобыл келген бетінде сол жеңгесінің айтқан кісісін бірден танып, көзін алмағаныда содан. – Балқияда іштей отырып жобалаумен түсінді. Оның сұлу тартқан келбетін көріп, қыздар қызғатын, сол сөзі ойында, тойда маңайынан қыздарда шықпай қойды.

Тамаша әнші жігіттің шырқалған қоңыр дауысын, бірден қыз біткен ұнатып, шымылдық ішінен сығалаумен болды. Тобыл оларға қарап, көңіл аудармады, тек жеңгесінің бір сөзі: «басқада жұмысың бомасын, Балқия сұлуды тап» ол сенің теңің, бір-біріңе лайықтысыңдар, құдай қосқан қосағың, сол болады одан бас тартпа!-деген-ді. Балқияны суреттеп: «ақшыл сұлу бетінде «кішкентай қара нүкте» меңі бар, сол меңмен бүкіл қыз арасынан іздесең табасын!-деген жеңгесі, қолмен қойғандай айтып келді, сол тойда Балқияда болатынын ескертті.

Жеңгесі Қатима Тобылға жан ашып, бір ауылдың қызы, мақтауға тұрарлық, «сегіз қырлы-бір сырлы» болғандықтан, жасынан ауызға ілініп, ақылды-көркем қыз атанған соң, жаман біреуге қор болып, кетпеуін қадағалап, есіне алып жүрді, сол ойында жігіт пен қызға жеткізгенде Қатима еді. – Жақындай бергенде қыз: Сен Қатима апайды білесің ба?-деп бірден Тобылға сауал тастады. –Білгенде қандай ол менің жеңгем, сол айтқан Балқия сен боласың ба?-деді жұлып алғандай қарсы жүріп.

–Я! Мен дәл өзімін!-деді. Тобыл қолын ұстап: Менің атым Тобыл, жаңа ән айтумен танысқан едік!-деп қайталай берді. Балқия: Мен атың түгіл өзіңе қанықпын, сырттай ұнатып, тойға жақын жердің бәрін шақыру керектігін айтып, өзіңнің келуіңе хабарды Қатимаға тапсырғанмын!-деді. Міне енді көрдім, отаудан әдейі шығып, жүздесіп қалуға бекінген едім!-деді қыз қолын алмай, жігітке беріп біраз тұрды. Тобыл екіші қолымен жіңішке белінен өзіне тартып, ыстық бойын жақындатып, жылжыта түсті. Қызда бетін беріп, аппақ тамағын аша түсіп, жігіттің құшағына кіре берді. Тобыл әдемі оймақтай аузынан сүйіп, қыз денесін қыса түсті.

–Біреу көріп қалар, ұят болып жүрмесін, алшақ кетейік!-деді қыз. Тобыл салмақты денесімен қос қолдап, Балқияны көтеріп алып, үй сыртындағы, қалың ағашқа барып тоқтады. Жағалай тып-тыныш, отаудан домбыра үніде естілмейді, айтылған әнде байқалмады. Тобыл қызуы басылмай, соққан жүрегі дамылсыз тишын алып, Балқияны қайта құшақтап, енді еркіндеп сүйе түсті, денесіне жақындатып, бауырына қысты, бой алған бейнесі өзгеріп сала берді. Тың тыңдаған қос жүрек, сағыныштың сипатын жасап, ал-қызыл жүздері, балбыраған балаусадай, жан ұшырды. –Балқия: Мұнымыз ұятқой, қайтып оралайық, күтіп қалуы ықтимал!-деп бойын Тобылдан алып, бетін бұрып, отау жаққа жылжи түсті. Бұл алғашқы кездесуі еді, Тобылдың айтқан сырына келісіп, таң сәріде атқа қонуға уәде етті. Сол бетімен той-думанға, келіп араласып кетті. Қызыл тартқан Балқияның ажары, ақ қабағының, мөлдір көзі, күлімсіреген бейнесін бірден ашып,

Батияға жақындап, құрбысымен «жасырын сырын» бөлісе бастады. Бәсе, көңіліңде бір қуаныш бар!-деп қалды Батия құрбысының ісіне риза болып, «сүйгенін» тапқанын сезіп. –Айтпасада, Батия бұрыннан жобалап жүретін. Тобыл ерекше жігіт, қай жағынанда алып түсетін, балуанның өзі!-деп қорытты. Төкен мен Батия арасындағы, шынай махаббат өрши берді. Түні бойына той басылмады. Балқияда ұйқы көрмеді. Тобыл қос атты дайындап, алғашқы кездескен тасаға, байлап таң сәріні күтті. Балқия кететінін, Сүндетке жасырын айтып жеткізді.

Сүндет Тобылды жақсы білетін, жайлауда бірге болып «талай еруліктен» бірге отырып, дәм татқан кездері болды. –Балқияның сұлулығына баға жетпес, қыздың әдемі жасы болатын, Тобыл сол қызды қалап, сырттай «ұнатып» бірнеше жыл бойы, кездестіре алмай, қапыда жүретін, жолы түсіп, сол сүйгенін құшағына алып, аз уақыт болсада, еркін сүйіп, жас жүрегін нұрға толтырып, көңілін ала берді «шын ғашықтық» осы болды. Таң біліне, жер беті, ашық аспан күмбезімен, жарығын шашып, жол беткейі көріне бастады. Аттың ер тоқымына жұмсақ көрпе салып, Балқияның асыл денесін көтеріп алып, отырғыздыда, қоштасып жыласқан Ғайша мен Батия, Нұркештер отау жанында қала берді.

Жолға шығып алып, төтемен қия салды. Қос аттың жүрісі қояр емес, дөңестерден өтіп, кең жазыққа шыға берді. Балқия атқа мықты жас кезінен, үйреніп жақын ауылдарға өзі барып, қайтып келе беретін. Үстінде кимешек қамзелі, көк көйлегі, басына жарасқан бөрігі, қымша белінен ұстап алған Тобылдың қос қолы, жарының денесін қыздырып, өзіне тартып, қысып қояды. Балқияда сол отырғанын ұнатып, жарының бетіне кейде түйістіріп, жұмсақ ернін беріп, сүйгізе түседі. Күн көзі жылы сәулесін бере бастады. Жағалай көк майса, бидайық басқан кең алқап. Шөп арасынан шыққан торғайда шырылдап барып көтеріле түсіп, артта қала берді.

Толқынға ұласқан сағымда жер бауырайын өзіне тартып, алысты болжап, толқынды құшағымен өрлей түсті. Дамылсыз соққан баю желде қоса жүріп, ат шабысымен ілесе түскен. Кейде тақыршақ жолды қиып өтіп, ат аяғының дүбірі, балшықты қазып боратып, артқа тастап қояды. Ойпатты жағалап, бұта басқан, сай-жыра бойымен өрлей отырып, ауылғада жеттік. Тобыл бірден жарын үйінің алдына әкеліп, аттан көтеріп түсірдіде, бірге үйге келіп кірді. Қарсы алған анасына: Көптен күткен келініңді әкелдім апа!-деді Тобыл салған жерден Балқияның қолынан ұстап, анасына жақындай түсіп. Қуанған ана: Қос құлыным!-деп бетінен сүйіп, басына ақ шалысын жапты. Сол-ақ екен, ауылдың қыз-келіншектері толып кетті. Шымылдық ұстап,

шашу шашылды. –Балқияның біраздан соң бетін ашып, ауыл біткен, қандай сұлу қыз екен!-десті. –Қасындағы қыздарда таңырқап, сұлу жүзін көріп, естері шықты. Жарқын мен Алтынның ауылдағы дос- құрбылары, өмірде бірге жүріп, бірге өскен, сағыныш сезіммен ойларынан шығармай, арманына жетіп, өз сүйгеніні қосылу жолында, талай тілек айтып, тілдескенде, міне солар....-Саябір бұлт, тұтаса біткен, аспанды кезіп, найзағай төніп, сарт-сұрт етіп, аспан әлемін дүбірлетіп, құйған жауынның нәсері, бүкіл аймақты алып, жердің ындынын толтырып, көк майсаның қайталап шығуын тездетіп, өрістің бой алып кетуі, бір тұтас малдың отын байытып тастады.

Ағаштар мен бұта талда, көгеріп күрең тартып сала берді. Жапан тұз, жалпақ дала өңірі, жаңа туғандай, асыл матаның өңіндей, жаңарып шыға келді. Құлазыған ескі өңір, шаң үйірліп, аспанды басқан, қаңырап жолда қатып, тақыры шығып, жер біткен жон бойына жарылып, ашан түйенің ыңыраңған дауысы жоннан су іздеп, боздаған ботаның дәрмені үзіліп, қуаңшылық жайлап, өтіп кеткен, бір елес болып қала берді.

–Жас келін аяғынан, малшы таяғынан!-дегендей жорамал жасаған ауыл адамдары, келінді жақсы көріп «ырыс келді-мол келді»-десті. Батия тойдан оралысымен, өзінің бойын түзеп, киімдерін жаңартып, дайындық үстінде болды. –Таңырқаған анасы не болғанын түсінбей әлек болды, Батия өзінен басқа ешкім ұқпады. Бірақ анасы сезген болып, қызынан сұрауға батылы бармай, көңіліне күдік туғызып не қылайын!-деумен тына берді. Көл жағасы, инағашпен қос шелегі бар Батия, ақырын басып, қамыстың жиегіне қарай жылжи түсті.

–Ойында ештеңе жоқ, көк көйлегінің етегін көтеріп, шелекпен су алып жатқанда, сыртынан біреу келіп, қамыстың тасасымен көтеріп алып, жоқ болды. Жылауға да дәрмені келмей, ат үстіне қолын байлап, дыбысын шығармай, екі-үш атты адамдар алып қашып жөнелді, сол кеткеннен мол кетті. Анасы аңырап бос қалды, шуласқан жұрт іздеумен әлекке түсіп, түк шығара алмады. Біреулер Қарасуға кеткен деп, болжам айтумен болды, бірақ сол тұсқа екі аттының шауып бара жатқанын аңғарып, көзі шалғандар болды. Бұл хабар Сүндетке де жетті. Көп ойланбастан, уақытты оздырмай, қарулы екі жігітпен атқа қонды, иығына мылтығын асынып, қатты жүріспен Қарасуға келіп жетті. Әр жерде бытыранқы үйлер, шөге орналасқан. Ауылдың шетіндегі ескерусіз, құлағалы тұрған үйге бас сұқты.

## VIII ТАРАУ

Үйге кіріп, оңаша болған соң үй иесінен, сұрап зорлықпен алып кашқан: Батияның қайда екенін біліп беруді өтініп!- жеткізді. Үй иесі, бірден: Я!-білемін, оның аты Бисек екі қатын алып, біреуі жақында қайтыс болып, екіншісін қоя берді, деп естідім, ал бүгін өздері жас қызды «тоқалдыққа» әкеліп тойлап жатқанға ұқсайды, анау тұрған қоңыр соның үйі, манайында аттары көрінбейді, жаппа шалысының ішіне жасырған болуы керек!-деді. Сүндет ести сала, сол үйге шауып барып, мылтығын қолына алды да, есікке тіреп, тартып жіберді «гүрс» еткен мылтықтың дауысынан барлығы үрпейіп, шошыған бойы, бірін-бірі басып үйден шыға келді. Қасындағы жігіттер аттан түсе салып, қолдарын арқанмен бойлап, алаңға ығыстыра берді. Сүндет айкайға басып: Бисек! Тез жаның барында шық, Батияны босат!-деп мылтығын кезей түсті, аянар жері қалмады.

Бір кезде есік қайтадан ашылып, Батия жүгіріп шықты, басындағы шалысын лақтырып тастап, Сүндетті барып, құшақтай алды. Боюдай болып жылаған, көзі-беті ісініп күнгірт тартқан жүзі, көйлегі сөгілген, етек жағына түріле түсіпті, басындағы шашыда дударланып, шашыла түскен, аяғында құрғақ шәрке, қоңылтақ киіп шыққан беті, Сүндетті құшақтап көп жылады. Аюдай еңсере біткен, шоң мойын, қатынға тоймай, қабағы түсіп, не істерін білмей, күбіжеңдеп барып, қатарға тұра берді, шап беріп қолын байлап, ызамен ұрғыштап, аузынан қанын кетірді.

Әлден соң дүбірлете келіп тоқтаған, кимелі ат арба, сәнді маталармен әшекейлеп, ленталармен тағылған әсем көркін көріп жиналған халық бірден ортаға алып, қызықтай бастады. Жанында екі салт атты, қорғаштап бірге жетекшілік етумен болды. Арбадан секіріп түсіп, Төкен Батияны көріп, сыртынан барып, құшақтай берді. Не болды саған? Бері қарашы мен Төкенмін!-деді. Көз жасы басылмаған Батия Төкенді көріп құшақтап, біраз көрісті. Енді жылама жаным! Мен қасындамын, сені іздеп ауылға соғып, Сүндеттің артынан қуып кеткенін естіп, бірден осында жеттім, арбаға отыр, енді сені бір уақыт қасымнан тастамаймын «сол үшін ант» беремін!-деді Төкен Батияның бетінен сүйіп, құшақтаған бойы, арбаға әкеліп отырғызды. Төкен Сүндетті құшақтап «рахметін» айтып, еліндегі тойға Ғайша екеуін шақырды. Жұмсақ төсекке жайғасқан Батияның қасына барып отырып, ауылына бет түзеді.

Жүйіткіген ат жүрісі, екпіндеп жол үстімен зырғып отырды. Дала өңірі, құлпыра түсіп, жұпар иісімен бойыңды ала берді. –Батияда өз-өзіне келгендей болып, Төкенді құшақтап, сағынышын айталмай, біраз отырып сырымен бөлісті. Төкенде әсін-әсін сүйіп, сұлу ажарын, өзіне тартып, асыл

денесін баурына қарай жылжыта түсті. Төкен Батияға ақ атыластан тігілген көйлегі мен оюлап, өнер салып тігілген желеткесін кигізіп, сұлу келбетін жаңа көргендей болды. –Сені тойда алғаш көріп, бірден ұнатқан сұлуым жаңа келді!-деді Төкен Батияны еркін құшақтап, қос бетінен кезек-кезек сүйіп, мауқын басты. Жол алыстап, сар даланың кең аймағына шыға бердік. – Қырат басып, дала гүлдеріде әлі солымаған, көк-қызыл жолағымен түрлене түсіп, жол бойын шолыған. Жұпар иісінде, мұрнымызды алып, баю соққан желдің күші бетке ұрып, толқып барып басылғандай болады.

Алысты болжап, мұнарқан қалың орман «қарағайы» көк жасыл перде тартып, сағыммен жалғасқандай, асау толқынды, құмды аймаққа жол беріп, дөңес-дөңес жал сүзіліп, бүкіл аймаққа тамырын шашқан. Сортаң көлшіктің, ағарған жиек тоғысы, тұз болып тақыршаққа бітискен. Аспанмен таласқан биік таудың шыңы құсап, алып ағаштар қаншама жылдар бойы «ғасырдан-ғасырға» жетіп, жығылады бұлда өңірдің қайталанбас кезеңі болып, қала береді. –Аты шулы Сармойын көлі, байдың мекені болған, қыста малын қыстатып, қамыстың қызығын көріп, көк майса құрағын жеп, ықтасын еткен бұл аймақ, солардың қолында болды. Жарқын өскен ауылда, сол көлдің жағасындағы ауылдың бірі болатын.

–Жалданып күн көрген шаруаның үйіде, жайлымға шығар, кигіз лашығыда топтасып орын тепкен. Батияда сол ауылдан, бірақ туған жері, ауыл адамы «ағайын-туысы» өте ыстық, қанша ойласада кетер емес...Төкенде қулыққа бай, Батияны күлдіріп көңілін көтеріп, әңгімеге тартып отырды. – Жол бойында отар малдың қарасы көрінді, қатар қонған ақ үйлер, жершак басында, қара қазанның астына от жаққан келіншектер көрінеді, тамақ істеп, сүт пісіріп жатқанға ұқсайды, енді біреуі, арқасында қапшығы бар, тезек теріп, сол жершакқа жақындай түсті.

Ауылдың маңында қой желі, сүтін ішіп күн еткен қазақ баласы, қой мен қозының соңында, ұмытылмас шер болып, бойына біткен «бір үзім нана-ай» деумен өтер күнін есіне ала берді, ала берді... Батия көңілі Төкеннің ауылына жақындаған сайын, қобалжу үстінде болды. Бақытымды тапқанға қуансамда: Қамыс арасынан атылған «тайганың» жолбарысы құсап, атқа өңгеріп, алып кетуі, сондағы қорықынышым, «өмірімнің біткені» деп жобалаумен тына бердім, бақытыма Сүндеттің ерлігі, сол өмірімді сақтап қалды, сүйгеніме қосылдым!-деді Батия көзіне жас алып. Айтылған сөз Батия үшін байлау болды. Сүндет пен Төкен оңай ұғынып, Батияға жанын салды. Қапалаған қыз өмірі, қыл үстінде тұрды, Бисек білдірмей қамыстың арасына тығылды. Аттарын тасаға тығып, білдірмеуге тырысты. Ақырын



басып, камыстың сылдырын естіртпей, Бисек еңбектеп ақырын қозғалып, жағаға жылжи түсті. Батия жалғыз, қасында ешкім болмады. Қалың камысты бой тасалап, Бисек жағаға жетіп, қасындағыларға атты тез жеткіздеп, иек қақты. Сатыр-сұтыр басталып жөнелді, су ала бергенде, артынан барып бас салып, аузын тұйшықтырып, ат үстіне көлденең салып, көлдің жиегімен, көзге көрінбей, Қарасу беткейіндегі қара жолға шыға берді.

Арба үстіндегі, қатар отырған Төкенге айтып, біраз налыды. –Көп ойлама бәріде артта қалды, қасарысқан дұшпан өз жазасын алады!-деп Төкен басым айтты. Неліктен бұлай?! Жат болып кеттік па? Әлде панасыз қыз ба? - деді ма, қайран қалған өмірдің жат-жұртқа жаратқан, әлсіз жан!-деп бағалаумен тиылды. Батия ақылды қыз, сұлу тартқан жүзімен, адал ниетің, адамгершілігін ашқан қыз. Төкенде алғашқы тойда, бірге отырып, бірден ұнатқаны, сағыныш сезіммен қайталай беріп, құшағын айырмай, өзіне тартып, ақ бетінен сүйе берді.

Төкен оның тамаша қасиетін ойлағанда, Батияның тазалығына сай, бойын тежеп, әсем жүзін аша түсіп, сұлулық келбетін көргеннен-ақ, бойын билеген жалын қызуы, қыз маңынан шыға алмады, сол сағыныш қайта оралып, Батияның үстінде болды. Тігілген ақ отау-алты қанат. Қалың жұрт. Арасыннан көрінген, әсем көрікті қызыл-жасыл киінген, сұлу қыздар, бірден қоршап алды, сол-ақ екен тездетіп, аттан көтеріп алып, Батияны түсірісімен, ақ шымылдықты алдына ұстап, оң аяғымен отауға кіргізе берді, шашу шашылып, бетін ашып, өлең-жырға ұласа түсті.

–Сүндет пен Ғайша бастап, ән айтумен, бүкіл жұртты таң қалдырып, бойын алды, қандай қиындықты басынан өткізгенін, өлеңге қосып жеткізді. Мұңды өлеңі, көпшілікті жылатты. –Жарманға жақын ауылдан, Қараменді, Сыбсың, Данабике, Шұқыр, Өмірбек, Төбелес, Жарық қоныстарынан бәрі жиналған. Балқия мен Тобылда, Қамбар мен Нұркеште, осында дос жарандар тағы бар. –Атағы шыққан өнершіл, талай ойын-тойда, халықтың алдына шығып, шырқаған әнін естіген жұрт ұмытпастай есіне түсіріп, төрдегі ажарлы жігітті нұсқап, білетіндер бас салды. Ол Данабикеден келген, Сүгірәлі болатын. –Көпшілік қоярда қоймай, қолына домбыра ұстата бастады. Әлден соң ашық назды дауысымен шырқаған әнін, естіген жұрт сырттағы, бірі қалмай, отау ішіне кіріп сықасты. –Көп сырлы мұңын өлеңге қосып жырлады. Сүйген жарынан айрылып, қалғанын мұң етті. –Гүлім табан астында жоқ болды. Ағайындары жетім қыздың, момындығын пайдаланып, құлынды биеге сатып жіберген!-деседі. Ол күйеу бірнеше қатын жіберген, ат жақты, шоқша сақалды, зор денелі, елудің қырқасынан асқан, бау кеспе ұры,

бірнеше жылдан бері Мырзахмет-Қараның жылқышысы, жаз болса жайлаудан шықпайтын, Әлім есімді, қара кісінің өзі.

–Гүлім Данабикеде бой жетіп, ақылды сұлу атанған жас қыздың, алды болды. –Сүгірәлі ұнатып, сөз салып, Гүлімді көруге, өзен жағасында отырып ұзақ күтетін. –Жаздың бірі болатын. Аспанды бұл алып, сіркіреп жауған жаңбыр, ауылды басып, өзен жағасына ауысты. Сүгірәлі бірнеше күннен бері Гүлімді көре алмай, уайыммен үзілді.

–Жауынның астында қалып, көп отырды, желең шапанын басына жауып, денесіне сорғалаған жауын суы, жас жігітті ширатып жіберді. Баксақ! Қолында шелегі бар, Гүлім жағаның аласа жеріне қарай, барып шелегін толтырып алып, қызықтап өзен бойына қарап, ұшқан құстардың легін көріп, су бетіне қонғанын байқады. Жауында басылды, күн шығып, айнала жарық сәулеге оранды, аңқыған жұпар иісі, жауыннан кейін тамаша рай танытып, бойыңды биледі.

–Гүлім әлде біреуді күткендей болды. Жағалай қараумен, ауыл жаққа көз тігіп, атты біреудің келе жатқанын, көзі шалды. Сүгірәліде байқап қалып, жалма-жан атынан түсіп, шылбырынан жетектеп, суға бет түзеді. –Көптен күткен жан сәулесі алдынан шыға келді. Ақшыл келбетін беріп, ажарын ашқандай, сұлу жүзімен Гүлім жақындай түсті. Сүгірәлі, көптен көрмеген жарының, бірден қолын ұстап, өзінің денесін, қыз жанына жылжыта берді. –Бұрын бұлай кездеспеген еді, тек сырттай сөйлесіп, уәделескен болып жүрді. –Ғашық ойын хат арқылы, жазып беріп, сырларымен бөлісетін.

Гүлім өзі тігіп әкелген орамалын ұсынып: Бұл менің мәңгілік сертім!- деді. Сүгірәлі мойнындағы «қасиетті тұмарын» алып Гүлімнің мойнына тақты: Бұл тұмар, ешқашан адастырмай, өзінді дұшпандардан қорғайды, берік «махаббатымыз» болады, бүкіл қасиет осында!- деді Сүгірәлі, бірден құшақтап, белінен ұстап, өзіне тартты. Елжіреген денесі асқындай түсіп, бетіне қан ойнады, бетін бұрып, жұмсақ ерніне ауызын апара беріп, сүйіп ала жөнелді. Қызда кет әрі болмады, денесімен жұптасып, асқар шыңға шыққандай болып, қолымен жігіттің мойнына орала берді. Сағыныш сезімін баса алмай, жағада біраз тұрып, таса жерге ығыса берді.

–Жігіт жасырмады, бәрін жайып салды. –Гүлім! Сен ренжімесең, біз үйленсек қалай қарайсың? Менің сағынышым сол сенің қасыңда «өмірлік» болуға «ант» беремін, жеке жіберуге қорқамын «андысқан жау аяқ астында», кетіп қалсаң өміріміз не болмақ?!-деп тұжырымдады. Қаранғы түн. Данабике елді қоныс. –Айтумен Әлім, қыз ағаларын алып, әкелген құлынды билерді

беріп, көңілін жайландырып, Гүлім үйіне бас сұққаны осы еді. –Сұқтана кірген бөтен адамның қалпын танып, анасы бірден ыршып түсті, жүрегін басып отырып қалды. –Бұл өзінің айла тәсілі!-десті.

Гүлімді жеке бөлмеге қамап ұстап: тез киін, мына кісі сенің болашақ жолдасың, әдейі әкетуге келгені!-деді жамағайын үлкен ағасы Торсан. – Барсаң ешкімненде кем болмайсың, тамағың тоқ болады!-деді екіншісі. Мен Гүлімді алақаныма салып жүретін боламын, бір үйде жалғыз өзі, билікте қолында болады!-деді Әлім-күйеу, қызға жалт қарап төне түсіп. –Жоқ! Мен ондайды қаламаймын, өзімнің уәделескен адамым бар, сүйгенім бар, сонымен боламын!-деді көзіне жас алып, бақырып жылай берді.

–Жұлқынып маңайына ешкімді де жолатпады, ұстауға қолына жабысқанды, аюсыз тістеп, қанға бояды. Әлден соң есін жиған анасы Рабиға: Кетіндер осы үйден, қайрымсыз көгермегірлер, құдайдың қарғысына ұшырандар, осының бәрі бастарыңа берсін, аруақ соқсын соққылар!-деп жылаумен далаға шығып, аңыраумен үй маңында қала берді. –Зорлықпен қызды арбасна салып беріп, Торсан мен Шегір ізін білдірмей тайып тұрды. Жұрт жиналғанша, оларда ізін суытты. –Қап әттеген-ай! Біз білмедік! Табан астында, келуі қалай?!-десті. –Әлім сол кеткенен, қызды жанынан шығармай, басып отырып, арбаға таңып тастады, бұлталар амалы болмады, Шомбиған қос қолдың күші, нәзік жанды илеп тастады. Шеткерек ауыл үйдің біріне әкеп, жер үйдің жеке бөлмесіне кіргізіп, қамап тастады.

Түн, жұрт қалың ұйқыда, ешкімнің жүрісі білінбеді, тек қыбырлаған Әлімнің, аяқ алысы дамылсыз «гүрсілдеумен» болды. Бір кезде, есік ашылып, үстінде ақ жиде-дамбалшаң, жалаң аяқ, жетіп келіп, боюдай болып жылап жатқан Гүлімді құшақтап, қарулы қолымен, бойына тарта бастады. Ыршып түскен қыз, атып тұрып, есікке жармаса түсті: Кет лағанат, көрмегенім сен болсын!-деп бақырып жан ұшырды. –Әлім қойсын ба, зор денесімен, қыздың аяғын тақымына қысып, қозғалтпай қолын ұстап, қызулы денесін, қыздың бойына жіберіп, денесін сербілітті, «қыз бақытын» құлатып тынды, абыройын айрандай төкті. Әлім денесін алмай, қыздың қойнынан шықпады.

–Әттеген-ай! Қапыда ұрынғаным! Сонда Сүгірәлімен кете бергенде мұндай болмаса еді!-деп ойлаумен жылауда болды. Арманы бәрі бітті, бақыты құлап, оты сөнді, ажал тұтар сәт келсе, тік жардан секіріп, өзеннің тұйығына батып жоқ болсам!-деумен ойына алып, іштей тынды. –Жұмысын бітіріп, шал енді ешқайда кетпес, кетседе қай бетімен бармақ!-деп көңілін басты, бірақ тіс жарып жан адамға сездірмеді. Кетерде есігін тағыда мықтап

жауып, сыртынан құлыптап қойды. –Бірнеше күн, қызды қойына алып, мауқын басумен болды. Сүгірәлі, жасырын той арасында, Әлім шалдың үйін сұрап білді. Ол кезде Әлім жайлауда болатын, бірақ көршілеріне тапсырып, жөнсіз адамды жолатпауын ескертті.

–Тойға келгенін сылтау етіп, Гүлімді көруге асықты. Той тарқасып бола бергенде, атына мініп, көк төбелмен желіп отырып, айтқан үйінен бір-ак шықты. Атын тасаға байлап, ақырын басып, терезе алдында жанып тұрған май шамды көріп, сығалап келіп, терезеден белгі берді. Гүлім жақындай түсіп, Сүгірәлінің жүзін көріп, бірден далаға жүгіріп шықты. –Сағынғаны соншалық, жылаумен Сүгірәліні құшақтап, бойына кіре берді. Менде сені сағындым жаным!-деп бетіненде, аузынанда сүйумен, жарын көтеріп алып, атына мінгізді.

Қазір, отауға соғып, екінші атқа отырасың!-деді. –Мен үйге апарым түсіремін, көп жылдар аңсаған арманым енді оралғандай болды, кенеттен айырлып қалдым, енді «өмірлік» өзімдікісің!-деді. –Қыз жылау үстінде болды: Саған арнаған «аманатымды» сақтай алмадым, шалға бұйырды!-деп өксіді. Сен жылама Жаным! Оған сені кінәлауға болмайды, заманның ағымы, талай қыздар шалдың құрбаны болып «Денемді шал сипаған-ит жесін деп, жартастан қыз құлапты терең суға!» деп шайыт болғандар қаншама, сен нәзік жансың соны пайдаланып қатын етпек болған Әлім кү өз жазасын алатын болады!-деді Сүгірәлі қызды құшақтап, аузынан сүйді.

Отауға жетіп, екеуі екі ат мініп Данабикеке тартты. Таң ата, Гүлім өзінің туған ауылына келіп, бірден жігіттің үйіне барып, «келін» болып түсті. Қуанысқан ата-анада шек болмады. Сүгірәлі Гүлімнің шешесін алдырды, анасы Рабиға қызын құшақтап біраз көрісті, жиналған елді жылатып, қуанышты көңілін басата берді. –Жігіт сағынышы басылмады, қызды құшақтап жеке бөлмеге барып орнықты. Қыздың тамаша жүзі, бұрынғыданда өзгеріп сала берді. –Алғашқы өзен бойында кездескен кездері, діріл қағып сүйіскен еріндері, бүгін ерекше құлпыра түсіп, сүйгенінің алқашқы күні, денесін от шарпығандай болып, ыстық сезіммен жігітінің қойнына кіре берді. –Жазық даланың кең жатқан өңірін қиып өтіп, арнасы шалқи түскен, асау толқынды, өзен терең тартқан, түбі жоқ!-деседі. Желді күні буырқанып, құлаш ұрған үлкен толқын, домаланып жағаға соғып, құмды балшықты құлатып кең арнасын кеңейтуге тырысады. Бура құсап, буырқанып шашқан, судың көбігі жағаны лайлап, батпақ еткен. –Тынық күні, күн сәулесі, жиектегі ағаштың арасынан сығалап, су бетінде күмістей болып, көзінді қаратпай, жылтыраумен алысқа созылып кете барады. Жаз самалы да осы

дерсің. Қаулап өскен бидайықта, жағадан басталып, өрістегі малдың жайлымына теңескен. –Өзенге шомылған балаларда, жақын ауылдан келіп, өз ара суға түзгіштігін байқатып, кешті батыратын.

–Озып шыққандары, бірін-бірі мақтап, керемет болатын. –Шіркін жастық шақ! қайда барсаңда, «асыр салып», ойнауға батылдықы танытып, қоясың. Көктемнің жаңа туып, жадырай бастағаны, әлде ғана. Қыстан шыққан малды жайлымға көшіру басталды. Сармойын көлінен өріс алып, байдың малшыларында тыныштық болмады, табынымен айдалып, көшкен ел құсап, өгіз арбаға тиелген, кедейдің лашықтары, қазан ошағы, түгелдей жол үстінде болды. Олар елді мекен: Саршығанақ, Қарамайшы, Науырзым төңірегін, басып, Қызбел тауының бөктеріне дейін, жол тартады, жаз бойы, қақаған күздің суығына дейін, сонда болмақ.

–Тоңып жаурасада, жайлым шөбі қашан қурағанға дейін, мал жайлымын күтпек. Ағаттық, жіберсе кешіріммен іс бітпейді, шоңғал-шоқпардың құрығына ілігесің. –«Бір үзім наныңнан» айырлып, ел кезіп кетесің. Сорлы басы сорға жығылады!-деген осы. Қайран қалған ел тағыдыры, байдың уысында болып, күн өткізген, барар жері, басар тауы болмады, қараңғы түндікте қамалған кезі, шығар күнің сәулесін күтіп, азабын шекті. –Масайрап жүрген болыстар, қос-қостан қатын алып, әлі гүлі шықпаған қыздардың денесін өзіне тартып, қойнына баруды аңсаумен тұтты. –Гүлім келін болып келісімен, бар үй шаруасын дөңгелетіп әкетті.

Үй ішіне жаңалап көрпе тігіп, қазақтың түрлі ұлттық өрнектерін салып, мүсіндей етті. Көршілері түгелдей, көрпесіне қызығып, оларда істетіп алуға жанын салып бақты. Үй шымылдығы, атластан тігіліп, жиектерін қызыл-көк ленталармен өрнектеді. –Көйлек тігуге де, өлшеп-пішуді бірден үйреніп, жарасымды етуге бет түзеді. Сүгірәліде жараның қол шеберлігін біліп, мақтауын асырды. –Сен шаршаның ғой, біраз дем ал!-деп жұмстан келген бойы Гүлімді құшақтап, бетінен сүйіп, құшағынан шығармады. –Кеш жетеді ғой, менің дайындаған тамағымды, ішіп демінді ал, қазір дайындап алдыңа әкелемін!-деп үзіліп құшағынан шыға берді. Бойын билеген, дене қызуы шыдатпады, Гүлімді жібергісі келмеді.

Гүлім бас салып, ауызынан сүйіп, ысылып шыға берді. Алдап кеттің ғой!-деумен қала берді. Гүлім сақылдап күлді да өз жұмысымен бола берді. Сүгірәлі төсегіне барып, қисайдыда, Гүлімнің шақыруын күтті. Бұлда алдап, қақпанға түсіруге бекініп бақты. Гүлім бірден түсініп, маңайына жоламай, есіктен сығалап шақырдыда, жалт берді, қолына түссе жібермейтінін білді. – Асау жүрек, кешкілік болып молынан табысты. Қыздың мың бұралған асыл

денесі, жігіттің құшағында болды. –Ол кезде Әлім жайлауға қоса қонған, Қызбел малшыларына көз шалып, кешкілік кезді күтумен барлап, қыраттың ойпат-шұңғылын байқап шықты. Қолайлы түкпірді тапты. Әккі ұры, уақытын бос жібергісі келмеді, қайтседе малды болуын қалады, өзін кімнен кеммін «бай» болсам, беделім өсіп, сөзімді тастамайтын, силы боламын, алғаным жас қызды да, қойныма қатынғыпта салдым, бай бөкперінен қалғым келмеді!-деп ішінен қорытып, ойын сыртқа сездірмеді. Айнала тұман басқан, кешкі самал желдің лебі, түндіктен түсіп, бойын елең етті.

–Жоқ болмас! енді күтуге кеш болады!-деп киініп жалаң шапанын жамыла салып, байлаулы шұбар төбел атына қарай бет түзеді. Ауыздықпен алысып, бесті болған жас айғыр, алып кетуге дайын тұрды. Арқан мен құрықты жанарына байлап, ер тоқымға отыра берісімен, алып ұшып, тұманға сүңгіп кетті. Әпсәтте, өзі көрген жайлымда топтасқан үйірдің, бірнешеуін көзі шалды. –Ойы үйірдің айғырын қолға түсіру еді, айғыр соңынан биелер өздері еріп қалмайтынын білді.

Сол үйірді шеткерек айдап, билердің тобынан тасаланып барып, құрықты салып жіберді, шұбатылған арқанда, бір шеті байлаулы, шұбар төбелдің мойнында, жұлқынып барып бәсеңдеп, ұстата берді. Айғырға жүгенді кигізіп, ауыздықтап алып, жетектеп жылқы үйірінен шыға берді. Билерде кісінеген бойы, айғырдың соңынан еріп, қалмады. Манағы өзі көрген жерге, біраз аялдады, жуас билерді айғырмен бірге арқанмен қосақталып, айдап ала жөнелді. Ол кезде таңда жаңа білініп, тұман тарап, жол табаны көрініп, аспан шайдай ашыла бастады.

–Әлім көп дөңестерді басып, ауылдарды артқа тастап, қалың қамыстың ішіне әкеп, тоғытты. Жан адам білмеді. –Ертеңіне, бір үйір жылқының қолды болғанын, сезген көршілер жағалай ат шаптырып, ізін кесе бастады. –Көпті көрген, өмір бойы жылқы соңында жүрген, Кәкім: Жылқы сонау қамысты көлге, айдап әкетті, жолды білетін осындағы жылқышының бірі!-деді салған жерден. Онда елге хабар айтайық «аттылар тобы» келсін десті. –Хабар жетісімен қарулы, топ атқа қонды. Олар келісімен Кәкімді бас етіп, Сармойынға бет түзеді. Жалпақ көл, қалың жамыс жағалай біткен. Жарқыраған көл беті күмістей сылдыр тартып, кең алқапқа құлаш жайған. Кәкім қамысты жерді байқап шықтыда: Кешті күтелік, жылқы бөтен жерді ұнатпай «кісінеп» өзі белгі береді!-деді. Айтқаны дұрыс екен, жылқылар бірінен соң бірі кісінеп, қамыстың ішін шулатты, сол бағытпен барып үйірдің үстінен түсті. –Әкелген ұрыны іздестіре бастады. Жылқыны айдап, әкете бергенде, көлденең деп бір атты, алдарын бөгей берді.

Кәкім бірден: Мынаның өзі! Ұстандар! Бізге көрші болған!-деп айғайлап, аттан өңгеріп алып, қол аяғын байлап, жонға алып жөнелді, сол кеткеннен мол кетті, қайтып Әлім оралмады....Күз суғы, жалғасып қысты ала келді, жауған қарда қалыңдап, жер бетін жауып татады. Қытымыр аязда бірге келі. Елеген ешкім болмады, Жарқын өзі бастап, дөңестің ең биігіне қосын орнатып, Бек бастап, бүркіттерін жем-сауына тойғызып, дайын етті. Атылар «дүбірі» Бектің айтып көрсетуімен, тал бөктерін сүзіп, дамыл таппады. Әпсәтте, үлкен шоқы түбінен, түлкі қашты. –Әсіп бірден байқап қалып, қолындағы құсбегін тез жіберіп үлгірді.

Аспанға көтеріліп, бағыдарлап алған бойында, қос қанатын бауырына басып, шұлғи ала жөнелді, батпандай аяғын созып жіберіп, аюлы тұяғымен бүре түсті. Жүрісі бәсеңдеп барып, жерге құлай берді, сығып тастаған бойын жинай алмай өліп кетті. Әсіпте тез жетіп, құсбегін «Кеу!», «Кеу!» леп қолына қондырып, олжасын жанарына байлап, қос басына желумен бет алды. Дөңеске көтеріле бергенде Әсіпті бәріде қарсы алып қуанысып қалды, алғашқы олжасымен құттықтап жатты. Жарқында келіп арқасынан қағып: Құсты жақсы баптаған екенсің!-деді. Өлкен мен Жұмашта дайын тұрды.

Ат тұяғының дүбірі, бүкіл жотаны алып, астан-кестенін шығаруға бет түзеді, ең ғажабы алдыда тұрды. Тағыда шоқ тал түбінен қос түлкі бірінен соң-бірі, жонға тартты, қалың қарды елемей боратып, құйындата түсті. Аттарына мінген бойы екеуіде, бүркітін жіберіп, қолдарымен бағыттап, төмен жазыққа қарай, құлдилап шауып жөнелді. Міне енді басталды «сойқанның кереметі!»-деді Жарқын қызықтап алысқа көз салып, қараумен болды. Жұмаштың құсы, зуылдап шүйіле түсіп, белін басып, құлатып үлгірді, тұмсығымен қарнын жарып жіберіп, қар үстін қанға бояп тастады, әлсіреген түлкі, қаны кетіп, жаны бітті.

## IX ТАРАУ

Екінші түлкі жазықпен шапқылап, алыстай бергенде, бүркіт қуып жетіп, тұяғымен іліп алып, көтере беріп, тастай берді, мойны қайырыла құлаған бойы, салмағымен өліп кетті. Бірден қос түлкіні алып, олжасын қанжығасына байлап, қолына құсын қондырып, атының басын бұрып, қонысқа келе берді. Жарқын үшін бұл табылмас, аңға батылдық болды. Бек бәрін қадағалап, қайтып оралғандарға, қоян етінен тамақты мол беруге, құстың бабын түсірмей осы қалыпта ұстауға, бұйрық берді. –Бұл саяс бір күн емес, айлап созылуы мүмкін!-деді. Жарқында қостап, Бектің сөзі дұрыс екенін жеткізді. Бұл жерде қоянда көп екен, Жұмат бүркітімен қоянның біразын алып үлгірді. Бұл күн осымен өтті, олжасыз емес, қараңғы түсе

ауылға оралды. Шатқалдың орта ойысында, қасқырдың ізі, тобымен жүрген сыяқты болып тапталып қалған, сол тұсты шолу ертеңге қалды.

Бекте сол тұста жұмсақ құм басқан жерде апанның өзі болуға тиіс деп, болжам айтты. Аттылар қояр емес, кілең жас жігіттер, қасқыр десе делебесі қозып, талай жапа шеккендері, есінен кетпестей орын алған. –Дүбір басталып кетті, ат шабысы, шатқалды төңкергендей «дабылға» басты. Қасқырдың көкжалын апаннан шығару еді. –Әне кетті! Көкжал кетті! Қасқыр кетті! Деген дауыстар, кең алқапты алып кетті. Апаннан атылған көкжал, бос қарды боратып, құйындатумен, жонға шыға берді.

Артынан тағы екеуі қашты. Тұғырда отырған Бектің бүркіті, сылып етіп, құйындай ұшып, қос қанатының желге толы алып күші, зымыраумен көкжалға жетіп алып, қанатымен «сарт» еткізіп соғып жібергенде, домалаумен тасқа басымен соғылып, табанда кетті. Құс аспанға қайта қалықтап, жазықтағы қасқырдың шабысына, көз салып үлгірді, аспаннан құлдилап, таудан құлаған тастың екпінінлей, қанатымен періп түсірді, бірден бауырлап жатып қалып, денесі мыж болып, қыңсылаумен барып өліп кетті. Тағыда қанатын бауырына тартып, атылған оқ құсап, төмендей ызғып, тау бөктеріне жақындап қалған қасқырдың үстіне барып, сом денесімен «гүрс» етті, шабуы бәсеңдеп барып, морт етіп барып құлады.

Үстіне мінген бүркіт, өткір үшкір тұмсығымен екі көзін бірдей шығарып, су қараңғы етті, қансырап тұрмай жатып қалды. –жоғарыдан байқап, көзін алмай тұрған Жарқын, Әсіп, Жұмат, Әлкен, Жұмаштар таң қалып «құстың кереметтігіне» куә болды, Бек құсының соңында, алыс тау бөктерінен жаңа ғана, қайтып келе жатқан. –Жарқын: құстың бабын тапсаң-бағың, ерінбеген етікші болады, деген сөз бар қазақта, сол асылдық Бектің бойында, қаншама жыл бойы асырап, күтіп-баптап, дамылсыз жем-сауын беріп, қоңын түсірмей асырауы, оның «ғажап» іскерлігі, сол үшін біз оны мақтан тұтамыз!-деді Жарқын, келіп жеткен Бекті құшақтап, үш бірдей қасқырдың денесін көріп «құттықтады».

–Бұл тек батамасы ғана!-деді Бек жайдарлы жүзімен, Жарқынға бетін беріп. –Жарқын аттылар тобын шақырып алып, бүркітшілер алдына шығып: Міне көрдіңіздер, бір сәтте үш бірдей қасқырды алып «ғажайып» істері, енді малшы қауымның, жылдар бойы бойын билеген қорқынышы кетіп, тұрмысы жақсарып, жаңа өмірдің белесінен көрінетін болады!-деді. –Біз енді, қасымдағы достарыммен, бүкіл колхоздың малын сақтау жолында, Жарқынның басшылығымен, аянбай еңбек етіп, қасқырға тосқауыл қоямыз!-деді Бек жиналғандар алдында, бәрі қол соғып «қошемет» көрсетті.



–Шатқал бойындағы қасқырдың апанын құлатып, ұялы қасқырдың бәрін соғып алды, көкжалдың тұқымы құрыды. –Түс ауа бастаған кез, ендігі бағыты «Алматы» колхозының қырат аймақтары мен дөңестерін шолу, белгіленіп Жарқын өзі бастап, қонысқа апарып қондырды. –Жергілікті жердің топ аттылары қарсы алып, қоныс маңына жиналды. Биік дөңес буылдыр тартқан, бейнесі қалың тұманнан сұйылып, кең жазық, ауыл үйлері, жатаған сарайлары көрініп, жақын шырайлы болып көріне бастады. Қосылған екі дөңестің жазық бойына қарай, шатқал кеңістігі сай-жырамен тұтаса біткен. Қою талда, сол сай бойында қамал болып бекіген, аңның қорғаныш үйшігіде, көжектерін өсіріп, мекен еткен, сан жылдағы топалаң тосын, осы жерден басталған!-деседі.

Жарқын бүркітшілерді жер жағыдайымен таныстырып, колхоз басшысына барлық жағыдайды жасауды тапсырды, аттылар тобы Бектің қарамағында болуды, қатаң ескертті, кешкісіне қара жорғасына мініп Жарқын орталыққа бет түзеді. –Өзі көрген жазық дала, сол далада қозы соңында жүріп, қой табынына жамырамауды, қадағалап бақылап, күн өткізген, сол жазық өңір есін ала берді, ат үстінде сол бір бітпес бейнесі кезектеп тұрды. Бірақ жер бетін, ақ көрпе ораған, асыл жердің табиғаты ымытылмас болып, қала берді.

Жайнаған кең алыптар, бүгінде өзгеріп жаңа өмірдің таусылмас, таудан аққан бұлақтай болып, сарқылмас суымен аймаққа ұласты. –Жарқын өз көзімен алысқа, көз тастап, қара жорға үстінде, желумен белестен өте берді. – Жаздың самалыда кетіп, қытымыр аяздың, өткір желдің, күшімен алыс-жақынды баян етіп, құлаққа келгендей, я бір сыбыс, бойынды ала берді. – Олда қыстың қаталдығы, дененді суытып, тоңазытқандай, кейіпке орай түсті. Жарқын қаншама қатал күнге, бой ұрмады, жастық жалын бойын алып, қызулы дене, шыдап бақты.

–Бірліктегі өзен жаз бойына құстың, базары аталып, бар байлық құсы мен қоса, балықта осында. Ау құрып, аулау ешкімнің затында болмады. Ескерусіз ел ішінде қала берді. Жарқын тез арада, бұл істі қолға алуға ой қорытып, «мен балықшымын» дегендерді жинау ойынан кетпеді. Саналы қолынан іс келетін, адамдарды іріктеуге бет түзеді. –Ат үстінде келе жатып, талай істі «ел тағыдырын шешу жолына арнап» нақты қадам деп ұқты. Сүрлеу жол, қалың бұтамен, жиекті ораған, белесті басып, мұнартқан ауыл маңына келіп жетті. Көшпелі елде саябір тартып, қонысқа бекіген. Мал ұстап, өз шаруасымен «күнкөрістің» тамаша легі жалғасқандай, көңілінді басты. Жаңа заман, тағыдырына жол тартқан, халықтың легі толастамады,

тек бастама жасап, бағыт көрсету, олар үшін тамаша заман өмірінің, кең бейнесі құпталды. –Жарқын сол заманның партиоты болуды қалады, карапайым ел-жұртын бастап, кәсіптік еңбек жолдарын іздеп, халқының қарнын тойғызып, көңілін ашу еді, сол үшін жанталас үстінде болды, ақыры қолын жеткізді, ізденіс зая кеткен жоқ. –Үйіне келген беті, жүгіре шыққан Алтынды көрді. Сағыныш сезімі бірден ұялап, Жарқын жарын көтеріп алып ішке кірді. Құшағын алмай біраз сүйіп тұрған Жарқын, жұмсақ ернінен аузын алмай, Алтын жарына деген, сағынышын баса алмады, жастық жалыны өршумен жұптасты. Кішкентайлары қоршап алып, папасына жабысып, еркелеумен болды.

Аяғы ауыр Алтынды орындықа отырғызып, біраз қасында болып, болған жағыдайдың бәрін жайып салды. Алтын бірден: Мен үйде отыра бергенмен түк шықпайды, қолымнан келетін шеберлігімді көрсетіп, сол өзің айтқан қасқыр терісінен, сырт киім: Жағалы ішік, Жылы тұлып, Қысқа жылы, ыңғайлы -шапан тігуге болады!-деді. Жарқын бірден құптап: Онда мен, осындағы жұмыс сұрап жүрген «қытайлық-азаматпен» сөйлесіп, тері илеуге қоямын, ол сондай жұмысқа лайықты, қолынан іс келетінін сездірген!-деді. Жарқын арнаулы адам жіберіп, Алматыдан тері тігетін «қол машинасын» алдырды, шағын «мастерской» ашып Алтынды басшы етіп қойды.

Алтын өте пысық, іскерлік тәжірибесі бар, аяғының ауырлығына карамастан, ұйымдастырып ала жөнелді. Иін қандырып, жұмсаққып илеген қытай жігіті шебердің өзі болатын. Алғашқы тігілген жылы тонды Жарқын Бекке табыс ету үшін, колхоздың бірден даласына тартты. Астында кара жорға, қай бағыт болмасын, өзі тауып, үстінен түсіретін, бүгінде жол қысқарып, төтемен шауып, құйындатумен алып келіп, қосқа бірақ түйістік. Бек қос басында, екі қасқырды алып тастаған. Үйілген өлі түлкінің денесімен, қоянға толы бейнесі байқалады.

–Жарқын бірден, олжасын көріп, көңілі өсіп: Тез жиналуға бұйрық етті. Аттылар тобыда келіп, қос басына жинала бастады. –Жарқын: Аз уақыт болсада, сендердің ерліктің адам айтса нанғысыз, дала көкжалымен алысып, арпалысқан тағы аңның, жылдар бойы, қауым малшыларға үстемдік жасап, сорлы кедейдің күн көріп отырған, жалғыз сиырын жеп, табанға салып жылатқан, қалың жұрттың, көз жасы кетіп, бетіне қан жүгіріп, бойын қуаныш билеген, сол адамдардың «рахметіне» бөлендіңдер, олар «мәңгілік» айтатын болады!-деп, Бектің үстіне қасқырдың тонын жапты.

Уралаған жұрт қол соғып, Жарқынды құрметтей бастады. Жарқын көпшілікке қарап: Бұл тек бастамасы ғана, қасқырды молайтсандар, бәрінде киетін боласындар!-деді. –Әрине біз бәрін жасаймыз!-деп аттарына мініп, төмен шатқалға құлай берді, апан аузындағы «дүрбелең» қайта күшейе түсті. Жарқынды жолға шығарып салды. Бек құсбегін жемдеу үстінде болды, баптаумен қанаттарын тарап, қоң жүндерін сипап, тұяқтарын тазартып-сұртумен болды, қоңында байқады. Басқаларыда өз бүркіттерін, қос ішінде, армансыз баптады. –Бек Әлкенді құсымен, мазасызданған қос түлкіні алуға, басым айтты. Әлден соң, қызыл түлкі шоқ талдың арасынан жылмаң етіп, көрінгені сол, Әлкеннің құсы қолынан сырғып барып, тез ұшып, шүйіле барып, бас салуға биімделе бергенде, құйрығын көрсетіп, қалың талға жоқ болды.

Құс, қапыда қалғандай болып, үлкен тасқа барып қонды. – Сығалақтаған бойы көзін алмай тал түбіне қараумен болды, шығатын түрі жоқ. –Жұмаш: Бәсе біліп-ем, осылай болатынын, баптауын білмеген «әлек-бабын білмеген тезек» деп күлумен Әлкенді уәз етіп, біраз жерге апарып тастады. Жұматқа көзін қысып «келеке етіп» сырт айнала берді. Әлкен шыдамады: Сені де көреміз әлі!-деп атына тез мініп, құсына жол тартты. Жете бергенде, түлкі талдан шықты да, жазыққа қарай, осып ала жөнелді. Құстыңда күткені осы еді, лып етіп тастан ұшып, соңына салды, тез жетіп алып, белінен бір-ақ түсті, ызаланған бүркіт, басынан қатты бүріп, көзін шығарды, қар үстіне қаны кетіп, дымы біті.

Әлкенде шабумен жетіп, атынан түстіде, құсына жақындап: Key! Key! леп шақырып қолына қондырды, олжасын жанарына байлап, қос маңына бет алды. Әлкен енді, Жұмаштың манағы сөзіне жауап ретінде, алдына осы түлкіні, сілкіп лақтырып жіберуге бекінді. –Жоқ! Олай істемейін, ақымақ пен ақымақ болғым келмейді, қыпысын тауып, сазасын беремін деп, ішінен болжады. Олжалы болған Әлкеннен көз алмай біраз тұрды, айтар сөзі болмаған Жұмашқа: кезек енді сенікі!- деп, Бек нұсқау етті.

Атына жалма-жан отырып, құсбегін қолына қондырды да, шатқал бойына құлай берді. Аттылар сүзіп, бұталарды құрықпен турап, дамыл таппай, үркітіп шығарды, түлкі құйрығын былғаң еткізіп, атып шықтыда, сай-жыраға түсе берді. Бүркіт бірден сезіп қалып, Жұмаштың қолынан ырғып түсіп, артынан салды. Түлкі тағыда жоқ болып, қайда сүңгіп кеткенін, ешкім аңғара алмай қалды. Шеңгел маңын бақыдаған құс, қалықтаумен аспаннан түспеді, андығаны түлкі болды.

–Бұл бір керемет, айлекер түлкі!-десті. Жұмашта атын тоқтатып, сайдан көзін алмай, қараумен болды, түлкі көрінер емес. Күлме досқа-кетерсің босқа!-деген ой орала берді, енді Әлкенге тиісуді қойғандай болып бекіді. Бірдеңеден үріккен болуы керек, атыла түсіп, сай бойын бойлай шапты. Қырағы құс, қанатын қапсыра құйындап барып ұшып, тұяғымен іліп алып, көтеріп аспандатып, апарып тапталған жол үстіне тастай берді, құлаған бойы тыпырлаумен жан тапсырды. Олжалы болған Жұмаштыңда, көңілі орнына түсіп, құсбегімен, қырға беттей берді. Әлкен ол кезде құсына жемін беріп, қоян етімен тойдырған еді. Жұмаштың мысқылы, келісімен Әсіптіде қолға алып сөйлеп: Құсыңды неге жемдемей отырсың, алып алар қызылы жоқ, әпден арыған, нанбасаң қолыңмен қоңын байқашы!-деді.

Бектің құлағна жетіп, құстың қасына барып, қолына алып қондырды да, қолын жүгіртіп, төс сүйегінен бастап, аяғының жон етіне дейін қарап шығып: Рас айтады, құс өте арыған, түлкінің өзі жаракат етуі, ғажап емес!-деді Бек құсын ұстатып, баптамасаң «құсыннан айрылып қаласың»-деп ескертті. Бәсе ана жолы ұшқаныда баюлап, қоянды әрең алғанын білемін!-деді Жұмат қасына келіп, Жұмаштың сөзінің растығын, айтқандай болып. Бек арнаулы адам қойып, Әсіптің құсын баптауға бет түзеді, қаталық жіберсек, еселі еңбегіміз текке суға кеткендей болып, уайым шегеміз!-деп Бекі мазасызданып дамыл таппады. Үш күн бойы, қоян етінен астауға салғызып, жемді мол етіп, қоңын көтеруді қалады.

Әсіпке қайта-қайта тапсырып, қасынан шықпауға, бұйрық етті. Аттылар тобыры, шатқалдың апаны бар деген жерін, ат тұяғымен, ойсырата шауып, тас-талқан дүбірін аспанға көтерді, жер қыртысы аударылып астына түскендей болды. Ытқып шыққан қасқыр тобы, көжектерімен жан-жаққа, бытырап қаша бастады. Өне кетті!-деген дауыстар бірінен соң-бірі естіліп, шатқал бойы болмаған «соғыс» алаңына айналды. Бекте бүркітін ұшырып, бағыттай берді, атына мініп соңынан қуа шапты. Алып құс бірден көзі шалып, құлдилап жетіп алды да, қанатымен осып жібергенде, домалап барып, сылық етті, екіншісіне ұша жөнелді, құс қанатына дауыл желді қоздырып, жете беріп тағыда, бастан ала сарт еткенде мұрттай ұшып, жыраның қырына барып соғылды, басы қайырылып тұра алмай жатып қалды, қыңсылап барып жан тапсырды. Ол кезде аттылар тобы, көжектердің соңына түсіп, құрықпен ұрып құлатып, соғып алды. Апан бітті! Қасқыр бітті! деп, шуласып, қос маңына жинала бастады.

Бекте олжасымен оралды, құсын тұғырына отырғызып, астауға салған дайын қоян етін, құсының алдына тосты. Бірнеше қайталаумен, баптаған

құсы, канатын жайып салып, бойын күтті. Бек қасқыр терісін, арнаулы адамдар жіберіп, илеуге «қытай азаматына» тапсыртты. Жарқын тапсырып кеткен «Красный октябрь» колхозына жол тартты, бұл аты шулы қасқырдың бірнеше ұялы жері осында болатын. Табынымен айдап кетіп, жонда малшысын өлтіріп, ат-матымен жемтік еткені халық есінде болатын. Таңғажайып бұл оқиға бүкіл төңіректі «дүр сілкіндіріп» тастаған.

Содан қорыққан халық, қыс қатынауды қойып, көктемді күткен. Содан бері біраз жыл өтседе, естерінен шықпаған...Бек тауып алып, аты шулы дөңестің үстіне шығып, қосын орнатты. Ауыл алыс болғанмен, жалпақ дала өңірі осы дөңеспен жалғасын тапқан. Шатқалда, жағалай бұта ағаштарымен орала бітіп, құмды өркеш жалымен тұтасқан. Осы жерді бірден байыптап, Бек өзінің назарына бірден алды. Шабуылда, ұялы тұмсықта, аш қасқырда осы жерден басталатынын ұқты. Қуырдақтай қуырған бұл аймақ, қасқырдың мекені болып бекіген. Жаман тонды жаба тоқып, ауыл адамдары ауызы сұйылып, бойларын қорқу басқан. Жайлымға жіберген мал оралмайтын, ұялы қасқырдың жемтігі болып, қайтпайтын.

—Сұраған ауыл адамы, осылай деп ашылатын. Бек жастар тобын күтті, әлден соң топ болып, жол бойында қар боратқан, аттылар келіп, топтаса түсті. Жарқын ауыл басшыларына ескертіп, көлеңсіз жағыдайды туғызбауға қатаң тапсырған. Бек түгел жинап алып, талды бұталарды түгел сүзіп шығуды, қасқырдан сақ болуды ескертіп, бірге топтасуды тапсырды, ызалы қасқырдың аузына түспеу үшін, бірге қимылдауды жеткізді. Құлдилап ойға ойысқан аттылар, бұтаны кес-кестеп, жапырумен топырлай түсті.

Қылмаң етіп, бұта арасынан, көрініп қалуы мұң екен, Әлкеннің қолынан лып етіп, шыққан бүркіт аспаннан бірақ шықты, түлкінің тұсында қалықтап, алыстап шыға берген түлкіге ұмтылып, сом аяғын соза жіберіп, құлдилап түсе берді, қу түлкі қуысқа тығылып жоқ болды. Өттеген-ай енді қайттым!-деген Әлкен, шабумен төмен ағызып өтіп, құсының маңына жетті. Құсбегі биік ағаштың басына қонып, қарауылда тұрды. Жұмаш тағыда күліп: Осыған не керек, бір құсының бабын таба алмай, жайбарлап ұшып, айырлып қалуды месе тұтқан құсты, ұстамаспын!-деді Жұмаш мысқылдап сөйлеп, тоқтамады. —Онда өзім алып баптасам!-деген ойда болды. Шын майымызды ішінен құртты ма?-деп Жұматта қарқылдап күліп, Жұмаш екеуі бірге қос ішінде, шайға отырды. Әсіп үш күннен бері қатыспай, дамылсыз құсын күтумен болды, баптады да. Әлсіреген түрі кетіп, қонды ет алуға көшті. Бек күн сайын бақылап, құстың оңалғанын біліп, жемін аямауға тапсырды. «Ұшқыр құс канатымен бітеді, күштілігі айласымен түседі»-деді Бек. Түлкі

көрініп қалдыда, шеңгел түбінен шығып, жол тарта бергенде, артынан келіп «үстіне гүрс еткенін» бірақ сезді. Белі майысып, ауыр құсты көтере алмай, мамырлап жатып қалды, найза тұмсығымен, кеңірдегін орып жіберді, әлі кеткен түлкі табанда ғайып болды. Тағыда түлкі қашты! Айғай бұданда асып түсті. Бір емес екеуі, аттылар соңына түсті, жеткізер емес, жалтарып қашып, бұлаң етіп айласын асырды. Жұмаш бүркітін, қолын аспандатып, көтеріп алып, бағыттап ұшырып жіберді. Ызғумен төмен ұшып, қанатын қақпай, сұқтана созылып барып, тұяғымен іліп тастап, жерге қапсыра лақтырып ұшырды, түлкі қалы бітіп, жер аунап, жатып қалды. Үстіне жеткен Жұмаш құрықпен салып өтіп, бір жола құлатты. Құсын қолына қондырып олжасын жанбасына байлап, желумен жүріп кетті.

–Айғайдың көкесі жаңа шықты! Апаннан шыққан көкжал, жолдағын тарпа бас салумен, құйындатып өте шықты, екпінінен бәрі сескеніп, жолын бөгей алмады. Алаңдап отырған Бектің құсбегі, қанатын бір қақтыда жанарына жапсыра түсіп, жетіп алдыда, қанатымен сарт еткізіп, соғып жібергенде, бірден құлап түсті, төсіне жалма-жан мініп алып, екі көзін шығарып үлгірді, алып тұяғын батырып, денесін қозғалтпай, ырылдаған үнін су сепкендей өшірді, көкжалда бітті. Бек тапал көгімен тез жетіп, атынан түстіде, құсын шақырып тұғырына қондырды. Көкжал өте керемет ірі, екі адам әрең дегенде көтеріп қанжығасына байлап, сүйрете түсіп атымен борбайлап, дөңеске шыға берді.

Қызықтап, көруге жиналғандар: Бұл бір ғажап, қасқырдың «айдахары»-десті. Бек жалма-жан атынан түсіп, құсын өзінің, жердегі тұғырына әкеліп отрғыздыда, астауымен жемін алдына тосты. Құсын баптап, тұяқтарының қаннан тазартып, тұмсығын сүртіп, қанатын жайып, демін алғызды. Олай болмаса, құстың бабы болмайтынын түсінген Бек әрбір шабуылды, алып күштің жұмсалғанымен бағалап, байыптауға көшті. Құстың әрбір қарасы, дамылсыз шатқал бойындағы дыбысты тыңдап, елеңдеумен отырды, үлкен көзінің қарасы шыр айналып, жер бетіндегі қозғалысты бақылады. Жұмаштың күлкісі, әзіл-оспақпен араласып, Әлкенмен болды. –Сен қасқырға дәмең болмасын, ол қолыңнан келмейді, түлкінің өзіне шалағай болып, сыбысың кетіп, есіңнен айырласың!-деді Жұмаш сөзінің төркінін көрсете сөйлеп. Жұматты өзіне тартып, әзуа қылған келбетін көрсетіп, күліп қояды. Бармағымен Жұматты шымшып алып: Өне! Қарашы, берген жемі, қып-қызыл түлкінің борбай еті, қалай шабатынында жұмысың жоқ, ештеңені сезбей, тұрпайлық жасағаны несі!-деді. Жұматта көрісімен шошып кетті, ол ақымақтың ісі емеспе деп байымдады.

Шұбалаң тартқан, түлкінің денесі, Әлкенің құсының жанында жатты. Көрер көзге ешкімде шыдамады. Жұмаш атып тұрып, түлкінің қызыл денесін, сүйретіп алып, сыртқа лақтырып жіберді. Жұмашта бұл бәлекетті енді жолатушы болмаңдар!- деп уәж айтты. Әлкен көре тұра саспай, өзі білмеген соң жұрттың ақылымен болуды қалағысы келмеді. –Құстың әлсіздігі, қоңының төмендеп, кетуі осындай әлсіз тамақтың, бойына жұкпағаны, түлкінің қасарысып, қайта өзіне шабатыны осыдан, осыны Әлкен ойладыма екен. Жоқ! Әрине, ойласа бұлай істемес еді. –Жұрт берген қоян етін, астауға молғып турап, Жұмаш құстың алдына қойды. Құсбегі масаттанып, жи бастады, денесі ширатылып, тағыда жемге шұқсия түсті. – Дұрыс қарамаған, баптауды білмейін, осындай кемшілігін айтып Бек Әлкенді ұялтты.

–Томсырайған түрі: Сен бәрің маған жабылып, қандай өштерің барын айтыңдаршы, жерлерің тарылса, мен қарамды көрсетпей жоғалайын!-деп Әлкен ашулы түрімен, теріс айнала берді. –Жоқ олай емес, біз бәріміз осы шаруаны Жарқын алдында міндетімізді алған соң, іс қып шығаруға, осы отырған өзіміз «менікі-мынау сенікі» демей, ар ұятымызды сақтап, дала қасқырының «апанын» құртып, халықтың көз жасын тию керек емеспе?!-деді Бек Әлкеннің арқасынан қағып, жылы шырай танытып, бақты. Әлкенде көңілденіп, өз әңгімесімен бөлісіп қасындағы Жұмаш пен Жұмашты күлдіріп, сықақ сөздерге байытып тастады.

## Х ТАРАУ

Бек құстың бәрін өзінің жұмсақ қолымен денесін байқап, қондарын қарап, әсіресе Әсіптің құсын қадағалап, баптауды өз қолына алып, дамылсыз жем беріп, тойғыза беріп, оналта бастады, бірақ түлкіге жіберуге болмайтындығын айтып, сақтандырды. Бек Жұмаш пен Жұмашты жіберіп шатқал бойындағы апанды, тауып аттарды шоғырландырып, аяқтарын дамылсыз қозғалысқа көшуін бұйырды. Арпалыс басталып, дүлей соққан дауылдай, қайнар көздің бетін ашып, қасқырдың тығылған ұясын тас-талқан ету бірінші кезекте тұрды. Қолдарында қаруы, басы жұмыр біткен, салып жібергенде қос қолдың салмағы, тас бұзатындай, ыза кернеген бойларын ұстап, топтасқан қатарын сақтап, қоршап ала бастады. Әпсәтте, ырылдап атыла шыққан ұялы топ, атқа тарпа бас салып, жондарын қан етіп, қаша бергенде, Жұмаш қолындағы жұмыр шоқпармен басын ала, беріп жіберді, сарт етіп басынан тиген бойда қалпақтай ұшып, ырылдап барып құлап түсті. Бәріде бергіштеп, жанын бітірді. Үшеуі жонға шығып, қалың қарды боратып, алыстағы дөңестің бағытына жол тартты.

Бектің құсы, сытылып ұшып, құйындай ұшып, қанатын қомдап, тап үстінен түсіп «сарт» еткізіп, домалатып үлгірді, екі бүктеліп басы қайырылған бойын түзете алмай, жатып қалды, тұра алмады. Памирдегі тау текесімен алысқан құс, тағда соңынан түсіп, жетіп алды. Ботпандай аяғының тұяғын созып, іліп алдыда, көтеріле беріп, жердің қатпарына лақтырып жіберді, мылжаланып барып, жан тапсырды. Алыстан көз ұшында, салып бара жатқан, қасқырды көзі шалды. Бүркіт бойындағы осы бір асыл қасиет, алдындағы жауын алмай қоймайтын, қасарысқан ғажап қайратымен, үйренген тәсілі, әр қашан басымдықты жасаумен болды. Қанатын дайындап, алып ұшып, соңынан басты, ұрып құлатып, төсіне тырнағын батырып жіберіп, ауыр денесімен жайыштап тастады, көп ұзамай сылқ етті. Ол кезде көжектері қашып, Жұмат пен Жұмашта бүркіттерін жіберіп, жігіттер мен бірге қосылып, ойсырата бәрінде соғып алды.

Олжаларын алып, қоныс басына жинала бастады. Бек жұрт алдына шығып: Міне енді малшы қауымның жол ашылды, қорқынышы кетті, апаны құлады!-деді. Бәріде қол соғып, қуаныш үстінде болды, аттылар жақсы хабарды ауылға жеткізуге асықты. Бек бүркітшілерімен «Аврора» колхозына бет түзеді, Жарқын сол аймақта болуға сөз еткен еді. Алтын сырт киіммен қатар, жылы түлкі құлақшында тігуге бет түзеді. Бек арнаулы адамдар қойып, бүкіл терілерді илеуге, аттандырып жатты.

Түс ауа бастаған еді. Қостарын тіркеп алып, көрші ауылдың, биік қыратына өрлей түсті, ауылдан алыс емес, бұл аймақ қалың ағаштармен шатқал бойын алып, етекке созыла түскен. Қатпар тартқан, жазық даланы бұта басып, ақ көрпеге шомылған. Бек қыраттың басынан қонысқа орын дайындап, қарын тазартып, алаң жасап үлгірді. Ауыл жақтан аттылар тобы көрініп, қатты жүрісімен тездетіп, қонысқада жетті. Бұларды бастап келген Жарқында, колхоз басшымен, қоныс басында, бәрін жинап алып таныстырдыда, әкелген қасқыр ішіктерін Әсіп пен Жұматқа, Әлкен мен Жұмашқа кигізді. –Енді бұларды суық ала қоймас!-десті.

Бәріде Жарқынға «рахметін» жаудырып, осындай қамқорлығынада риза болды. Жарқын жайдарлы жүзімен: Бектен бастап, астарыңдағы атты, колхоздар сендерге си есебінде өздеріңе жай беріп, бүкіл малды қорғау жолындағы еңбектеріңді біліп, суыққа тоңып, «ажалдан» құтқарып, дала қасқырының «апанын» құрттып, жандарыңды салып жүрген адал істеріңді көріп, мақтан етумен болды!-деді. Бек сөз беріп, сендірді. Күнде ашылып, аязда саябір тұтып, жаю борасында тоқтады. Осындай күнді қалаған бүркітшілер, тамаша кездеп бағалады. Жарқынның бұйрығымен, барлық



жерлердегі қасқырдың «апанын» құрту, бірінші кезекте тұрды. –Жарқын кара жолғасымен, еліне оралды. Бек құсын жемдеуге бет бұрып, барлығына да баптауды тапсырды, әсіресе Әсіп пен Әлкенге, қоян етін мол етіп астаумен беруді, бұйрық етті. –Алда қаншама істер тұрғанын, білді. Алас-күлес, сойқан тартыс, бұта бойына жеткен жігіттер, ат дүбірін маздатып, тоңды жердің топырағын бұрық еткізіп, аспанға шығарды. Шабуыл бұтаны басып, шокпармен ұрып, жер үстін сүзумен болды. Апанның дәл төбесінен басты, ырылдаған көкжал дауысы, құлаққа естіле бастады, бұлардың іздегеніде сол еді.....

–Кохоздың егістік жері көбейіп, мол өнім күтті. Ауа райыда жаңбырлы болып, егінге дамылсыз төгіп тұрды. Шалқыған шабындықта, толқумен қалың аймақты алып, мал азығы көбейді. Өрістегі малда, қонды болып, мал басы өсе түсті, колхоз ет планын орындап үлгірді. Егінде екі-үш планды беріп тастап, колхоз «Миллионер» атағын алып, жылдық табысымен алға шықты. Мұндай атаққа бәріде іліге бастады, халық тұрмысыда жақсарып, нан молшылығына күйлене түсті.

–Балқия сұлу тартқан бейнесін көрсетіп, басына тартқан орамалын мойнына байлап, ашаң жүзі ашылғандай, жарының иығына басын беріп, көк майса көк толқынды, қалың шөп арасына барып, екеуі аялдады. Кешкілік аңқыған жұпар иісі мұрынды жарып, барады. Ай сәулесіде бетіне түсіп, ақшыл жүзін, ақ матадай жарқыратып, кең маңдайы қоса көрініп, жұқа белін жарының денесіне беріп, қызуын ашқандай, құшағын жая түсті. Тобыл иықты, қарулы жігіт, шап беріп, әсем жүзімен құшақтап алдыда, қалың өскен сая бағының шөбіне апарып, қисая берді.

–Соққан қос жүрек, дамыл табар емес, лаулаған от жалын шашқандай, асау толқыны денесін алып, беттеріне қан ойнап, қызарып шыға келді. Үндері шықпай, асыл денелері, бір-бірімен жабысып, қабаттаса түсіп, шымыр еткендей болып, құшағымен денесін қысып, өзіне беттестіріп, аузынан сүйе бастады. Балқияда белін орап, жігіттің ыстық баурына еніп, сүйген ернін алмай, сұлу бетін жабыстырып, бетіне түйістірумен болды. Бойларын түгелдей қызу шалып, Тобыл шыдамай, Балқияның асыл денесін бойлап, қызуын шашты. Балқияның күткеніде сол еді, жарының бар арманын орындауға бекініп, асау тартқан толқынды қабылдап, жігіт арманын өзіне ала берді. –Толқын тартылмай, құшақ нарының салмағы басым болып, бар арман дүниесін құшқандай болды. Өмірдің өзегі орнағандай, тамаша дүниенің алтын сарайынан жол тапқандай, қос жүрек бірге қосылып, лазат алған бойында, кең өңірдің саясында, жылы тартқан жаз күнінің райымен бола

түсті. Жарқыраған жұлдызда, қош көргендей, аспанды кезіп жымыңдайды, ағаштың жапрағы арасынан сығалап, сәулесін беріп жоқ болады. Салқын самал желде баю есіп, жылы лебін беріп, жылыта түседі. Балқия бейнесіде ақшыл тартқан, аппақ тамағыда, жігіттің дамылсыз сүйуінен қызыл тартып, жүзін ала берді. Өзіде сүй дегендей ыңғай тартып, барлық денесін жігіттің бойына берді, тартынбады қайта жабысып, жата беруін қалаумен болды. Көп жылдан бері арман еткен жігіті Тобылды, кездестіре алмай, тұңғыыққа батып, талай күндерді өткізгенін есіне салып, Тобылды енді қолынан жібермеуге тырысып бақты. –Тобылдыңда күткен арманы осы болатын, Балқияны сыртай сүйіп, талай іздеп келгенде кездесе алмағанын, сөзбен жеткізіп, енді «мәңгілік» айрылмасқа байлам жасады, бірге алып кету ойында тұрды. Балқиянында арманыда сол еді, сүйгеніне кете барды...

Жарқын Бірліктегі өзенді аралап шығып, көктем келісімен, колхоздан «балықшылар» жинап, кең жағаның алаңында жиын өткізді, колхоз басшыларыда осында болды. Жарқын сөз сөйлеп: Біз неге, өз байлығымызды, аяққа теуіп, жылдар бойы керек қылмай, халыққа дайын «етті» беруді ұмыттық «бұл жай келген-ырыздық несібе» деген халық сөзі, неге біз осыны текке жібереміз «өзен біздікі, жер біздікі» ешкім келіп қол сұға алмайды, сондықтан бүгіннен бастап, балықты аулап халыққа, еңбек адамдарына тарататын боламыз.

Сондықтан сіздер, арнаулы ат арба бекітіп, тасу керектігін қатаң түрде, орындалуын талап етемін, бұл бұйрық!-деді Жарқын бәрінің құлағына жеткізіп. Басшы етіп елу шамасындағы, ақылды кісі, көпті көрген, ауыл адамы Шерханды бекітті, Алматыдан алғызған он шақты, аумен қайықты табыс етті. Тұрақты басына жатып, балық аулауға, арнайы қоста істетіп берді. Жарқынның бұл бастамасын бәріде қолдады, тамаша шешім!-десіп тарасты. Шерхан жатпады, тез арада іске кірісіп, ау құрып, тынық күндерді пайдалынып, балықты өкіртті.

Тәжірибесі бар Шерхан: Балық тынық күні бетінде жүріп, балдырмен қоректеніп, сумен ойнап, жоғары шығып, шолып етіп кейін түседі, тобымен жүріп, ауға оралады!-деді. –Бұнда алғашқы ауға түскені шортаннан бастап, алабұға түгелмен осында, аудың шытырманьынан шыға алмай, бірнеше рет қайықты толтырып, жағаға қатынауды тездетті, олжа мол болды. Алғашқы көлікке тиеліп, екі-үш колхозға жөнелтті. –Жарқын дамылсыз бақылап, халыққа таратуды жөн көрді. –Жаздың жадырап, күн шуағы, су бетіне түсіп, өзеннің бетін басқан, қаз бен үйрек кең жағалау тартқан арнамен қонып өтіп, қонақтаумен су бетінен кетпеді. Шорағайда осында топ болып, қамыстың

саясынан шықпады, бауылдыр тартқан жағаның, бетін бермеді. Көгілдір аспанның, көшпелі бұлтыда сұйылып, тынық желдің баюлаған соғысы, су бетін мөлдір етіп, күмістей жарқыраған келбетімен әсемдене түскендей, сезінесің. Ұзаққа созылған, өзеннің бағыты, жалпақ даланың шалқыған өңірін басып, жағаға біткен тал-ағашта, аумағымен бой алып, алысқада өрбіген, құлаң күзден су алып, шапағатын сөндірген, асау толқын болмастай, рай тартып көндірген, кең арнаның көлемін ешкім айтып көрмеген, құбылыс еді.

Сол құбылыс кейде, назды дауысымен тартқан қобыз құсап, кейде соққан желдің толқыны, жағадағы қамысты қозғап, дыбыс шығарады, ол дыбыс сол қобыздың зарлы үнімен жалғасқандай, алыстағы ауылға жетіп, қаздың қаңқылдаған дауысы бұзып, дәпкіріңді алады. –Нағыз құс базары осында, таң атып, күн батарда топтасып, қаз-қатар ұшып келіп қонып жатқанын көресің. Өзеннің бергі бетінде жайбарлы алаң, осы жерге қоныс орнатып Бек бастаған бұркітшілер тобы, бірі қалмай осында. Жұмат өзінің екі тазысын ала келіпті. Бек бірден көріп: Бұл өте дұрыс болған, өзеннен олжаны алып шығуға, қайықты керек етпес!-деді.

–Олар бірден құс базарына қараумен мәз болып, енді олжаның «көкесі-жаңа келді»-десті. –Жарқында жеңіл машинасымен жетті. Бекте алғашқы, құстың бастамасын, Жарқынның өзі келіп ашуын күтті. Күшті сойқан енді су үстінде болады!-деп шешті. Құстарын жемдеп, баптауға кірісіп, дамыл таппады. Бек астауға салып, жемдеумен қоңын бақылап, құсының қанатын қайта-қайта ысқылап тараумен, қанатын жайып, тұғырында отырған бойында, баптауын тоқтатпады. Жарқын Бекпен ақылдасып, өзеннің осы беті, дұрыс деп шешті. –Бек өзі бірінші бастауды қалап, тор төбеліне міндіде, биік жағаның дөңесіне шыға бергенде, қонған көп қаздың легін байқап қалып, лып етіп тұғырдан ұшып ала жөнелді.

Зуылдап барған бетінде «сарт-сұрт» еткен қанаттың соғысынан, бірнешеуі көтеріле беріп, қаңқылдаумен бірінен соң-бірі су бетіне құлап түсе бастады, екінші тобына килігіп, тағда ұрып құлатты, алып денесіне біткен, қанаты темірдей соғылып, қанатын қиратып, ұша алмай, су бетінде шөге берді. Жарқын көз алмай байқап тұрып: Әне алды! Тағы соқты! Тағы құлатты! Бұл керемет екен!-деумен Бек оралып келгенше мақтауын асырып, айтумен болды. Жұматта шауып отырып тазысын жіберіп, өзеннің су бетіндегі қаздарды біртіндеп жағаға шығара бастады. Жарқын көріп, қалай үйретіп тастағанына таң қалып, оншақтысын жағаға шығарып үлгірді. – Бірден он екісін құлатып түсірді!-десті.

Бек құсын тұғырына отырғызып, қосқа келіп жем-сауын дайындауға кірісті. Бұл жолы мол етіп, қоян етін ұсақтап турап, астаумен алдына қойды, тағыда қайталаумен болды. Құс қонданып сайысқа тағыда дайын тұрды. Жок бұл жолы Әсіп пен Әлкенге жол беруді жөн көрді, оларда құсын дайындап ат үстіне қонды. Құстарын қолына қондырып, өзеннің жағасын өрлеп шаба жөнелді. Әсіп бірден топ үйректі байқап қалып, бүркітін көтеріп, қолымен бағыттап ұшырып үлгірді.

–Топқа барып килікті, сом аяғының тұяғымен бүре тартып, сығумен екі-үшеуін құлатты, тұмсығымен қанаттарн қиратып, көзін шығарып, бір шорағай үйректің үстіне мініп алып, суға бірге шомып кетті, үйректің жаны кетіп, суда қалықтап қала берді, құсбегі иесінің шақыруымен, судан тік көтеріліп, қолына барып қонды. Әлкен астындағы топ жарғанмен, жағаға өрлей түсті, қамыс түбіндегі көп шорағай үйректі көзі шалған бүркіті, қолынан сырғып түсіп, қамыс беткейіне қарай, ызғумен көтеіле берген үйректер, шошыған бойы, бүркіттің тұяғына ілігіп, сығып жібергенде, әлі кетіп, су бетіне құлай берді. Сонымен екеуін алып түсті.

Олжасымен оралып, қос басындағы Жарқынға келіп, баян етумен болды. –Жарқын бірден құптап, құсбегі екеуініңде жақсы екенін, айтып айла-тәсілділігін мақтан етті, әйтпесе басымдылық болмаса, баптағаны бекерге кетер!-деп тұжырымдады. –Алда мақтаулы Жұмаштың құсбегі, сабасына сыймай, дамылсыз шикылдап, дала құсының тобырына, барып килігуін қалап, орнында отыра алмады, әлсін-әлі көз алмастан, дала өңірінен, таймады. Әлден соң, құсын қолына ұстап, қара төбелмен, жорғалатып қостан ұзай берді. –Жұмаштың ойы, үйрекпен ұсақтық жасауға баспай, бірден комақты қаздың, қонған бағытын іздеді.

–Сол сәтте, қаз тобына орала кетті. Бүркіт көзі бірден шалып, қанатын баурына қысып, шүйлігіп барып, су бетіндегі қаздың үстіне, жап етіп, аюлы тұмсығымен тамағын орып жіберді, күші кетіп сылық етті, екіншісіне тап беріп, көтеріле бергенде, қомды аяғымен басынан бүре түсіп, көзін шығарып, су беті қанға оранды. Екі қазды олжа етіп, жамбасына байлап, құс бегімен қосқа оралды. –Жұмат бұл жолы, құсбегін, баптаумен болды, келесі сайысқа, дайын тұрды. –Құстар бірі кетсе, ұшып келіп қонғандары қаншама.

Арпалыс дауыл соғысы орнағандай, бүркіттерге дамыл болмады, өздері аңсаған қаз –үрекке, батылы ауып, құлатуға сенімді күшін көрсетіп, айласын асырып, өз күшін басым етті. Жұмаш әзілге жақын, Әсіпті күлкі етіп: Сені тәжрибесі бар деп жүрсем, өте әлсіз, үйректен басқаға жібермеуің қалай?- деді әзуелеп, Жұматқа қарап, ернін салып еткізді. Ұнатпағанын бірден сезген,

Жұмат: Менде солай ойлап қалдым, неше күннен бері, баптаумен болсада, шорағай әлсіз үйрекке, жібергені несі!-деді сықылықтап күліп, бетін Әсіптен жасыра түсіп, дыбысын шығармады. Бұл сөз Әлкендіде іліп түсті.

–Ол ашуға булығып, қоныстың сыртын, айналып кетті. Қыстағы есінде, орынсыз қылықтарын керек етпеді. Жұмаш екеуінің үстінен түспей: Қолдарнан келмесе, неғып аңшылықты қалағаны қалай?!-деді. Маған бершінші бүркітін екі-үш күн ішінде, баптап құстың қараша қазын алатын етем!-деп көкіді. Жұмат: Сен құр баймаламды қой, Бекпен ақылдасып барып шешілетін іс!-деді. Пысықтық танытқан Жұмаш, тоқтайтын емес, Бектің келуін күтті. –Әсіп жымған аузын ашқан жоқ, тек Жұмаштың сөзуар екенін, бұрыннан білетін: Бір табын қойды қасқырға жегізіп, байға мал төлеп, әрең дегенде, халқтың арқасында құтылған, қудың өзі емеспе?-деп отырғандарға жайып салды. Бәріде аң-таң, естіген бойда, таңырқаумен Жұмашқа қарап қалыпты. Нанарын, я болмаса нанбасын біле алмады.

Сасқалақтаған Жұмаштың өңі бұзылып, төмен қараумен, жер шұқып отырып қалды. Жұмат: Өткен-кеткенді айтып не керек, ол заман құрығаны қашан, қазір басқа, қалайда құстың «анасы жаман- мұнасы жаманды» қойып, «бәріде керек-халыққа керек» сондықтан бәріміз осындамыз!-деді байсалды сөйлеп, Әсіп пен Жұмашқа басу айтты. Жел тұрып, дамылсыз дауыл жоқта, бір шама олжалы болғанымыз дұрыс!-десті бәріде бір ауыздан. –Ол кезде Бек өзеннің кең арнасына қарай, құстың қаптаған жерін, байқап қылып, атының басын, сол тұсқа бағыттай берді. –Қаңқылдаған қаз дауысы, жақындаған сайын, қатты шығып, тұғырында отырған бүркітті елең етті.

–Бек атының басын тоқтата бергенде, лып еткен құсының, қанатын бірақ байқады. Сол бетімен судан жаңа көтерілген тобтың астынан, қиыла барып, періп-періп жіберіп, бірнешеуін су бетіне, құлатып түсірді. Бақсақ, қаздың қанатын қиратып, ауыр салмағымен, дауыл күштің, пышақтай өткір қыры, аямай тиген қанаты, дамылсыз соғылды. Су бетінде қаңқылдаған бойы, сабалаумен күші кетіп, өліп тынды. –Тағыда оншақтысын, қос тазы жағаға шығарумен болды. Бек құсын алып, қос басына келіп, тұғырына отырғызып, астауға дайындаған жемін алдына қойды. Тағыда қайталаумен тамағын беріп, баптаумен болды. –Бек Жұмаш пен Жұматты шақырып алып, арғы беттегі құстың, көп жеріне тез жетуін бұйрық етті. –Бірден аттарына қонып, жағадағы сүрлеу жолмен, шаба жөнелді. Жұмат: Біз екуміз қатар жіберуге, болмас қызғанышпен олар бір-біріне айбат жасауы мүмкін!-деді. – Жұмаштың ойы сол еді: кезекті сенің өзіңе бердім!-деді. Жарайды! Бастасам бастайын!-деп құсбегін, ұшырып ала жөнелді.

Қос қанатын ішіне тартып, аққан жұлдыздай, топ ішіне кіріп кетті. Батпандай аяғының, найзадай біткен тұяғымен, қаздың денесін сығып тастап, екі-үшеуін су бетіне құлатып үлгірді, тағы бір қараша қаздың үлкенін бүріп алып, аспанға тік көтеріліп, тастап жіберді, су бетіне басы қайрыла құлаған қаз, бірден бітіп кетті. –Жұматтың бұл ісіне бәріде таңырқасып, құсының айласын көріп, мәз болды. Құсбегін шақырып, жалма-жан қолына қондырып үлгірді, Жұмаштың құсына кездесіп қалмауын, бақылауда ұстады.

–Жұмаш жиекпен өте бергенде, құсбегі қолынан сылтып шығып, көтеріле барып, құйындата түсіп, шорағай үйректің тобына барып килікті. Қос үйректі бірден тұяғымен іліп алып, басынан шұқып, құлата берді, тағыда жетіп ұшып, біреуін құлатты. Жұмат тазыларын үйректі алып шығуға, жағада күтіп Жұмашты тосты. Ол құсбегін қолына қондырып, Жұмат тұрған жерге, шабумен жетті. –Олжасыз емеспіз деген оймен іштей, сезініп қонысқа бет алды. –Бек Жарқынға хабар жіберіп, қаз бен үйректің етін алып кетуін күтті. –Үйткені тағыда, жем сауын беріп баптаған соң, қалың құсқа жіберуді қалады, ол кезде қаздар тобы, қаз- қатар ұшып келіп, өзен бетіне қона бастады.

Бек Әсіп пен Әлкеннің әлсіздігін байқап, бүркітін Жұмаш пен Жұматқа тапсырды. Олар үш күн жемдеп баптауды сөз етіп, кірісе бастады. Бұртиған қалпы қонысқа жоламай сырт айналуден жүрді. Бек екі құстыда, қолымен қоңын байқап көріп еді, алып алар денесінде қызылы жоқ, өте арық, төс сүйегі көрініп, еті қашқан, қанат бауырыда жолаң тартқан. –Қалай осындай жағыдайға ұшыратқан кім? Әлде өздерің ынта қоймай, қызыл ет беріп, бойын алдыңдар ма? Әйтпесе бұлай болмас еді!-деді Бек ашуға булығып, ақымақтығын айыптады.

–Біз сендерге сеніп, астарыңа ат мінгізіп, үстеріне қасқырдың ішігін кигізгенде, Жарқынды силағандарың осы ма? Мен білмеппін «нағыз ақымақтың өздері» екендеріңді кім білген?!-деді Бек, орнынан, атып тұрып Жұмаш пен Жұматқа: жандарыңда салып, баптанғандар, әйтпесе бүркіттен айырлып, қала жаздадық!-деп жеткізді. –Олар түн баласына жатпады, жемін толтыра беріп, күте бастады, қанаттарын жаздырып, тұяқтарына қатып қалған балшықтан тазартып, үрпейген жүндерін тарап, сылап-сипап, қалпына түсіре бастады. –Қоянның семіз еттерін ұсақтап турап, астаумен еркін беруді, қайталаумен болды. Жұмат бұрыннан бүркіт ұстаған, ең бірінші қанаттың, денеге біткен жерін майландыруды, тырысып бақты, бар күші қанатында, деп жобалады, Жұмашқада айтып ойына салды. –Күн сайын қоңы ала берді, Бек әптен өз күйіне келгенше, қозғамауды тапсырды. –Өзі тағыда төбелге мініп,

каздың қаңқылдаған дауысы көп шыққан жерге, ат тіреді. Өзен беті шалқар теңіз сыяқты, жылтырап аққан маржандай, су беткейіне қонған қараша қаздан, көз алар емес, жиілей түскен. Бұл сәт бүркіт үшін керемет кез болатын, алып күшіді, қонды отырысы, жан-жақты барлап шолыпта шықты, үлкен көзінің қарасы, қаздың судағы бағытында, аңғарумен тынды. Бек ұшқан құсын аңғармайда қалды. Бүркіт солақ екен, тез меңгеріп, жылқының үйіріне тиген айғырдай, қанатын бір қақтыда, дауылдатып барып, кезек-кезек соғумен, тобын құлатып үлгірді, екінші топты қайырып әкеп, алдынан орап, отаумен болды. Қанаттың кереметтігін көрген жұрт, естері шығып «бұл ғажап құстың!» өзі ма?-десті, қараумен көзерін алмай, тұрып қалды.

Бекті тағыда байытып тастады. Жұматтың тазылары, дамылсыз жүзіп жағаға шығарумен болды. Қос басына оралған Бек атынан түсіп, бүркітін тұғырына отырғызып, жем-сауын дайын етіп, алдына қойды, тойғанша жегізіп, қоңын түсірмеуге бекінді, жұмсақ қолымен сипалаумен, баптап отырды, құсбегіде иесіне үйреніп, бойын ширатып, алып күштің «басымдылығы» қандай аң-құс болмасын, табанына салып, өлтіріп тынатын, бұл оның кереметтілігі еді. Жарқын арнаулы көлік бекітіп, дала жұмысындағы механизатордың асханасына жеткізуді тапсырды. Күз айларының бірі болатын.

Жиі жаңбыр жауып, аспанды басқан қара бұлт тарқамады, кейде найзағай ойнап «сатыр-гүтір» аспан әлемін алып, жарқылды көбейтті. Болыс дәуірі есті алып, әліде елден билікті, қолынан бере қоятын емес. Қапас өмірдің тұңғыық көзі кетпеген, елді есерлер билеп, шоңғал түбінен мал жинап, қызға көңілдері ауып, жас қызды қойнына салуға, бас көтеріп, бәсеке етуді, арман етті. Сармойын ауылы бірнеше жапа үлерден тұратын, шымнан қалап басылған. Көл жағасына қарай ығысқан жайлым, кең жазықпен ұштасып, тігілген бірнеше кигіз үйлердің, қоңыр тартқан түрлері, алыстан көрініп «кедей-шаруаның» лашығы деп, қаласын.

–Сол лашықтың біріне, шеткерек тобыр аттылар келіп, түсіп жатты. Ішінде кәрі ақсақалда, күпі кейген бүкендеп ішке кіре берді. Томағайлы тобырдың қайдан келгенін ешкімде ұқпады. Бәрі жонда, мал соңында. – Қасында қутындаған біреу бар, олда біразға келген, егіде кісі. Қалғаны ат шабармандары «тепсе темір-үзетіндердің» өзі. Олар қарауылдап, сыртты бақылап, үй сыртында болды. Төрге ентелеп кірген құртаң, сөз бастап: Мен Саға бойындағы өтей баласы Сағындық деген боламын, мынау сендерге күйеу, атастырған інісі өліп, «жесірімді өзім аламын» әулетімнен шығармаймын деп, келген Жарасбай, өтейдің бел баласы еді.

Бұдан бір-екі жыл бұрын, Шалыңыз бен құдаласып, бір үйір жылқы беріп, уәделесіп келіскен едік, амал не, иманы жолдас болсын, Бекбай құда бақилық болды, бірақ айтып еді: қызым әлі жас, күте тұрайық «айтқаным-айтқан» деп уәдесін беріп еді, енді артында қалған, Жанай-құдағи өзің шешімін айтып, манау күйеуі өз құлағымен естісін!-деді Сағындық-шал. Бұл қалай айтып отырғаныңыз, мен ешқандай жылқы көргенім жоқ, қызым өз сүйгеніне қосылып тұрып жатыр, сандырақ сөзің кімге керек, мынау күйеу сымағынды жоғалыт, ешкім естіп көрмесін, қалай келдіңіз, солай кетіңіз!-деді Жанай. Тосыннан келген аттыларды көріп, ауыл адамдарыда жинала бастады.

Сенің білмедім дегенге, кім нанады? Онда шындығыңды айтпайсың ба? жұмсап қойып едік!-деп Сағындық дүрсе салды. Көршілерде ыршып түсті: Бұл шындық-біз ешқандай құда түсіп жылқы алды деп, естігеніміз жоқ!-десті. Шалың жасырған, ағайындарына бақтырып біраз жыл табында ұстаған, кейін құда өлген соң, ағайындары ие болып, бөлісіп әкеткен!-деді Сағындық. –Жанай атып тұрып: Ендеше сол адамдарыңнан сұра, ауызыңның қанын жұқтырмай!-деді. Сағындық отыра алмай, орнынан тұрып, даладағы шабармандарын шақырып алып, ағайындарын осында әкелуге бұйырды.

Мал қайда? қыз қайда? Деумен іші уылып- күйінді, берген малдың ізі жоқ, кімнен көрерін білмей, әлекке түсті. «Қыз дауы» бітпестей, етек алды. Айтыс-тартыс екі жақта, беріспеді. Өтірік өріске бармады. Шабармандары қайтып келді, ағайындарының бірі мойнына алмай, бос қайтарды, маңайына жолатқысы келмеді. Сағындық ашуға басып: Біз соның біреуіне, айдатып әкеліп тапсырған едік. Енді қалайша білмедік деуі, қалай? Жамақты тез алып келіңдер, келмесе байлап әкеліңдер!-деп бұйырды.

Ашуға булыққан аттылар, бірден барып, қол-аяғын байлап, атқа өңгеріп алып, шабумен үйге әкеліп, есіктен көтеріп кіргіздіде, топ еткізіп алдарына тастай берді. Сағындық атып тұрып: Сен өзің санап алған бір үйір жылқы қайда? қайда жібердің? Айт шапшаң, айтпасаң айтқызамыз!-деп кіжінді. Жамақтан сөз шықпады, топ қарақшы жұлқылап, қылқындырып аузынан қан ағызды, денесін күйдіріп, жанбасына темір басты. Талықсып кетті, үстіне бір шелек су құйып жіберген соң көзін ашты.

–Жарайды онда айтайын, тек енді жараламауын өтінді: Жылқының бәрі менде, інім екеуіміз иешілік жасап, бірнеше жылдан бері, асырап келеміз!-деді Жамақ есін жинап. Жанай құдағи, міне естідің ғой, жылқыға кім ие болғанын, жылқы түгел сендердікі, ағайындарыңмен келісіп, өздерің шешіңдер, ал бізге қыз керек, соның шешімін күтеміз, көп жылқымызды



беріп, құр кетуге болмайды «елімізге недеп барамыз»-деп Сағындық іркіле сөйледі. Жамақ: Бер сұрағанын, қыз өріс емеспе? өзінде ертең қыдырып барасың, кедейге бергенше «дымы жоқ» жалғыз сиырына қаратып, өмірін өксіткенше, мына баратын жері бай, «ішкені аузында, ішпегені алдында» болады, ақылыңа кел!-деді. Сен сыяқты ұры емеспіз, уақытша байлыққа сатылатын, бергіш болсаң, қойныңдағы жас қатыныңды бер, шалға бәрбір емес пе, қойнына жатып бала тауып берсе болғаны!-деді Жанай. Сағындық Жамақтың қол аяғын шешіп, қасына алып құда деп, таныстырды.

–Ағайын болсаң көре алмайды, өзі біліп бере алмайды!-деген осы емес пе? Сұлушашым теңіне шығып, өз сүйгенін тапқаны, өмірімнің байлығы емес пе? «ол мәңгілік» ал сен сыяқтылар уақытша, малға семіріп, қара жолда жалғыз қалатынның өзісің, сонда сені ешкімде керек қылмай, маңайыңды баспайды «осы сөзімді ұқта-жөніңе кет, ақыл берер сен емес, сендей ағайынның болғанынан, болмағаны жақсы, ат құйрығын баяғыда кескенбіз!»-деді Жанай ызамен көзіне жас алып.

–Сағындық ақылгөй адам құсап, өзін елдің ағасы етіп, көрсетуге тырысты, тыңдаған адам болмады, ауыл адамдарыда керек етпеді. –Аузын толтырып «жесірім» дегені ұятсыздық, басын сұқпаған қызға айтар сөздің уәжін, естігендер күлісіп, мазақ қылды. –Дені дұрыспа? Әлде мыйы шайқалған ба!?-десті. Қалың жұрт Сағындықтың аузын ашырмай, бүкпелеп дымын құртты. –Жанайды қолдап, бүкіл әйелдер, Жарасбайдың жанын шығарып, қайтып қыз қойнына жатуға, жүрегі бітіп, өкпесі тесілген, қауқары жоқ-шалдың қай бетімен келгенін, ұялтып бетіне басты. Айтыс жалғасы мұнымен бітпеді, Сағындық орнығып кетпестей болып, сөз сарабын артына сақтаумен болды.

–Сағындық әрі ойлап болмаған соң, айла тәсілге көшті. Жамақты айдап салып, қыздың қайда барғанын сұрап, білуге тырысқан Сағындық, алып кетудің амалына көшті. Екі күнге созылған айтыс, түні бойы жалғасын тапты. Жамақ Сағындықтың сөзін сөйлеп, бүкіл малды өзіне қалдыруды қалап, құр кетпейтініне сендірді. Астыртын арам ойлары, өздерінше күбірлесумен, оңаша кетіп, істің мән жайын, өзі бастап, шығарып беруге уәде етіп, көрші ауылға бастап баруды, өзіне алды. Жанай : Бұл не қылғаны, басынып аюандық ісінің, айласын асыруы, жаңа ғана көктеп шыққан, көк шөпті жұлып, өмірін өшіріп «бодау» еткені, қарғыс атқыр Жамақтың, алдына келіп, басы құрысын-құрысында жұлынсын!-деді жылаумен балаусадай болып, қайғырып сала берді.

Сағындық Жамақты қасынан шығармай, көп жайттың басын ашуға бекінді. Өрескел сөйлеп: Келіскендерің дұрыс, Жамақты жіберіп қызды алғызғандарың орынды, айқай-шусыз-ақ шешілуге болмас па?! Жарасбайда өз жесіріне ие болып, берген малының қайтқаны, деп ел тұғырына баруға дайын тұр!-деді Сағындық дауысын көтеріп барып басылып. Қайдағы малды айтасың? Оны Жамақтың өзінен сұра, біз мал алып, қызымды саудаға саларым жоқ, көшедегі ит құсап, қалайда жағынып, сол малды қолына түсіру, жанталасқан ойыда сол, сен не айтсаң, сөзіңді қостап, кірер жер болса, кіруге дайын, онда енді қандай қасиет бар деп, адамға санамаймын!-деді Жанай ашуға басып.

Жанайдың сөзі дұрыс, керек адамдарың Жамақ болса алындарда, тайындар!-десті жиналған көпшілік. Сұрапыл тартыс, жалғаса берді. Сағындық айтқанынан қайтпай, Жарасбайды сөйлетіп тілін шығара бастады, ымырашылықты қойып, жанжалға басты «олай емес-бұлай деп» жиынның мазасын алды. Қолды қамбаға салды, өрескелдің әкесін туғызып, қызды қалайда әкетудің жолын іздеді «жеті қабат-жер астында болсада» табатынын сездірді. Ушыққан айтыс басылмады.

Сұлушаш өмірі қыл үстінде тұрды. Қалай ғана, келісіп мал алғанын, айыптап бүкіл жұрт Жамақтың бетіне түкірді, жер басып «мұндай сұмырайдың» жүргенін қаламады. Өз сүйгеніне қосылғаны, бір айғада толған жоқ. Кім білген сырттан тон пішіп, «жесірім» деп, алмақ болған Жарасбайдың кескіні анау, түлкіге шапқан бүркіттің бейнесіндей, кесек тастаумен болды. Шабытты үміттің шалбарын кигендей боп, Жамақ ойдықырды саралап, қайдан олжа түсіремдеп, ескерусіз қазанның құлағын ұстағандай, шабытты төбеттің өзі емеспе.

Дауыл құсап, «алып кел, беріп кет» дегендей, айтар бүкпесін асырып, аюандығын жасырып, құрған торы ашылып, айласымен шабысып, омақасынан келіп тоңқайып отырған түрін, дала көкжалының бейнесін Сағындықтың бойынан көресің. –Қалай ғана сабыр тұтып, ойлаумен өз өзегінді құртып, далада жалғыз қалған құс құсап ой шегесің, ой шегесінде налумен жылап, жалғыз қызының дағыдырына бой күйесің. Кешкілік түн, уақыт ала бастады. Қою тартқан бұлтта түйіліп, аспанның көк күмбезін басып «көзге түртсе көрінбейтін» қараңылық орнады. –Бұл қолайлы сәт»- деп Сағындық болжам жасап, Жамақты алып атқа қонды. Дүркіреген шабыс, бірінен соң бірі Сарықопаға жол тартты. –Аласұрған аттыларға осы да керек еді. Көрші жатқан ауылғада келіп бас тіреді. Жамақ қыздың түскен үйін көрсетіп, шабарманды жіберіп, Сағындық екеуі жолда күтті. –Олар қойсын

ба, есігін тарсылдатып, ашпаған соң -сындырып, ішке кірді. –Жаңа ғана төсегіне жата бергенде, үстерінен басып, аяқ-қолын байлап, атқа өңгеріп, шауып ала жөнелді, кара жолға түсіп алып, Қызбел асып, Саға бойындағы ауылға бет түзеді. –Жанталасқан Байзақ, арқаннан қолын шығарып алып, ат үстіндегін құлатып, ер тоқымға өзі отырып, кейін шапты, ауылға жетіп қол жинап алып, соңына түсу еді. Байқап қалған аттылар, соңынан қуа түсті, жетіп алып, қатарласа беріп, қыл арқанды мойнына салып үлгірді,аттан құлатып, қос атпен дырылдатып, арқанды жібермей, біраз жерге дейін сүйретіп, тоқтай берді. –Қыл арқан мойнына батып, қаны кетісімен Байзақ өліп кетті.

–Байзақтың ажал құшып, өмірден өткенін біліп, Сұлушаш аттан түсірген бойы жұлқынумен бой бермей, қолдарынан сытылып шығып, өзеннің тұңғыық терең жеріне барып, суға секіріп құлап түсті, мойнындағы жібек орамалы су бетінде қала берді. –Ертеңіне естіген халық «дүр» сілкінді, жан-жақтан ағылған елді аймақтың бәрі жиналып, Торғай өңірінде жұмыспен жүрген Жарқынға жетіп, жолай Саға ауылындағы Сағындық бастаған, қарақшы топты ұстап қолдарына кісен салып, ішінде күйеу Жарасбайы бар, жұрт алдына сүйретіп әкеп тастады.

–Ол кезде Сүндет Жамақтың қолын байлап, әкеп топқа қосты. – Жылаған халық, ата-ана дауыс қылып бүкіл елді жылатты. Әлденсоң жұрт алдына Жарқын шығып: Қымбатты ағайындар, жаңа ғана қосылған «екі ғашық-жандар» Байзақ пен Сұлушаш дүниеден өтті, аюандықпен мына тұрған Сағындық бастаған топ Байзақтың мойнына қыл арқанды салып жіберіп, сүйретумен өлтірді, ал Сұлушаш барған бетте сытылып шығып, өзеннің терең жеріне секіріп, суға кетті, ал мынау су бетінде қалған орамалы, олар кешегі біздің жолдас-құрбыларымыз, ауылда бірге жүріп-бірге өстік!- деді Жарқын көзіне жас алып.

–Жарқынның «жасақ отряды» сұмырайларды жалаң аяқ-жалаң бас, түрмеге айдады. –Тебіренген халық жылаумен екі жасты, жер қойнауна бірге көмді. –Аласұрған заманның тарлығынан ел іші оңала алмады. Түнерген бұлт кетпеді, айнала сарғылт тартып, күздің дамылсыз соққан желі, құмды боратып, аспанды булдыр шаң басты, басатын жауында жоқ, ызыныған күшті жел аймақты суытып сала бері. Кең жазық дала төсіне жаз бойы бірде тамшы тамбады, тек сағымда тоқтамай толқынға ұласып, сар даланың келбетін, әсемдей түсті. –Ауыр қазаны естіген Батия көп жылады, жақын құрбысын қимай, асау толқынды өзен жағасына барған сайын есіне алып, қояды. Оның өлімі Саға бойындағы терең Қарасу болатын. –Кеше ғана бірге жүрген

достарын ойлаумен біраз мойыды. Қалай ғана бұлай болғанын түсіне алмай жұмбақ болып, жұрт есінде қала берді. Батияда өткен күндерін есіне алып, ағарған жүзін Төкеннің жанарына беріп, мөлдір қара көзінің қиығымен қарап, сүйкімді келбетін жасыра алмады. Келіншек болып түсседе, көк көйлегімен жараса түсіп, Төкеннің жанынан шықпай, өзінің сүйкімділігімен жігіттің бойын алып, құшағына ілікті. Күткен сәтінде осы еді, Төкен құшақтап алып жіберер емес. Батия: Ұят қой қазір, құшақтап алғаның, біреу кіріп келсе недеп айтамыз, қоя бер мені!-деді. Төкен: Кім жарын сүймейді дейсін, сағынышым әліде басылмаған, деп жауап қатамын!-деді.

–Жарқын жүздері, әлі ашыла қоймаған, ыстық сезіммен шектеліп, бойларын басты. Лаулаған қос жүрек, жақын тартып, үзілместей бекініп, алғанға ұқсайды. Бұлда бір керемет, асыл дүниенің шыңына шыққандай, ой қорытып, адал өмірдің өлшемін баян етеді. Батия салған әнде, жан жолдасына арналып, әсемденіп барып, жанына тоқтап, жұмсақ ернін жігіт бетіне тоса түседі. –Төкенде жарқыраған қыз жүзін, өзіне тартып, сүйумен жібектей созылған жіңішке белінен ұстап алып, біраз тұрып, мауқын басқандай, құшағынан шығармады.

–Асыл арманда, махаббат болғанда, кең дүниені көркемін, сәнді ету, екі жастың құдыретінде, «олар мәңгілік-өмірдің» кілтін ұстап, сайран ету, өз тағыдырының арманымен байланыстырды. Сол биік белеске шығып, жаңа өмірге қанат жайып, талымастай құс қанатымен ілесіп, әлем көркіне мәз етеді. Асқар тауда, шың басына алып, қалың орманда иіліп, ағын суда құйылып, қайнар бұлағына жетектеп «зәм-зәм»суын ішкізіп, бақытты өмірдің салтанатына жол аша бастады. Бүгін күнде тамаша ай сәулесін, терезеден түсіріп, сұлу келбетін жарқырата көрсетіп, ашаң жүзімен жігіттің мойнына асылып, шымылдық ішіне қарай кіре берді.

## **XI ТАРАУ**

Төкен бірден аймалап, қыздың ыстық денесін өзіне тартып, құшақтай берді. Шымлдықта серпіліп, жауып үлгірді. Дайын төсекті, өзі салып Батия жарының бейнесімен жұптасқандай болып, асыл денесін жігіт баурына жылжыта түсті. Толқын тартқан ыстығы алып ұшып, беттесе түсті. –Жігіт қызуы басым етіп, қыз бойын илеп алғандай, қос ақшыл тартқан биіктен өте бергенде, қыз аманаты құп алып, ләзат ыстығына бата берді. Тәттілік сезімі өрши түсіп, қызды бауырына қыса берді, аузынан дамылсыз сүйіп тоқтамады. Жылы тартқан жүректе жиі соғып, қыз денесінен айрылмады, сұлу көркіне ынтығып, жайланып жата берді. Қуаныш ажары ашылған жігіт, жүзінің әдемі келбетін, қыз сезіміне беріп, көнілін өсірді, қызда көзінің

карашығындай сақтаған «қыз аманатын» жігіттің бойына берді, «балқыған денесі,» жалынды оттай болып, созыла түсті.

Жарының да күткені осы еді, тамылжыған алтын күмбездің, бағы өздеріне орнағандай «мәңгілікке» қол ұстасып, жылжумен болды. Батияныңда салған әні, көп жылдар өтіп, сағынған арман сезімін сөз етіп, жырға қосты, кездесе алмай, бір ауыз сөзге зар болып, қапал өмірдің тұяғына ілігіп кетем ба? деп, мұнды әнін өзі шығарып таратты, сол әні бақытпен оралды. Міне енді бірге, баянды шақ, төсек үстінде, құшақтасқан бойы, махаббат әлеміне жұптасқан кезі, бірінен – бірі қол үзіп қалар емес, арман асуыда солай болатын, тәттілік сезім бойларын алып балқытты, ұзақ жатты...

Достық колхозы. Көше бойына қатар тізілген ақ үйлер, көп аймақты алып жатыр. Шеткерек қоңыр үйлерде, сырты сыланбаған, ауыл сәнін кетіргендей, көз ұялатады. Ауыл шетінен ұзаққа тартылған, кең жайлым, қалың өскен сары бидайық, соққан желдің бағытымен жайқалып қояды. Ауылдың бір жақ шетінде, дөңеске созылған қалың ағаш көрінеді, сол ағаштың түбінен жайлым басталып, тігілген топ кигіз үйлерді көресің, өздері жеке бір ауыл болып, ұйысқан.

–Жазира қыз әкесі қайтқалы, ат үстінде өзінің жылқыларын бақылап, қолды болып кетпеуіне тырысып бақты, бас көтерер өзінен басқа ешкімі жоқ, әкесінің жалғызы болатын. Өте пысық, ауыл мектебін жақсы бітіріп, ән айтып, сұлу жүзімен халыққа ұнады. –Сөз салған жігіттерді ұнатпай, бойын аулақ ұстады. Көрші ауылдағы Жасұлан, жылқы бағып жүріп, далада салған әнін, естіп Жазираны алғаш рет, сол түзде сырттай көріп қалған еді. Бірақ танымаған соң батылы бармай, маңына жоламады. Сұлу келбетін көріп, қалғаны есінен кетпей, жайлымға жиі келіп, қызды күтумен күндер өткізді. – Ақбоз ат үстінде, шауып өтіп, кигіз үй бағытына қарай орала берді. Менде көріп қалып соңынан салдым. Қыз аты жүйрік, ұшқан құс құсап, үй алдына барып бірақ тоқтады. Жұпыны киініп алған, мойнында қызыл орамалы, ақшыл бетін әсемдеп түрлендіре түскен. Менінде бірнеше күн күткенім сол сұлу бикеш. Ақбоз ат шабысы, ешкімдіде ілестірет емес, адымды аяқ алысы, бәйгеде озып келген, тұлпарма дерсің. Жазира әптен үйреніп, ат жүрісіне берілгенге ұқсайды.

–Алғаш көргенімде, баяғы «Қыз жібек» құсап, бойы телміре жарасқан сымбатты келбетімен, сұлу жүзін ән әуеніне беріп, шырқағанда естіген жұрт, тоқтай қалып «шіркінай бұл қандай дауыс» еді!-деп таңқалумен жалпақ даланың, әуенімен қоса шырқағанын есіме ала бердім. –Менде қыз түскен үйге келіп, сыртына ат байладымда, бір рет көріп қалудың жолын іздеп,

бойыма күш жігерімді байлап, есік ашып үй ішіне кіре бердім. Үй іші толған қыз-келіншектер, құлпыра киініп, ойын-тойға баруға дайындалып жатты. Меніде ішінде біреуі танығандай: Әнші жігіт келді!-деп қыздарды елең етті. Көрші қыз Қатира, қолына ұстаған домбырасы бар: Сендер біле бермейсіндер, біздің Жасұланның шырқаған дауысын, естіген халық, алаңға жиналып, талай тыңдаған, «елін-жұртын, туғанын, дос-құрбыларын тастап, шал қойнына қатын болып» кеткен жас қыз, әлі гүлі ашылмаған, тағыдыр-төлкегін, жылаумен дауысқып, қоштасқан кездерін жырға қосып, әнімен халық көңіліне жеткізе білді!-деді Қатира қыз, үкілі домбыраны Жасұланға ұстата беріп.

–Жазирада Қатира сөзіне елең етіп, әдемі жігіттің түріне қарап, қара көзін алмай, тұрып қапты. Іштей ұнаттыма, қыздар арасынан сығалаумен басын алмады. Бар арманы жігіттің әнін тыңдауға тырысты. –Қол соққан жастар: Жасұлан айтып жібер, ауылдың «алты ауызын айт!»-десті. Жасұлан ұялып іркілмеді, өленге дегенде еркше бір күш бардай, домбырасын құйқылжыта түсті. Қыздар, ішінде Жазира бар, бәріде су сепкендей тыныштала қалыпты, көздері сұлу жігіттің, келбетінен көз алмады, әнін күтті. Бір кезде асқақ дауысымен, шырқалған ән маңайдағы жұрттың бәрін елең етті, назды дауысы алысқа шығып, ауылд орап алды.

Естігендер: Бұл керемет дауыс, қандай тамаша жігіттің төресі!-десті. Ән көп айтыла берді. Отырған халық, жас қыздың «Қоштасу»-мұңын айтуды сұрады. Жұртта ішке толып кетті, отырар жер болмай, тіке тұрумен тыңдауға көшті. Жасұланның ақшыл жүзі ашыла түсті. Жазира: Ән айтып болғасын, бізде бірге шырқармыз!-деді көзін қадап жігіттің ажарынан көзін алмай. Жасұлан ән ырғағымен мұңды өлеңді, бастап ала жөнелді. Назды ән әуені, бірден көңілдерін босатып, қыздарға дейін көзіне жас алып «қайран дүние-ай, қалай ғана арамыздан, бізді тастап кеткенің ба?!» деумен жыламаған халық болмады.

Естіген Жазирада ыршып түсіп, далаға бет алды. Жасұлан бірден байқап, домбыраны қасындағы досына ұстатып: кезек енді сенікі!-деді. Ойы қыз артынан шығу еді. Қысылып, қымтырылып жұрт арасынан әрең дегенде, есік ашып сыртқа шыға берді. Күнде қандай тамаша, ай жарық сәулесін беріп, маңайды жарық қылып, жылы ауа толқынымен ұласқан шақ. Желпіген желде, жылылық танытып қояды. Жас әншіге жол берген халық, тең жарылып, далада жол беріп, құрмет тұта бастады.

–Жазирада сол тобтың арасында, жігіттің бойынан көз алмай, шетке ығыса берді, қызда кездесу сәтін іздеді. Қара көзінің сұлу тартқан қасыда, кең

мандайлы жүзін аша түсіп, үстіне киген сәнді көйлегі, беліне жабысқан мәнерлі желеткесі, қою шашының бұрымы, алдына түсіп, мойнындағы көк орамалымен жараса түскен. –Бірақ көзімен тік қарап, Жасұланның бейнесін, өз алдына әкелгендей болды. –Жігітте алыстамады, маңайды шарлап, ыңғайлы жерді бақыдады. Қайтседе қыздан бір сөз алу еді. Мазалаған ойы, бойын алып, жүрек соғысын тоқтата алмады. –Әттең!- деген сезіммен ұзақ жүрді. Қызда маңайдан шықпады. Оның көңіліде бар екенін ұққан жігіт, денесіне қуатын жинап, батылдық танытып, қыз тұрған жерге, жақындай түсті. Қасындағы қыздарды ішке жіберіп, жалғыз өзі, іштегі әнді тыңдаумен тұрды. Ән толассыз шырқалып, алысты алып кетті.

Жасұлан қыздың артынан барып: Сіз неге ән айтпадыңыз?!-деді. Жоқ! Біз ауыл адамы, келген қонақтарға жол бердік, солардың жаңа дауысын естігендері дұрыс емес пе?-деді қыз. –Жасұлан жақындап, қыз алдына шығып: Таныссақ қалай қарайсың?-деп қолын ұсына бастады. Менің атым Жасұлан, мінген атым жас құнан, танысу үшін әдейі, келіп едім маңайдан!-деді жігіт, жылы қолынан қапсыра ұстап.

Менде осы ауылдың қызымын, жаз жылылық тартып, орнаған Жазираның өзімін!-деді. Жасұлан: мен сені сырттай білемін, ән айтып алғашқы жайлым басқан сар далада, шырқаған әнінді естіп, бүкіл жұртпен қайран қалғанымыз, есімде, сондағы сұлу жүзінді көріп ұнатып, уайыммен бірнеше күн жолыңды тосып, күтумен болдым!-деді. Менің жолымды кесіп сөз салушылар, көп өзім ұнатпаған соң ондайға ыңғай бермей, жолатпадым. Сенімен танысқанымға қуаныштымын, менде ұнатып, өзіме ылайық жар боларма? Деген оймен сыртта күткенім сен едің, сондықтан алғаш рет жігітке қол созғаным, бірінші рет болатын!-деді Жазира, ажары ашылып, бетіне қан жүгіре бастады. Жасұлан Жазираның қолынан ұстап, шеткерек оңаша жерге қарай, жетелей берді. –Қызда соңынан ілесе берді.

Күмістей жарқыраған, кең алаң, самал желдің толқыған таза ауасымен, жұпар иісі аңқыған, сая бақта ауыл бейнесін көркемдеп, асыл дүниенің бейнесін жасаумен табиғат әлемін, толтыра түсті. Көңілді екі жас, сырға толы маржандай, айтар ойы алып ұшып, саялы жерге тоқтады. Қыздың ыстық қолын өзіне тартып, жүрегіне басты. Қолын жылжытып, беліне жүгіртіп, құшақтай берді. Қызда қос қолымен жігіттің белін орап, денесімен жылжи түсті. Жасұлан: Менің өмір бойы іздеген «жаным», «асылым», «арманым»-енді міне жаңа оралды!-деп аузынан сүйіп, жұмсақ ерніне жабыса берді.

–Бұл кездесу ұзаққа бармады. Кешкілік үйіне оралған қыздың, үстінен аттылар басты. Қызды әкетуге келгендер екен, бұрыннан анасы серттесіп,

Қамысты бойындағы, қыбышақ руы, аты шулы болыс Жөнекейдің жалғыз баласы Макенге беруге, бұдан бірнеше жыл бұрын уәде етіп, сөз байласқан көрінеді. Анасы қызының күйлі жерге барғанын қалап, байлығына қызықты. Кешкілік жүк тиелген ат арбалар, легімен келіп, тоқтады. Өздері дайындап, бірден отау тігіп, қыз жасауын дүниесімен толтырып тастады. Анасы көңілденіп, өмірі көрмеген дүниеге есі шықты. Қызым барған жері бай, бірден күп ете қалады!- деп, көршілеріне айтып көпіді. Олар қыздың бірден көңілін алу үшін жасаған, айласы еді.

Жазира ұзатылуын екі-үш күнге созылуын қалады. Қыздарды жнап алып, өзінің шығарған мұнды «Қоштасу» әнін шырқаумен бүкіл елді жылатты, сүйгеніне қосыла алмай, арманда кетіп бара жатқанын, зорлықпен ұзатылып, өзінің теңі емес «бір жаманның» болғанын қаламайтындығын айтып, зар жылады, құрбыларымен көрісіп, қоштасумен болды. Жарқын колхоздың егіс алқабын аралап, бітік шыққан егінді орып алу үшін, үлкен жиналыс ашып, түгелдей халықты кеңсеге жинады. Жұрттың біразы келмей қалды. Себебі не? Үкіметтің қаулысына қарсы ма?

Астықты шашпай-төкпей жинап алу халықтық-іс, олай болса бұл науқанға, бір жан қалыс қалмау керек, бұл партия талабы!-деді Жарқын жиналыс басталмай тұрып, келмеуінің сырын білуге тырысты. Ауылға оқуын бітіріп, мұғалім болып келген қыз, қолын көтеріп: Оның себебі, осындағы жас қызды зорлықпен күйеуге беру үшін, отау тіккізіп, бүкіл адамдарды маңайына жинап, ұзатқалы жатыр!-деді мұғалім қыз.

–Жарқын бірден атып тұрып, қасына мұғалім қызды ертіп алып, машинасымен отау алдына барып тоқтады. Машинадан түсіп, бірден кигіз үйдің ішіне кіре берді. Қыздың зарлы дауысы, шымылдық ішінен естіле бастады. Жарқын шымылдықты жұлып тастады. Қыздар шошып ұшып тұрды. Жазира боюдай болып жылаған бойы, өксігін баса алмады. Бұл кім өзі, біздің қыздың «ұзату» тойын бұзатын!-деді анасы өкіректеп бар дауысымен, қойғызатындай кісі болып. Жарқын бірден қатуланып: Тез ұстандар, мынау кісіден бастап, жауаптыларды қамандар, деп бұйырды, қазір ауданмен хабарласып «милиция» отряды келіп әкетеді!-деді.

Жарқын Жазираны машинасына отырғызып, жиналған кеңсе ішіне кіре берді. Бәріде дүркірей орындарынан тұрып, бір сұмдықтың болғанын сезді. Жарқын: Біз қашанғы, ескі ғұрыпқа тәуелді болып, жас қыздардың обалына қалып «сүймеген» адамына «тоқалдыққа» беруді қоямыз, патша заманы баяғыда құлаған, «қазір совет заманы» мынау алдарыңда тұрған Жазира деген жас қызды, сүймеген адамына беріп, бүгінгі кеште жөнелтуге,



дайындық жасап жатқан жерінен суырып алдық. –Өзінің сүйген жігіті бар, оныда осында алғыздық, аты Жасұлан. Қуанып келіп, Жазираны құшақтай бастады. Оларды мен орталыққа алып кетемін, үй беріп, қызыметке тағайындаймын!-деді Дала комиссары.

Қуаныштары қойнына симаған халық тік тұрып қол соқты, екі жасқа бақыт тілеп, шығарып салды. Милиция тобы қызды алуға келген топты шабармандарымен ұстап, анасымен бірге қолдарына кісен салып, ауданның түрмесіне алып кетті, бүкіл дүние - мал үкіметке өтті. Жарқын өзі қатынасқан, жиналыстарда шешендік тілімен сөз сөйлеп: Биылғы жыл әрбір шаруашылықты астыққа көміп тастады, үкімет алдында бірнеше план орындалып, «миллионер колхозы» аталып, мал шаруашылығыда өркендеп, алға шыға бастады!-деді. Жасұлан мен Жазира оқуларын бітіріп Алматыдан оралды.

Жасұлан МТС –тің инжері болып істей бастады. Жазира мұғалім болып орналасты, көп ұзамай, он жылдық мектептің ашылуына байланысты, мектеп директоры болып тағайындады. Колхоздың дала жұмысы, түгелдей техника күшіне көшті, МТС мал азығына дейін дайындап, баз басына тасылып үйілді. Бригадалар мен мал фермалаларына жаз бойы балық пен құс еттері жеткізіліп тұрды. Жарқынның тағыда бастамасы: бүкіл колхоздың басшыларын жинап, тоған салып, сай-жыраларды бөгеп, көгеніс пен бахшаны көбейтуді тапсырды. Жаз шығысымен арнаулы техника бөлінетінін жеткізді. Бәріде құп алып, көгеніс өте қажет!-деп шешті.

Жанашыр жанның болғаны-ай!-десті. Дала комиссары әрбір бастаманы өзі жүріп, ұйымдастыруды, қалып ұстады, әйтпейінше сәлемдемемен ешкім керек қылмады, білседе мойнын бұрмады, жаңашыл болуға жалқаулығы кейін тартып, колхоз басшылары өз халқын ойламады. Осыны сезген Жарқын, өткір тілімен, «сынап» -колдарынан жұмыс келмейтіндерді, орындарынан қуды. –Күз айы, қақаған суық тартқан дала өңірі сары жамылған, бейнесімен өзгере бастады.

Жаз самалыда қоштасып, дамылсыз соққан желдің бағыты, ағаштың жапырағын ұшырып, шаң бораны ілескен, сағым толқыныда құрыған. Жайлымыда суалып, бидайықтың көгі кетіп, қуаң тартқан селеу құсап, көгі кетіп, сыбызғыдай сорайған сабы қалды. Алғашқы қарда жауып жер бетін ақшыл тартқан. Жел тұрып жаю борасында, ұлпа қарды, аңда-санда боратып қояды. Шым-шым аяздыңда қалпы байқалып, суық ауа толқынымен өңірді ала түсті. –Ол кезде, Бек төбелімен бастап, дөңеске көтеріле берді. Соңында сүйреткен қосы, қолдарына ұстаған бүркіттерімен алыс тағы Достық

колхозының дөңесіне ат тіреді. –Алыс десе, айтқанындай екен, қаншама белестерді басып өттік!-деді Жұмат жоғарыдан көз салып, төменді нұсқады. Аланға орнықтырып, қосының ішінен бәріде құсбегін жемдеуге кірісе бастады. Бек бірінші болып құсына, астауға салып толтыра беріп, баптаумен болды. –Жұмаш пен Жұмат баптаған екі бүркіті, біраз қоң жинап алғанға ұқсайды, енді түлкінің өзіне қалаған уақытта жіберетіндігін шешіп үлгірді. Бірақ Жұмаштың сықағы Әсіп пен Әлкенді түртіп, анда-саңда бірденелерді айтып, күлдіріп қояды.

–Бүгінде аңдығаны сол екеуі. Әлден соң жем арасында Жұматқа жақындап: Қарашы екеуінің бір ыңғай отырысы, қонаққа келген адам құсап, жерді алып талтая түскені кімге керек, өзімнің білгенімді істеймін дегені ма?!-деп күлумен Жұматты түртіп қалды. –Қарқылдап күлген Жұматта, сол екеуінен көзін алмады. –Бұл пәленің ойлап таппайтыны жоқ!-деп Әлкен аяғын жинап, бұрышқа қарай ығысты. –Бек өзіне назарын аударып: Қоянды көбірек, ауламасаңдар болмайды, жем көп керек, қасқырға тәуелді болып жүрмейік!-деп бәріне ескертіп, бұйрық етті.

Әлкен мен Әсіп қостай түсті. Дөңестің ұшар бигінен, ауылдың мал қорасынан асып, үйлер көрінеді, бірақ едауір жер, мұнартқан қалың толқынды, бұлт басқанға ұқсайды, қыс айында аспан күмбезі түсіп, жиектегі бұлт құсап көрінетіні аян. –Әлден соң аязда басылып, желде соғуын тоқтатқан, тынық күн орнағандай, төңірек буылдыр бұлттан арыла бастады. Бек салған жерден: Жолымыз болды, сәттілік туды!-деп көңілдендіріп тастады. Қоңырай биік жоталар мен жалғасқан шатқал, жазық даламен ұштасып, етекке созылған, осы алаң бүркітшілер үшін керек еді. Апанда шатқал бойындағы тобылғы талдың ішінде деп болжам айтылды.

–Бірақ алғаш аяқ басу, тосын жердің ой-шұқыры көп, болатыны, бесенеден белгілі. –Бек ауылдан келетіндерді күтті. –Жұмаш: олар келгенше өзіміз, сүзіп шықсақ!-деді. –Жоқ! Сендер құстарыңа ие болыңдар, күте тұрайық олар келуге тиіс!-деді Бек ауыл жаққа көз тігіп. –Әлден соң жарысып шапқан топ көрінді, жолай жұмсақ қарды бұрқыратып, дауылды бірге алып келе жатқандай, боранымен соғып, қыраулатып барып дөңеске көтеріле берді. Асынған құрық сойылдар, қарулы жігіттер тобы, жинала қалды. –Бек бәрімен таныстырып, шатқал төңірегін сүзіп қасқырдың апанын, табуды тапсырды, тек сақтануды жеткізіп, ескертті.

–Алып ұшқан көштей болып, сатыр-гүтір етіп төменге түсіп, құлдилап шатқалға барып бас тіреді. Аласа біткен тобылғы бұталарын жапырып, сүзе бастады. Айғай-шу төңіректің бәрін алып кетті. –Түлкі қашты!-деген

дауыстар естіле бастады. –Әлкеннің бүркіті, қолына ала бергенде лып етіп, түлкінің соңына бірақ түсті, ызғумен жетіп алып, аюдай тырнағын беліне жіберіп, сұғып алып жанын шығарып, жерге құлатып тынды, өліп кетті. Әлкен атымен жетіп, жерге түстіді алғашқы олжасын жанбасына байлап, құсын қолына қондырып, жортумен қосқа бет алды. Осы жолы түлкімен топ қоянда бұтадан шығып жонға қашты. Әсіп шауып отырып, құсының соңынан ілесе түсті, айбаты күшті бүркіт бірден түлкіні көтеріп алып, жерге топ еткізді, шап беріп тағыда ұштыда қоянды іліп алып аспаннан бірақ шықты, етектегі шөңгелге тастап жібергенде жан тапсырып, құлай берді. Екі олжаға байытқан бүркітін қолына алып, қосқа қарай жылжи түсті.

Қырдан айқайлап Бекте қуанып, қос бүркіттің кереметтігін көріп, жұртпен бөлісті, бұған Жұмаштың еңбегі барын ұқты. Ол кезде, Жарқын басаған үш салт атты қос басына желумен, келіп тоқтады. –Атынан түсіп, олжаны үйіп тастағанын бірде көріп: Жарайсындар жігіттер! –деп арқасынан қағып, мақтауын айтып жатты.

Бек: енлі біздің жұмысымыз апанды табу!-деді. Құмырысқаның ізіндей сайраған жолдар, бұта маңына барып жоқ болғаны, қайран қалдырды, қасқырдың апаны сол жерде!- деп Бек, аттылардың топтасуын қалап, бұтаны жермен-жексен етуін тапсырды. Айтқаны сол екен, атып шыққан қасқыр секіріп ұшып- бұлқынып, жонға салды. Тұғырында отырған құс, ат үстінен сылтып отырып, жонға бірақ шықты. Қанатын бірақ рет қағып үлгірген, дауылдатып барып, қанатымен сарт еткізгені, бірден құлап түсіп, домалаумен сылқ етіп, жаны бітті. Жарқын жоғарыдан байқап тұрып, керемет құс!-десті достары көздерін алмай ұзақ қараумен болды.

–Әлі тұратырындар! Кереметтігі әлі алда, қасқырдың қашқаны біреу ғана, тобымен әлі інінде жатыр!-деді Жарқын жұрт назарын өзіне аударып. Әлден соң, шатқал төңірегінен, шу белес алып, құлаққа жетті. Тұғырдағы бүркіт, сырғып түсіп, жерден көтеріліп, қанатын қомдап, апанан қашқан топқа ұмтыла түсті. Қарды боратып, қос аяғымен шапқан көкжалдың үстінен түсіп, қанатымен сарт еткізіп беріп үлгірді, домалап барып құлап түсті, аяғынан тұра алмай, жан сауғалаумен өліп кетті. Биіктеп аспанға бірақ шықты, тағы екеуін көзі шалды. Ұшқан құстың екпіні, сұрапыл дауылдай болып, беріп өтті. Жерді сүзе құлаған бойы, бітіп кетті.

Көз ұшында, жанталасып, шауып бара жатқан қасқырға жетіп алып, қос аяғының шотайақ болып біткен, тырнағымен алып түсіп, аспанға көтеріліп, тастап жіберді, ирелеңдеген денесімен бүктетіле құлап, шайт болды. Бек құсының соңына түсіп, жазық беткейден барып тұғырына

кондырып үлгірді. Жоғарыда шуласқан жұрт «апан» бітті деп, Бектің келуін күтті. Ұялы қасқырдың тобын алды. Бек келісімен, құсбегін тұғырына кондырдыда, Жарқынмен сөйлесіп, келесі баратын аймақты белгіледі.

Құсын баптауды ұмытпады, әрбір аңға шапқан сапарынан соң, жем-сауын беру шартты түрде болып бекіді, әйтпесе қоңы кетіп, әлсіздік орнауы мүмкіндеп қорытты. Бек басқалардыңда құсын бақылауды қалт жібермеді, орындамағандарға ұрсып-зекумен тұғыртты. Жұмаш бірден аңғарып, баптау амалына көшті. Әлкен әзілмен сөйлеп: Ә! Бәлем, сенінде қорқатын күнің бар екен!-деп сықылықтап күліп Әсіпке көзін қысты. Жымия күліп, қарқылдасқан екеуі, қостың ішін әлек қылды. Жұмаш бозарып не айтарын білмей бәлек болды. Қызара бөртіп, сарғылт тартқан жүзі, қуара түсіп, жалғыз сырап отырып қалды, қасында Жұматта болмады. Бірақ ол жасымады, қолыма түсерсің әлі деумен ішінен тынды.

–Бек сыртта тұрып, Әлкенді шақырып, тез түлкіге жіберуін жеткізді. Әлкен бүркітін қолына қондырып, далаға шыққан бойы қолын көтере беріп, бағыттай берді. Аспанға көтеріліп алып, төмен ағып, түлкінің үстіне «гүрс» етті, салмағын көтере алмай майысып барып, құлап түсті, сол түскеннен өліп тынды. Екінші түлкі бұта арасынан жылмаң етіп, көрінді де, жыраға түсіп, шаба жөнелді. Бүркіт қойсын ба, соңына түсті. Жетіп алып, желкесіне қонып көзін шығарып, аюдай тырнағымен бүріп, боршалап тастады.

Әлкеннің көптен күткен сәтінде олжамен оралып, көңілді жүзімен қосқа бет алды. Жұмаштың ойы Әсіпті қолға түсіру еді, оңаша қалуын күтіп, манағы сықағын өзіне қайтаруды көздеді. Бұл арадағы жай әзілдік, айтылған сөз!-деп Жұмат басумен болды. Ойыннан от шығып кетуі мүмкін!-деп түйді. Кезек Әсіпте болды, олда құсбегін дамылсыз күтіп, баптаумен тынды. Түлкі мен қоян қоса шығып, жонға қашты, бұтаға жібермей аттылар қорғап, ығыстырды. Жып беріп ұшқан құс, қос аяғын баурынан шығарып, қанатымен ұшып жетіп, денесін бүріп, тұяғын батырып сығып тастады, шыдамаған түлкі қозғалуға шамасы жоқ, өліп кетті.

Түлкіні тастай сала, қоянның соңына салып, жетіп алды да, көтеріп алып аспандап жерге лақтырып жіберді, қауқарынан айрылған қоян, жерге құлап, өліп тынды. Әсіп екі бірдей олжасымен оралды. Бек тағыда тұғырынан шығарып, қашқан үш қасқыр апанның өзінен шығып жапанды кезуге бет алды. Лып етіп көз ілестірмей ұшқан құсы, тау шыңынан құлаған тас секілді, қанатымен соғып, лақтырып түсірді, домалап барып жыраға кептеліп қалды, тұра алмай, ісі бітті. Зуылдап барып, салып ұшып, қос қанатымен бірдей соқты, қасқыр сол мезгілде жан тапсырды.

–Артына жалтақтаумен шапқан қасқыр, кең алымды аяғымен біраз жерге жете бергенде, оң қанатымен ұрып, басы айналғандай дөңгеленумен жатып қалды, қатты жыраның қырына соғылған бас, мыж-мыж болып, сол орныда бітіп кетті. Осымен апанда бітті, енді қауыпсыз жұрт малын, әсіресе жылқысын жайлым төсіне жіберуге, бостандық алды. Ауыл жұрт қуанысып Бек бастаған аңшыларды, құрметпен қарсы алып, қонақ қылды. Алдында Калинин колхозы тұрды....

Жазираның сұлу келбеті, Жасұлан үшін тамаша ой салғандай болып қасынан шықпады. Әрбір күні сағынышпен оралғандай, бой тартып, Жасұланның құшағына ілікпей, тына берді. Жүрек соғысы жетелеп, Жазираны ақ төсекке жатқызуды қалаумен болды. Бірақ күн ұзарып көп уақыт сағынышын үзе берді. Сен ештеңені ойлама, мен сендікпін, «мәңгілік» сендікпін!-деді Жазира. Оның отты көздері, лаулаған биік өрттей болып жалын атқан жастық кездері, ашылмаған сырлары, махаббат бесігіне жетелей берді. Қос аққудай, қанатын жаза түсіп, Жазираны бірден көтеріп алып, өздерінің әсем бөлмесіндігі, ақ мамық үстіне жатқызды, да шымылдық пердесін жаба түсіп, аузынан сүйген бойы, қыз денесін өзіне тартып, құшақтай берді.... Бөтеге үсті, даңғыл қара жол табанын қар басып, керуен тартқан аңшылар, биік төбеден өтіп, Калинин жеріне келіп аялдады.

Өзен бойын қуалай салынған көп үйлер, бүгінгі ауыл сәнін алыстан мұнартып қояды, малды көп қоралардың қарасы, осы дөңестің жазық даласымен жалғасып, ағынды су сай-жыраның беткейімен топтасқан. – Ақырғы саяс, осы жермен бітеді!-деді Бек, жиналған топқа жеткізе түсіп. – Қонысқа алаң жасалып, осы бағыт шатқал жерімен беттесе түскендей, ыңғайлы етілді.

–Биік тұтасқан қалың ағаштар, ирім тартып, қырат беткейін ала түскен. Қалың шөп басқан шатқал жиегі, қарды мықтап ұстап, етекке созылған. Бек өзі бастап, қасына бүркітшілерді алып қарап шығуға, бет түзеді, қандай құпиясы барын білмек болды. –Биіктен сырғанап түсіп, шатқалды басып, қасқырдың самсаған ізін кесіп, апанның маңайын шолыды. Аттыларға тапсырып, осы аймақты сүзіп шығуға бұйрық берді. –Қапаланған төңкеріс, қайта басталып, дүркіреген шабысқа ұласты.

–Аты шулы жерді табу аңшылар үшін керек болды, апанын құртпаса ертең қайта өрбіп, малға шабуы әптен. Ұялы қасқыр құмырсқадай бекініп алып, өз білгенін жасап, өрісті бағындыруға дейін барды, қолға түскенін жабылумен жемтік етті. –Бек осыларды болдырмас үшін, қатаң түрде қараумен, есінен шығармады. –Қазір апаннан қашқан қасқырға, бүркіт

жіберуге дайын тұрындар!-деп ескертіп өтті. Жұмаш басын сипап: Бұл қалай болды, ызалы қасқыр бүркітті, кеміс қылмауға кім кепіл, олар өте қайраттыда-ызалы, бірден ұмтылуы мүмкін!-деп ойын Жұматқа айтып жеткізді.

–Айтқасын істемеуге болмайды, бірақ атқа мініп дайын тұрындар, қасқырға ұшырысымен, сойылды жандарыңа байлап, артынан салып, қалмауың керек, кешіксең жаралаудан тайынбас!-деді Жұмат бәріне ескерте түсіп. Әлкен мен Әсіпте қош көріп, Жұматтың сөзіне байлам жасады. Жұмашта зәре қалмады, баптап күткен құсбегі, табанға салынып кетема!-деп қорықты. Шатқалдан шыққан қатты дауыс: Қасқыр кетті! Тобымен кетті!-деумен бойларын ала түсті. –Жұмаш бүркітін қарап үлгірген жоқ, жып беріп, ұшып ала жөнелгенін бірақ білді.

Қанатын қағып, сұр тұмсығын алдына жіберіп, аюлы тұяғын, батыра түсіп үстіне қонды, қасқыр шабуын кілт тоқтатып, берісбеске жұлқына түсті, құс тұмсығына жармасып, басынан біріп, көзін шығарды, жұлқынғаны басылып баюлап барып, жатып қалды, шөккен қалпында қаны кетіп, әлсіреп барып, өліп тынды. Масаттанған Жұмаш лезде келіп, үстінен түсті, қасқырдың үстінен тұяғын босатып алды да, қолына қондырып, олжасымен қос басына жүрісімен беттеді. Бек те қуанып: қасқырды бәрімізде алуға болады, тек баптауын дұрыстап білгені жөн!-деп ескертті.

–Кезек Жұматтың бүркіті!-деді. Жүрексінген ойы, бойын алып: Я! Тауекел!-деп қолын көтере берді, бағыттап қашқан қасқырдың соңына салды. Қасқыр қалың ағашқа кіре бергенде, зуылдап жетіп алып, аяғын тарпа бергенде, қарсы ұмтылып, арсылдаумен айбат шегіп, секірумен бет қаратпай, тұмсығын ала беріп, аузын бүріп жабыса түсті, тұмсығымен тамағын орып, қан етіп үлгірді, қасқыр құлап түсіп, өліп кетті. Осымен екі қасқыр алып, көңілдері жай таба бастады. Қалың шөпті қар басқан аймақты, аттылар дамылсыз сүзіп, барлығын жер бетіне шығарудың амалын жасап, қарын боратып, шабудың үстінде болды.

Апанның көзі ашылып, шыққан тобыра, жалпақ түзге шығып атылумен, жон асырды. Көкжалдың әйдігі, бастап, түзді кезіп, алға ұмтылып, қия салды. Сол кезде, ұмтыла зырғыған бүркіт, қарулы қантымен жетіп барып, соғып жібергенде, аунап барып, ағаш түбіріне сарт еткізіп, басы бұралып, көкжалың өліп кетті. Құс тағыда, қыран құсап, қуып жетіп, салып үлгірді, осы жолы молынан салды, екінші көкжал табанда қатты. Қар үстінде жолақ тартып, биікке өрлей ұшқан қыран құсап, қиалап шауып, ұстатпай кетудің жолын іздей бергенде, артынан жетіп, аюлы тырнағын батырып

үлгірді, шыбыжықтаған қасқыр, ауыр бүркітті көтере алмай мамырлып барып құлап түсті, сол орында өліп түсті. –Бұл бірден үшеуін алып, Бектің құсы тағыда өзінің өжеттігін, айла-тәсілін баршаға көрсетіп «алмас қылыштың» кейпін жасап, аң біткенге басымдық ісін асырумен болды. Апанын жойып, «енді болмас» деген сезім ұялаған бүркітшілер, халықтың ыстық ықыласына бөленумен қоштасты. Бектің атағы бүкіл елге жетіп, ұялы қасқырдың жолын бір жола кесті. Қытай азаматы илеген түлкі мен қоян терісінен Алтын өзінің басқарған фабрикасынан, жылы құлақшындар тігіп, ел адамдарына таратты. Көктемде келіп жетті. Аққан бұлақ пен сай-жыраларды бөгеп, бөгет салды, көгеністің бар түрін егу міндеттеліп, Жарқын өзі басқарып, қаладан «кореец» мамандарын алғызып, жегілікті халықты үйретіп, жұмысқа тартты. Арбуз бен қауында өсіріліп, колхоздарда бақша көлемі кеңейіп, орын алды.

Жарқын барлық істі, өзі басқарып, техниканың дамылсыз істеуін қадағалап, халық тұрмысын көтеру жолында, бар күш-жігерін «Дала комисары» етіп көрсете білді, бүкіл халықты соңынан ерітті. Өзінің дос-құрбылары, елде колхозға ұйымдасып, Сүндет бастаған жігіттер, колхоздың басқармасы болып сайланып, еңбек ете бастады. Батия мен Балқия ауыл жастарын оқуға тартып «жаппай сауаттандыру» жолында, мектепті өздері басқарып, түгел ауыл адамдарын жинап, жарты жылда хат танытып, кітап оқуына жол ашты. Қоныс пен мал фермаларын аралап, «онкүндік» жасап, бір үйге топтастырып, сабақ оқытып, сауатандырудың жолын ашты.

Қос құрбы мектепте ән-күй білетін «өнерлі» жастардан «ансамбль» ұйымдастырып, колхоздың егіс даласы мен мал фермаларына барып «концерт» қойды. Жаздың жадыраған, тамаша күндерінің бірі болатын. Бұлтсыз аспанда, күн сәулесін аямай төгіп, ыстық жел лебі, ауаның толқынды келбетін жасап қояды. Бірліктегі өзенде өз арнасын, дала төсіне беріп, күмістей жарқыраған су беті, теңіздей шалқып әсем жүзімен өзіне тартып, бүкіл ауыл балалары, шомылып суға түсіп, мәз майрам болып күн өткізуде.

–Жайбарлау жері тайыз, суыда мөп-мөлдір, бұлақ суындай, танытады. Балаларда қызықтап жарысып, сүңгіпте жоқ болып, шыға келеді. Жаз бойы осында, өзен бойында болып, серуен құрып, балық аулайтыныда осында. – Кейде ерегесіп, қармаққа таласып, қызыл боюдай болып, артынан табысатын. Көшеге шығып топай ойнап, тақыршық жерге шығып алып, ұтысқа таласатын, көңілінен шықпаса ойнамай өкпелі болып қайтатын. Кешкілік, мал қайтар кезде, бұзауға мініп сиырды қарсы алып, жамратыпта қоятын. Артынан таяқ жеп, далада бұзауымен біргеде қонып қалатын.

Жастық балалық шақ, бір көшке ілескендей болып, зуылдап өте шығатын. Өттеген-ай болып есінде қалып, өтіп кеткенін білмей қалып, сан соғатын. Өзеннің арғы бетінде орманды алқап, мойыл мен додананы теріп, тойып алып, ыдыс толтырып қайтатын. -Жемістің көкесі, деп қызықтап, ағаштан түспей қолын теруден босатпай, додананың тікеніне жолығып, денесін жаралапта алатын, сондада болмай әптен теруге малтығып, үйге қайтар кезде ғана ағаштың басынан түсетін. Додананы қызықтап сүйегімен жеп, іші аурып, үйінен шықпай қоятын. –Достары мазақ қылып, үйінің ішіне тығылып, көрінбей ұялатын. –Балалық шақ осылайша арман асуы болып, әркімнің ойында естелік болып қала берді...

Көгілдір аспан қойнауы, жаңа батқан күн көзі, жолақ тартқан қызыл сәуле шашып, аспан әлемін қызартып, кете барды. Көк жиектегі толқын сәулесіде, сағыммен ілесіп кеткендей болды. –Жұпар дәрігерлік оқуды бітіріп, Алматыдан темір жол станциясында алаңдады, Қызылту колхозына жол тартпақ. Мойнына байлаған қызыл орамалы, үсіне киген көк көйлегі, жараса түскен желеткесі, алдына жіберген қара шашы, бұрымына түсіп, сұлу тарқан бейнесімен жолға шығып, баратын көлікті күтті.

Біраз тұрып шаршады. Ыстық күннің күн сәулесі жарқырап, жаздың жылы лебімен бойын алып, терлетіп шөлдетті. Жұпар мойымады, қайтседе жету керектігін, мақсат тұтты. –Қаладан оралған Жарқын, жол үстіндегі қызды көріп, бірден тоқтады. –Қайда барасыз!?-деді Жарқын машинасынан түсіп, қасына келіп. Мен Қызылтуға барамын, дәрігермін оқуымды жаңа ғана бітіріп шыққан бетім еді!-деді қыз қызара бөртіп, дала ыстығына күйгендей рең тартып. Жүр онда машинаға мін, мен жеткізіп саламын, халық онда дәрәгерге тапшы!-деді. Сіз оны қайдан білесіз?-деді.

Менің білетінім сол колхоздарда жиі болып, халықпен сөйлесіп тұрамын, ауырып сырқағандар көп, барар жері жоқ, аудан алыс!-деді Жарқын. Үлкен даңғыл қара жол, Қызылту бағыты, жүйткіген жеңіл машина, жазық жиекті көкшіл шөп басқан, жел толқынымен қоса қозғалып, қояды ілескен жол торабын шаң басып, бұрқасын болып қалып жатыр. Алыстан мұнартқан ирімді қалың тоғайлар, дөңес беткейін алып, аспанның көк күмбезімен таласқандай, жел бағытымен бастары иіліп, толқи түседі. Жалпақ дала төсінде, сарғылт тартқан дария теңізі құсап, алтын астықтың пісіп кең көлемді алып жатқан, жол танабымен басып барамыз.

–Биыл молшылық, астық алқабы, көңіліңе қуаныш әкелгендей сезінесің, қызықтайсың. Сол молшылық берік орнап, жылдар бойы арман еткен «бір үзім нан» Жарқынның есіне оралып біраз үнсіз отырып ойға кетті.



–Жұпар ашық, дала келбеті ұнаған соң: Ағай мен ән шырқасам болама!?-деді.  
–Әрине болады, тамаша өңір, сұлу табиғаты, шалқыған алтын астық алқабы, өзінді еріксіз тартып, ән салуға бейім етіп, сұрай берді!-деп кеңес етті. Тамылжыған дауысымен кең даланы бірден орап, алысқа жетті.

Жарқын өнершіл жасты байқап, қабылеті жоғары екенін бірден сезді. – Мен жасымнан әнге құмармын, өлең айтпасам, бойымды бірдеңе басқандай, қажып қаламын, сондықтан айту, көңілім көтеріліп, ештеңе ойламауға бет бұрамын!-деді қыз. Жұпардың назды үніде, жылаған қалпын көрсетіп, мұңын шаққандай болды. Неге жыладың? Ертең халықтың бәрі оқыған дәрігер келді!-деп қуанысады. Сонда өз бейнеңді қалай ұстайсыз, әлде өміріңде бір өкініш сыр барма, соны айтыңыз. Ұялмаңыз менде осындай «қыспақ-өмірді» басымнан өткіздім, таяқ жеп талықсып жатқан күндерімде болған, ұялма айт!-деді Жарқын.

–Менің ауылым, сонау Қамысты жері, туып өскен елімде, оқыған мектебімде сол жерде. Бұдан бір жыл бұрын, отырған қыз деп, Сарыөзен жерінен келіп құда түсіп, алмаққа келді, олар кешкілік сойқан төбелес ашып, ауыл жігіттерімен шайқасты. Қанаш бермей мені алып қалып, сол кеште оқуға аттандырып, Алматыға жіберді. Қайтуында қарақшылар жолын тосып, ұстап алып соққыға жықты, қазір білмеймін өлі ма?, тірі ма?-деп күрсініп жылады. Менің оқуда кеткенімді білмей, топтасып келіп, қалың малын даулап, қызды алып кетеміз деп, ойран салып жатқан көрінеді.

Әкем бұрын үйір жылқы мен көп қой алған көрінеді, ағайындары көре алмай, әкемнің аурулығын пайдаланып, малын ұралап айдап әкетіп басқа жерге жасырған көрінеді. Сол алған малдың ізіне түсіп, қайтарып бер, я болмаса «тоқалдыққа» қызыңды бер деп, дауға салып жатқан көрінеді!-деді қыз Жұпар. Колхоз орталығы. Шағын ауыл болсада, көптеп салынып жатқан үйлердің тізбегі, жана көшелермен толыққан.

–Жарқын кеңсеге ауыл басшыларын жинап алып, жас дәрігерді таныстырып, ауыл адамдары үшін, келешекте аурухана ашылатындығын сөз етті. –Көп ұзамай ауруханада ашылып, Жұпар бас дәрігері болды. Жұпардың мұнды уаймы, бойынан кетпеді. –Қамыстыға топ аттылар келіп, ұмытпаған істерін жалғастырып «мал беріп- құда түсіп», бұрынғы сырларын ала келіп, қыз үйінде, қона жатып, айтысты бастап жөнелді. –Сарқан бастаған құда, сөзге шешен, талайдың басын қайырып, жас қыздарды, ауылындағы шалдардың, қойнына салып, кәсіп еткен, «көк сақалдың» бастап келуі, бар пәленің орнағаны деп, болжады. Ол ешкімге сөз беріп, жиынды өзі басқарып, сөз сөйлеуге бекінгенін, бірден сездірді.

–Біз мал бердік, берсек молынан бердік, сондағы алмағымыз не?-деп бастады. Қыз қайда, мынау күйеу, аузына сақал біткенімен, қауқары әліде тау басынан шың құлататын жайы бар, екі бәйбішесін екі үйғып шығарып, тігілген алты қанат отауын келетін қызға арнап, іші-сыртын жасап қойды, көрсең көзің тойар емес «көрсе-шыққысыз» ғып, дайындап қойды. Күйеуді қанша мақтағанмен, еңкек тартқан, кәрі кісі, аузында бір тісі жоқ, сопиған кара, құнжауы кетіп, бүкірейе түскен. –Ауыл адамдарыда жиналып, ішінде егіде тартқан әйел: Мынау ма? Мақтағаның, қыз түгіл, менің өзім мұндай, бітіп отырған сорлыны керек етпеймін!-деді салған жерден. –Қарқылдап күлген ауыл адамдары, бас иісіп сөзіне қосыла кетті.

–Жоқ олай кемітпеңіз, бұлда бір елдің силы азаматы, мен сөйлеп отырған соң, сыпайлық сақтағаны емес пе? Қыз қанша болғанмен, кісінің адамы, отырған қыз атанып, орнын таппағаны өздеріңе де ұят, сондықтан бұрынғы қалыпты сақтап, келісім еткендерің өте дұрыс, қыздың мынау отырған әкесіне, яғни Жетпіс құдаға, санап беріп алдына салғанбыз, анау отырған анасы Жанақияға қымбат аң терісінен тігілген, қаптал шапан мен қытай жібегінің көйлегін беріп, уәдемізді пісірген едік.

Сол уәде, өздеріңде қалды, қызды тауып әкеліп, кетер күнімізге дайын еткендерің дұрыс!-деді Сарқан. –Көп айтып мазамызды алма, алар малың болса қайтып ал, қыз оқуда!-деді Жанақия. Адам жіберіп шақырып алындар, біз келуін күтеміз, тек қана уәдеде тұрсаңдар болды емес пе?, елімізге құр босқа қайтқанымыз дұрыс болмас. –Айтқан сөз-атылған оқ пен бірдей!-дейтін халық, біз өз жағымызы орындадық, қыз ұзатар күні тағыда бір айғырдың үйірін беруге сөз береміз!-деді Сарқан жұрт құлағына жеткізіп. –Тіпті шыдамдарың таусылса, қыз орнына мені әкетіңдер!-деді егіде әйел күле сөйлеп. Қарқылдап күлген ауыл адамдары, осы әйелдің айтқаны дұрыс, басы бос!-десті. Қызара бөртіп, Сарқан: Өзіміздеде жетеді, осындайлар бір емес, бір үйде екі бәйбішеден, олармен төсек жаңартып несін аласың, масыл болғаны болмаса, ал қыз, болса бала сүйгізіп, нәрестені өмірге әкеледі, әулеттің ұрпағын жалғайды!-деді Сарқан. «Қыз дауы» қыза түсті, екі жағыда беріспестің амалына көшті. Сарқан табан тіресіп бақты, аталы сөзді тастап, ашынып сөйлеп, өзінің өркекірек пиғылын асырып жатты.

–Қызды аттастырған жесіріміз деуге басты. Қыз күйеуге шығып, жұбайы өлген бе? Тіпті қиыстырар сөзді, қармақтап қалай айтқаның? Түсініксіз! –Түсінбесең түсіндірейін, біз құда түсіп «келіскеніміз» бір жылдың жүзі болды, қашанғы күтіп әйелғып алмағаны «жылы» болды, сол жылды қазақ атам байыптап, еркегінің қойнына жатпаған соң, солай деп

«байлам» жасағаны!-деді Сарқан. Сен қайдағыны, қайдан бастап, дүмше молдалар құсап, жаныңнан шығарып, сандырақтап айтудың, амалына көшкенің ба?!-десті ауыл адамдары. –Сарқан ойланбастан: Мен өз адамымды жіберейін, тек қай жерде екенін айтып, берсеңдер болды, қалғанын өзіміз білеміз!-деді. –Жоқ олай болмайды, қызды мынау отырғанға беріп, бақытын жоғалтарым жоқ!-деді Жанақия Сарқанның сөзін кілт бөгеп. –Ашынған адам, айтысып бақты. Асау сөздер айтылып, Сарқанның құлағына жеткізіп «қасқыр құсап тіміскілеп» болмайтын істі болдыруға тырысып, сан түрлі айланың бетін ашып, өзін ақылды ғып көрсету жолын іздеп, құр мыңқиып жолда қалды. –Кеппе тұмсық!- деп ат қойып, ауыл адамдары әжуалап, мазақ етті. Сарқан ашуға басып: малды қайтарындар, әйтпесе қызды тез алдырып, бізді өз жөнімізге жіберіңдер!-деді.

## XII ТАРАУ

Бізде қуанысып қаламыз, екі жақтағы «алым- беріс» бұнымен бітпейді, барғандарыңды байлықпен силап, астарыңа ат мінгізіп, үстеріңе қасқыр ішік шапан жабамыз!-деді Сарқан жұмсақ сөзге көшіп. Сарқан үшін үлкен үміт үзілгендей болды, ешкім сыр ашып, оның жылы сөзіне көңіл аудармады. Жардан құлаған жапалақ құсап, недерін білмей ішінен тына бастады. Бізгеде осы керек еді!-десті. Қаракұрт құсап, жан-жағын жайпап отруды әдет қылған Сарқан, осы жолыда бұрынғы барған жеріндегі, айласын асыруға тырысқанмен түк шығара алмады, томағасы айрылған балық құсап, шөкпекті жеріне ығыса берді.

Дәнен ауыл ақсақалы, көпті көрген көз басты. Жылым құрт құсап, бұларың не, саудаға түсер қыз жоқ, мал беріп алам дегенің, құр әурешілік, өзінің теңіде емес, бітіп отырған шалға дегенің қай мазағың?!-деді ауыл ақсақалы, жұрт алдына шығып, естіртіп өтті. Жетпісте: Менде осылай айтып, ар-ұятын аяққа басқым келді, бірақ Дәнenniң өзі айтқан соң, түгелдей қосылып, шындықты бетіне басып, аларыңды барып жинап ал демекпін!-деді. Сарқанның тамырын басып, айтылған сөз, арынан өтіп кетті білем, топаң етіп, тыпыршып асау тұяқтың қалпына көшті.

–Жоқ! Мынау айтлған сөзді қайтып ал, құба сайлап, құртам дегенің өте өрескел, мен талайды көріп, отты көзім болмаған істі болдыртқанның өзімін, тауым шағылып көргенім жоқ, «бір адамды-екеу қылып» құтты орнына қондырып, олжа еткеннің өзімін!-деді Сарқан. –Тапжылмай табан теріде, мойымаған қалып танытып, дауды жалғай түсті. Алма кезек, бойынан айрылмады, бергенін алға тартып «қыз менікі» деп бас салды. Жетпіс жылқыны бөліп алған ағайындарын шақырып алып, түгелдей алдына салуға

бұйырды. Сөз тірескен сопақтардан құтылу амалын ойлап, тырысып бақты, ден саулығы болмаған соң, көп сөзді ұнатпай, жатып қалды. Аласапран болған айтыстың екі жағыда сыр беріп, тоқтам айтумен бекіді. –Бірақ Сарқан қойатын емес, өзінің ойын алға тартып, күшейе берді. Дәнендіде, іліп шатып, сөздің аяғын түйіндеп, Дәненге аудары берді. –Сен білгір болсаң, шешілмеген дауды шешіп, ақсақалдық құныңды көрсетіп, көпшіліктің арман еткен «қыз дауын» бір жақты қылып, көңілді етіп бізді қонақ деп силап жібермейсің ба?!-деді Сарқан шешендік танытып, көп сөйлеп кетті. Тыңдар ешкім болмады, өзі бір қиалға малтыққандай күй тартып, сөз мағанасын, қайталаумен болды.

–Ұстасар адам іздеді. Дау-жанжалдың арты, созыла түсті. Айтысқа қажымаған құдалар, үйді босатып кеткісі келмеді, қалайда көндіремін деп, әлекке түсті. –Дәнен, Жетпістің ден аулығы сыр беріп отыра алмаған соң, бар дүниенің бағытын өзіне алды. –Жауаптыда баса айтып, Сарқанды сөзбен тоқтату жолын іздеп, айналасын асыра алмайтын етіп, кесті. Сөз жүйрігі Сарқаннан асып түсті. Аул адамдары риза болып, Дәненді қостап, әрбір сөзіне күш беріп, байыптап отырды. Сарқанның тауы шағылып бәсеңдей берді. Орнында отыра алмай, далаға бір шығып-бір кірді, үстінегі жалаң шапаныда, бойынан сусып, түсе берді. Жүзінде қарайып, солғын тартқан келбеті, жүдеушілік орнағандай, денесімен беттесе түсті.

Арасында «ухлеп» қоюды көбейтіп, күйеуге бас салып, құда түскен кезде «қызды бірден әкетпейсің ба?!»-деумен болды. –Мұндай тартыс болмаған болар еді, атам қазақ айтқандай «темірді-қызуында сок» дегені бар есес пе?!-деді іші ызаға толы. –Жарқын бұл мәселені жай қалдырмады, Жұпардың уайымнан жылап жүргенін, біліп Қамысты алыс емес, барып қайтуды жөн санап, қыз дағыдырын шешуге тырысты. Қасына «қарулы милиция жасағын алып, Жұпарды бірге машинаға отырғызып, Қамыстыға тартты. Жапан түз дала, жусан басқан кең аймақ, жол бетімен зырғыған машина, қыратты басып, ауылғада келіп үлгірдік. Жұпар бірден өзінің үйін көрсетіп, топ аттылардың арбада байлаулы тұрғанын бірден байқады.

–Жеңіл машина келіп тоқтай берді. Бірінші көруі машинаны көрісімен ауыл балалары таңырқап, қоршап алды, жүгіре шығып келген адамдарда, қызықтап толып кетті. –Жұпар бірден үйдің есігін ашып, ішке кіре берді: Саудаға түскен қыздарың мен Жұпар, әлі айтыстарың бітпеген көрінеді, үйді босатыңдар, сонда барып жалғарсыңдар!-деді қыз. Айтқанша болған жоқ сау етіп, қызыл жағалылар, бас салып, Сарқаннан бастап, бәріне кісен салып, сүйретіп далаға алып шықты. Жиналан халықтың алдына шығарып, милиция

тобы, айдап ауданның түрмесіне алып кетті. –Жарқын «қыз дауы» осымен бітті!-деді. Қанашқа адам жіберіп, іздестірумен болды. –Қоныстан әрең жеткен анасы, Жұпардың үйіне келіп, жылаумен құшақтап, қыздың бетінен сүйіп, бауырына басты. Жұпар бірден: Апа! Қанаш қайда, бір жылдан бері көре алмадым, не болды?!-деді жұлып алғандай, сұрай түсіп. Сол күнгі төбелесте болған еді. –Қараңғы түн, көзге түртсе ештеңе көрінер емес.

Қанаш Жұпарды әкетуге келгендерді, бөгеп ауыл жігіттерін ұйымдастырып, қолдарында бір-бір шоқпар, аяңғысы келмеді. Олар айла жасап сол кеште, қызды алып қашуға дайын тұрды. Топтасып келіп сыртағы қарақшыларды, шоқпармен беріп өтіп, аттан құлата бастады. Қанаш үшеуін, құлатып, енді біреуіне келе бергенде, қарулы біреуі ат үстінен, қарсылық көрсетіп, құрықпен жайпап маңайлатпай, қорғана бергенде, аттың баурына жасырынып барып суырып алып, құлатты. Күрең атты, тізгінінен ұстай алып, Жұпарға хабар беріп, тез шығуын күтіп, тасаға жасырынып, белгі берді. Үйден білдіртпей, жүгіре шығып, түрін көрсетпей, Қанаштың айалдаған жеріне жетіп, атқа бірге отырып, қара жолға төтесімен тартып отырды. Бағыты темір жолға жету еді.

–Жұпар ауыл метебін жақсы бітірген, өзінде оқуға құштар, қалаға кетіп білім алуды бұрынан қалап, Қанашқа ескерткен. Сол ойында, бұл жерде қалуға болмайтынын түсінген, екі жас өмірін сақтауға тура келді. Алматыға поездға мінгізіп, Жұпармен қоштасып қала берді. Сұлу жігіттің жүзін, көрген қыз, жылаумен арнаған орамалын беріп «мәңгілікке» серттесіп, сүйісумен үзілді. –Жұпар өткір және ақылдылығыда ешкімнен кем емес. Сол бетімен Алматыға келіп, дәргерлік оқуға қабылданып, жақсы оқыды. Қанаш атына мініп, ауылына бет түзеді. Даңғыл қара жол, жағалай тартқан көк бидайық кең жазықты баса түскен, жел күшімен толқынға ұласып, алысты ораған. Жаздың самал ауасыда, жылылық тартып қояды.

Ұшқан құсқа көп қарап, шіркін қанатына хат қыстырып, Жұпарыма апарып берерме екен, деген ой мазалап, қиалдаумен екпіндеп желіп келеді. – Қарсы алдынан шаң көрінді, баяғы өзі көрген топ аттылар шыға келді. Олар бірден күреңді танып, қыздың жігіті осы!-десті. Бұлардан қалай құтылу керек, қолға түссе ондырар емес. Неде болса, төтемен шауып, жеткізбеудің амалын жасап, атқа қамшы басты. Жүйрік күрең біразға дейін алдын бермеді. Әлден соң, жүйрік атқа мінген, қолында арқаны бар, жетіп озып, қыл арқанды мойныма тастап жіберіп, тартып қалып, аттан ұшырып түсірді. Бәріде жабыла кетті, біразға дейін айқасып, жаралап құлатып үлгірген Қанашты, артынан келіп байқаусызда, шоқпармен ұрып құлатты. Талықсып

барып біраз жатты, оңдыртпай жаралап, «жонға» тастап қалдырды, өздерінің күрең атын алып, тайып тұрды.

–Жаралы Қанаш екі күн ес-түссіз далада жатты. –Жол жөнекей жылқы жоғалтып, іздеген ауыл адамы Қошан бірден байқап қалып, жатқан Қанашты танып, атынан түсіп, оята бастады. Ыңырсып барып, әрең сөйлеген Қанашты құшақтай алып: Не болды баурым? Қалай ғана жарақат алдың!?-деді Қошан басын көтеріп, сусын ішкізді. Бәрі жабылды!-деді Қанаш ұзақ сөйлеуге, жағыдайы келмеді. Қошан сүйемелдеп, ер тоқымға мінгіздіде, өзі артына мінгесіп, ауылға бет алды. Үйіне әкеліп амансау қалғанына қуанып, ата-анасы той жасап, құдайы берді, ауыл үлкендері «батасын» беріп тарасты. Жұпар естіген бойы, тірі екенін жеткізіп Жарқынға, айтып үлгірді, қыз қуаншыда шек болмады.

Жарқын машинасымен Қанашты алғызды. Әдемі жігіт, бұрынғы қалпымен, жарақатынан жазылған бойы, машинадан түсісімен Жұпарды көріп, құшақтай алды, Жарқынмен танысып, болған істі баян еткен Жұпар, қарақшылардың түгел ұсталып - кісенделіп түрмеге әкеткенін жеткізді. Қуанған Қанаш: Енді қауып жоқ, біз енді бақытты боламыз!-деп Жұпарды құшақтап бетінен сүйді. –Менде сенен айырылғым келмейді, қасымда боласың!-деді қыз. –Жарқын екеуінің ата-аналарының басын қосып: Қаншама қиындықтарды бастарынан өткізіп, өлімге дейін барған, екі жасты, енді бір-бірінен айырмай, қосылуын қалаймын, Жұпар колхозда бас дәрігер, ал Қанашқа өзімізде ашылған трактористтік курста оқытып шығарамын, ол келешекте егін мен мал шаруашылығын техникамен атқаратын болады!-деді Жарқын байсалды сөйлеп. Қуанысқан ата-ана «батасын жаудырып» Жарқынның құрметіне «бағылан» сойылып, ас берілді. Ертеңіне бүкіл ел-жұрт жиналып «екі жасты» шығарып салды. –Жаздың тамаша күндері, таза ауа толқыны, дала гүлі аңқыған жұпар иісі, бойды алып, сағыныш сезім орала берді.

–Ол кезде Бек Бірліктегі өзен бойымен өрлеп, жаңа қонысқа бой түзеді. Кең арналы жалпақ өзен, құс базарын жасап, қаңқылдаған қаздың үні, құлаққа естіліп есінді алып қояды, құстарда тобымен ұшып-келіп су бетіне қонып жатты. –Бек қонысын ыңғайлы жерге онатып, құсын жемдеуге кірісті. Жұмаш пен Жұматта қалыс қалмады. Жиегі толған көк құрақ, талмен өсіп бекіген. Күн жылылық рай танытып, жарқыраған су беті күмістей болып, көзінді алады, алыс белестер құсап, жағалай өскен ирім ағаштар, дала өңірін әсемдеп, сұлу табиғатымен жараса түскен. Бек баптауды тапсырып, өзен бойына, тағыда көз салып, құстың қону бағытын бақылады. Бірінші өзі

бастап, құсбегіне ақырғы жем-сауын алдына тосып, дайын тұрды. Ат тұғырына отырғызып, жағаны өрлей жөнелді. –Жарқын бұларғада қайық алдырып, енді олжасын қайықпен жинап алуға көшті. Қаздың көптігі сол, су бетін басып, түзуде болды. Осы жерге тоқтам жасады да, тұғырынан лып етіп шығып кетіп, қаз тобына кезігіп үлгірді. Көтеріле берген тоқтың астынан шығып, қанатымен жайпап өтіп, құлатып үлгірді, қайта айналып алдынан шығып, қос қанатымен қирата соқты. Топырдап түскен қаздар ұша алмай, қанаттары қирап, зілді соққыдан кейбіреуі су бетінде қалқумен өліп кетті.

Әлкен қайықпен жағадан шығып, құлаған қаздарды қайыққа салып, жағаға әкеліп, бар олжаны қонысқа үйіп тастады. Бек келісімен тұғырына отырғызып, астауға салып жемдеуге, кірісті бойын күйттеп, баптауын жасады. Әлкен құсын қолына қондырып, Әсіпті ертіп, аттарымен жағадан бірақ шықты. Қаз бен қатар үйректерде толы, су бетінде түзумен болды. Әлкен құсбегін жіберіп, қазға бағыттай берді. Ұшқыр құс, арасына кіріп жоқ болды, аюлы тұяғымен бүріп, екі-үшеуін құлатып үлгірді.

Жағада тұрып: Кеу! Кеу! леп құсын қолына қондырды, ендігі кезек Әсіптің бүркітінде болды. Қаздың дауысына шыдай алмаған құсбегі, қолынан шыға салып, зулаумен топты қирата соқты, тұмсығымен бұралап, аяғымен тарпып құлатып тынды, тағыда екі олжаға көбейді. Жұмаш бұлар барғанша қайықпен, олжаны су бетінен алып жағаға шығарды. –Бекте екеуіне риза болып, жемін дайын еткізді. –Жұмаш осы жолы үндемеді, олжасы жаман емес, тек бастамасы ғана деп ой түйді. Бекте соларды қостап, мақтап өтті. Жұматқа кезек тиді, ол атына қарғып мініп, жайдақ шауып ала жөнелді, алыстан көзі шалып, бүркітінің тиышы қашып, қолынан суырлып, зымырай жөнелді. Лесер құс бұған жете алмаған болар еді.

–Шаңытып барып, беріп кетті, төсімен соғып құлата бастады, аяғыменде соғып жанын шығарды, басым еткен бүркіттің күшіне шыдамады, олжа су бетінде болды. Үшеуін бірден алып тастады, бұлда кереметтігін көрсетіп үлгірді. Бектің сөзі бәрі расқа келді: баптауын білсең -олжалы боласың!-деген еді. Сол сөзі ойларынан шықпады, әрбір ұшқан сайын, баптауды ұмытпады. –Жұмашқа үлкен сын тұрды, ол бәрін әуезі қылып, өзін бір кермет қылып көрсетудің жолын іздеді. Сол сәт таянды, Жұмаш жалтақтап, жан-жағына қараумен атына қонды.

–Оны мазақ етер ешкім болмады, бәріде өз жұмысымен бола берді. Желіп тырып, қамыстың тасасымен жақындап барып, құсын ұшырып жіберді. Алай-түлей соқтығыс, етек алып, құс баюлап ұшып барып, топқа кірді. Шырылдаған шорағай үйректер дауысы, өзен бетін алып кетті.

Тұмсығын созып, аяғын көсілтіде, бүріп алып, біреуін құлатып үлгірді, екіншісіне бас салып, тұяғымен алып түстіде, төмен тастап жіберді, өлмеген үйрек су бетінде тұзумен қамыстың арасына кіріп жоқ болды, алғаны бірақ үйрек. Жұмаш құсбегін шақырып, Кеу! Кеу!-леп қолына қондырып, қойсқа бет алды. –Бәрін бақылып отырған Әлкен, Жұмаш келісімен қарқылдап күлдіде: « Күлме досқа- келер басқа» деген осы емес пе? Алғаның жалғыз үйрек, тым болмаса қазда емес!-деді Әлкен, көзін қысып Әсіпке қарап, күлкісін жинай алмады.

–Кінәсін мойындағандай, басын төмен салып, отыра кетті. Саған не болды, құсың баюлап ұшып, ештеңеге ықыласы болмай, бойын суытып, құлықсыз ұшты, кәне бүркітіңді маған бер, бақылап көрейін!-деді Бек, қолына Жұмаштың бүркітін алып. –Қолымен денесін сипап, төсін бақылап, қоңы кеткенін бірден аңғарып, әлсіздігін білді. Бек: Сен мына құсыңды дұрыстап жемде, әйтпесе айырлып қалуың екі талай, бұлай адам құс ұстай ма? Қоңы әптен біткен төс сүйегінде, қырып алар қызылы жоқ!-деп зекіді. Әлкенде қосылып: Жұртты мазақ еткенше құсына қарамайсың ба?!-деді. Жан-жақтан түйілген сөздің түбірі, Жұмашты сығып тастады.

Қолына бүркітін ұстап, дайындаған жем-сауын алдына тосып, бере бастады. Әпсәтте, тағыда қайталап, молғып берді. Біраз жемдеген соң, қанаттарын жайып тарап, денесін сипап, тұяқтарын сүртіп, жүндерін тарады, баптау жалғасып, келер күнде осылай күтумен болды. –Бек қадағалап, Жұмаштың әрбір ісіне кірісіп, дұрыстығын айтумен болды. Әлкен мен Әсіп құстарын баптап алған соң тағыда жағаға бет алып, аттарымен шоқытып қаздың көп қонған жеріне барып, бас тіреді.

Әлкеннің құсы керемет жан-жақты бағыдарлап, қаздың ұшып келіп су бетіне қонғанын сезді. Шықылдап белгі беріп, ұшуға дайын тұрды. Көп болған жоқ, зымырап ұшып алдыда, топқа соқтыға кетті. Сом аяғының күшімен, қанатынан ұрып, қирата батып, жерге құлата берді, топ еткен қаздар су бетінде дүзе алмай, жалып-жалып етіп, дөңгелене берді, әлсізденіп барып, су бетіне қалқып кетті. Әлкеннің олжасы мол болды. Қаздар азайып, үйректер тобымен келіп, қона бастады.

Үріккен болуы керек, өзеннің бойындағы алыс сағаға барып, жан сақтады. Әлкен: Сен қарайлама, бар үйректерді босқа жіберме, тездетіп ұшыр!-деді. Айтқаны солақ екен, құсы сыдырлып барып, қолынан ұшып кеткенін сезбей қалды. Қанатын ішіне тартып, зуылдап ағып, топ үйректі беріп өтті, денесімен ұрып құлатып, әлсіз шорағай үйректер тобымен құлады, су бетіне құлағандары бірден, өліп тынды.



–Жарқын колхозға оралысымен, дәрігерге үй бергізді, Қанашты бірден тракторист курсына кіргізді. –Алып ұшқан қос жүрек, сағынышы басылмады. Жұпар оқуда ойлаумен Қанаштың амандығын біле алмай талай күндерді ұйқысыз басынан өткізді, осының бәрін айтып сүйген жарына деген ыстық ықыласын аямады, сұлу жігітті сүйді. –Жаңа орын, жаңа үй болғанын Жұпар қатты сезінді. Ауыл шетіндігі сая баққа, көше бойлап, кешкілік бірге қол ұстасып, келе берді. Таза ауа, аңқыған гүл иісі, көкшіл тартқан биік ағаштар, табиғат келбетін кең ашып, құшағына ала түсті.

Таса жерге аяндап барып, Қанаш қос қолымен Жұпарды құшақтап, алып бетін жарының жүзіне апара берді. Жұпарда сұлу бетін беріп, жұмсақ ернін жігіттің аузына жылжытып сүйісе түсті. Қолын мойнына жіберіп, өзіне бейім етіп, бар денесін жарының бойына бере берді. Көп жылдар бойы сағыныш сезімі, басылмаған екі жас құшақтасып ұзақ тұрды. Әсем тартқан сұлу жүзі ашылып, қою қасы, аппақ бетімен жараса түсіп, көк көйлегі етегін беріп, бұрым шашы тамаша өрген бойы, жарының құшағына кіре берді. Қанашта қызу тартып, әсем жарының денесін өзіне жылжыта түсті. Сағыныш сезімі оралғандай, соққан қос жүрек, лаулаған от жалындай болып, жастық қызуларын, бір-біріне бере бастады.

–Жұпар кешкілік сәтті күткендей болды. Үйге барған соң, құшақтарсың, біз енді қайтайық, кеш болып қалды!-деді қыз күлімдеп, бойын жігіт құшағынан ала бастады. –Ақырын аяңмен, жылжи басып, саяжайдан шыға берді. Қанаш жарын құшақтаған бойы қасынан шығармай, арман еткен күндерін, есіне түсіріп, Жұпарға жеткізумен болды. Менде естігенде есімнен айрылып, қатты қорықтым «мәңгілік» сенен қол үзіп қалам ба?-деп ойлаумен жылап жатып қалдым.

–Бірақ, құдайға мыңда бір шүкір, бағымыз бар екен, қосылып бақытты болуға, алғашқы кездесуіміз, осыдан басталады!-деді қыз. Қанаш тоқтатып тағыда аузынан сүйе түсіп, алып ұшқан қызуын қыз қойнына беруге асықты. Күнде ұясына бата бастады. Ал-қызыл сәуле шашып, күнде жоқ болды. Ашық аспан, көгілдір күмбезін беріп, самал желдің жылы ауасы бойыңды жылытып, қуат бергендей, әсерлеп қояды. Мойнына байланған қызыл орамалы, Жұпардың келбетін әдемілеп, жігітке сүйкімді ғып, ажарын толық ашқандай, әсер қалдырып, Қанаш сұлу жүзіне қараумен көзі тоймай шын «ғашықтығын» сезбей қалды. Жұпарда жігіттің мойнына оралған қолын алмады, жұмсақ ернін қайта-қайта ұсынып, сүйісумен, балқыған дене қызуы күшейе берді. Үй маңына келіп жетті. Қанаш бағыттап, қыздың қолынан ұстап, есікті ашып, ішке кірді. Жалма - жан қызды, көтеріп алып, жұмсақ

төсек үстіне апарып салды, өзіде қасына жатып құшақтап, сүйе бастады. Лаулаған дене оты, жігітті шыдатпады. Қыздың асыл денесін өзіне тартып, жылжыта берді. Қызда шыдамады, бойын түгелдей, жігіттің денесіне беттестіріп, сүйіскен қалпын сақтап, қызуын жасырмады. Қанаштың бойынан шыққан дене қызуы алып ұшып, қыз қойнына жылжи берді. Аппақ тартқан, қос алманың арасынан, өте бергенде балқыған екі жастың, ләзат сезімі күшейе түсті, денелерімен құшақтасқан бойы «алма бағында», алтын сарайда жүргендей болды. Жұпар өзінің сүйгеніне «қыз аманатын» тапсырып, «мәңгілік» жарынан құшағын алмай ұзақ жатты. Сағыныш сезімі, осылай жалғасты...

Ж.Махметов Дала комисары роман

Формат А5

«Ұлт ССО» АҚ полиграфиясында басылды

Қазақстан Республикасы

Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, 28/1

Тел: 8(7172)32 40 50

